Bereke Bank

«Bereke Bank» АҚ

# 2023 ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

# Мазмұны


**01 БАСШЫЛЫҚ ЖОЛДАУЫ**
- Басқарма Төрағасының жолдауы

**02 «Bereke Bank» АҚ-ға ҚЫСҚАША ШОЛУ**
- Банк туралы
- «BerekeBank» АҚ тарихы
- 2023 жылдың негізгі оқиғалары

**03 НАРЫҚТЫ ТАЛДАУ**
- ҚР макроэкономикасы
- ҚР банктік секторы

**04 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ**
- Қаржы-экономикалық көрсеткіштер
- Корпоративтік бизнес
- Бөлшек бизнес
- IT-трансформация
- Data/AI
- Филиалдық желі
- Маркетингтік белсенділік

**05 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ**
- Риск-менеджмент
- Кредиттік тәуекелдер
- Нарықтық тәуекелдер
- Өтімділік тәуекелі

**06 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ
- Корпоративтік басқару жүйесі
- Корпоративтік басқарудың ұйымдық құрылымы
- Акционер
- Директорлар кеңесі
- Директорлар кеңесінің құрамы
- Директорлар кеңесінің комитеттері
- Басқарма құрамы
- Қызметкерлерді басқару

**07 ӘЛЕУМЕТТІК ЕСЕП**
- Әлеуметтік есеп

**08 АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**
- Қаржылық нәтижелер 2023 жыл бойынша

**09 ҚОСЫМША АҚПАРАТ**
- «Bereke Bank» АҚ деректемелері
- Глоссарий
- Негізгі бизнес-байланыс деректері

# 01

# БАСШЫЛЫҚ ЖОЛДАУЫ

2023 жыл бойынша жылдық есеп



**Андрей Тимченко**
«Bereke Bank» АҚ
Басқарма Төрағасы

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

**Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!**

**2023 жыл Bereke және еліміздің барлық қаржы нарығының тарихындағы елеулі кезең болды. Банк санкциялардан шығып, операциялық қызметін толық қалпына келтіріп, клиенттік базасын ұлғайтты. 2022 жылғы шығындардан кейін мақсатты көрсеткішті орындап, 29 млрд теңге түсім алды.**

Бүгінгі таңда Bereke Bank капиталдандыру деңгейін 10,3% деңгейінде қамтамасыз етіп және өтімді активтер үлесін 34%-ға дейін ұстай отырып, барлық реттеуші талаптарға сай екенін көрсетуде.

2022 жылғы дағдарыстан кейін біздің командамыз 300 000 артық клиенттерді тартты, олардың 125 000 - бұрын банк қызметтерін пайдаланған болса, 196 000 - жаңа клиенттер. Клиенттерді тарту бізге 2023 жылдағы жеке тұлғалардың депозиттерінің көлемін 438 млрд теңгеге дейін екі есе ұлғайтуға мүмкіндік берді. Осылайша, Банк банк секторында өсім бойынша көшбасшылар қатарына еніп, бөлшек салымдардың жылдық өсімі бойынша екінші орынды иеленді.

2023 жылғы қыркүйекте Bereke Bank елеулі нәтижелер көрсетіп, автокредит беруден көшбасшы атанды. 193 772 млн теңге мөлшерінде рекордтық көлемде автокредит берілді. Бұл өткен жылдың сол кезеңімен салыстырғанда 301%-ға артық. Бұдан бөлек, Банк шұғыл қажеттіліктерге берілетін кредит көлемін арттырып, 75 195 млн теңге көрсеткішке қол жеткізді, бұл 210% өсімді құрайды. Қазіргі уақытта Bereke Bank жеке тұлғалардың қажеттілігі мен банк мүдделерін қамтамасыз ететін қызметтер мен сервистердің кең спектрін ұсынады.

Bereke Bank клиенттерімізге қызметтерді қашықтан алу мүмкіндігін бере отырып, қызметтердің қолайлығы мен сенімділігін арттыруға басты назар аударып, белсенді түрде қызмет көрсету сапасын жақсарту жұмыстарын жүргізуде.

2023 жылы біздің өнімдер бойынша командаларымыздың бірі банктің ішкі процестерін жақсартуға, барлық қызмет көрсету арналарында жұмыс тиімділігін арттыруға, жаңа клиенттік сервистерді ендіруге бағытталған болатын. Нәтижесінде клиенттік операцияларды автоматтандыру деңгейі жылдың соңында 74%-дан 90%-ға елеулі түрде артты.

Біздің клиенттеріміз бен серіктестерімізсіз Bereke Bank-тің дамуы мүмкін болмас еді. Артқан сенімдеріңіз бен бейілділіктеріңіз үшін сіздерге алғыс айтамыз.

Біз әрқашан клиенттерімізге ерекше қарым-қатынас танытып, қолайлы және тиімді шешімдер ұсынуға тырысамыз.
Біз сенетін құндылықтарды көрсету және Банк имиджінің заманауи цифрлық ортаға сай екендігін көрсету мақсатында біз бренд рестайлингін жүзеге асырдық. Бұл Банк дамуындағы жаңа межені білдіреді.

Bereke Bank тұрақтылығын нығайтуды жалғастыруда. 2024 жылы басты назар операциялық тиімділікті арттыруға және кәсіпкерлер мен жеке тұлғаларға арналған жаңа сервистерді дамытуға аударылатын болады.

**Құрметпен,**
**Андрей Тимченко**

# 02

## ҚЫСҚАША ШОЛУ

2023 жыл бойынша жылдық есеп

# BEREKE BANK БҮГІН

**Bereke Bank - өнімдер мен қызметтердің кең спектрі бар әмбебап Банк. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ұлттық холдингі тобына кіреді**

## 2023 ЖЫЛДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

**«BB»** Fitch Ratings

нарықтағы ең жоғары рейтингтердің бірі

**ТОП-10**

01.01.2024 ж. жағдай бойынша активтер, кредиттер және салымдар бойынша ҚР ТОП-10 ЕДБ қатарына кіреді

**2-орын**

жыл ішінде ЖТ салымдарының арту қарқыны бойынша (+109%)

**31 жыл**

Қазақстанның қаржы нарығында табысты жұмыс

ТОП-10 ЕДБ арасында «Bereke Bank» АҚ

**6-орын**

кредиттер көлемі бойынша

**9-орын**

активтер көлемі бойынша



# БАНКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

01.01.2024 ж. жағдай бойынша

**Табыс**
**29,0**
млрд теңге

**Салымдар**
**1,0**
трлн теңге

**Кредиттер**
**1,2**
трлн теңге

**Активтер**
**2,1**
трлн теңге

**Қызметкерлер**
**4,1**
мың адам

**Қазақстан бойынша ауқымды филиалдық желі**
**111**
сату орындары, оның ішінде 18 филиал

**Ішкі NPL90+**
**5,3%**
трлн теңге

**Бізге сенеді**
**0,9**
млн белсенді клиенттер: ЗТ және ЖТ

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Банк операцияларын және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге берген 20.09.2022 ж. 1.2.199/93/31 лицензиясы.

# 2023 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

Наурыз

- **SDN** тізімінен алынып тасталды

Наурыз

- Валюталық және **KASE** қор нарығына қайта шықты

Сәуір

- Жергілікті банктерде корр. шоттар қалпына келтірілді

Маусым

- **«BB» деңгейінде Fitch рейтингі берілді**
- **Bloomberg-пен жұмыс қалпына келтірілді**

Шілде

- **Citibank-пен** корр.шоттар қалпына келтірілді
- B-Bank қосымшасында **USD және Euro-да SWIFT** аударымдар қалпына келтірілді

Тамыз

- **Master Card-пен** жұмыс қалпына келтірілді

Қазан

- **Visa-мен** жұмыс қалпына келтірілді

Қараша

- **Бренд стилистикасын өзгерту,** рестайлинг және жаңа таныстыру бағдарламасы

Бастапқыда Стратегия мақсаты 2022 ж. қазанда SDN тізімінен шығу болған, бұл процесс бірегей болғандықтан және көптеген сыртқы факторларды қамтуына байланысты 2023 жылғы 8 наурызда шықты.

Халықаралық рейтингсіз және Visa мен Mastercard төлем жүйелерінсіз Банк ұзақ уақыт бойы клиенттерді және салымдарды тарту жағынан шектеулі болды, алайда, бұл ретте де Банк 2023 жылдың екінші жартыжылдығы бойынша ЖТ депозиттерінің өсімі бойынша нарықта 2-орын алып, үздік үштікке кірді.

Маусым айының басында Fitch Ratings халықаралық агенттігі «Bereke Bank» АҚ-ға «BB» деңгейінде тұрақты болжаммен ұзақ мерзімді рейтинг берді, бұл - Қазақстан банктік нарығындағы ең жоғарғы рейтингтердің бірі. Маусым айының соңында Банк АҚШ долларындағы валюталық операцияларды қайта іске қосты.

Банк қосымша санкциялармен байланысты нормативтерді сақтау саласындағы тәуекелдерді жеңіп, негізгі бизнес-жобаларын қалпына келтірді. 2023 жылдың соңында Банк барлық клиенттерге кең қызмет көрсету аясын ұсына отырып, мобильді қосымша арқылы толық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етті.

Бір жыл ішінде жаңа функциялар, соның ішінде жақсартылған сыртқы экономикалық қызмет мүмкіндіктері, онлайн-режимдегі кеңейтілген депозиттер таңдауы және жақсартылған бөлшек кредиттерді алу процесі енгізілді.

# 2023 ЖЫЛҒЫ БИЗНЕС-ҮЛГІ

**Санкциялардан шыққаннан кейін Банк 2023-2024 ж. Бизнес-үлгіні тұрақтандыруды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізді.**

Келесі негізгі мақсаттар айқындалды:

1. Процестерді цифрландыру және IT-трансформацияға инвестициялау арқылы технологиялық және өнімдік қалуды қысқарту
2. Тартылған бөлшек депозиттерге басымдық беру арқылы Банктің қор базасын тұрақтандыру
3. Операциялық шығындарды жабу үшін маржиналдылығы жоғары өнімдермен және сегменттермен жұмысты күшейту
4. Комплаенс, қайталама санкциялармен байланысты тәуекелдерді жабу және банктің негізгі бизнес шешімдерін қалпына келтіру

## Нәтижелері:

| | 01.01.2023 | 01.01.2024 | 2023/2024 ж. өзг.,% |
|---|---|---|---|
| Клиенттер жасаған операциялар үлесі, автоматты түрде | **74%** | **90%** | 16% ↑ |
| ЖТ салымдары | **210** млрд тг. | **438** млрд тг. | 109% ↑ |
| NPL90+ (мерзімі 90 күн кешіктірілген берешек үлесі) | **8,1%** | **5,3%** | 2,8% ↓ |

# 2023 ЖЫЛҒЫ БИЗНЕС-ҮЛГІ

## Ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қайталама санкциялармен байланысты тәуекелдерді жабу және Банктің негізгі бизнес-шешімдерін қалпына келтіру қамтамасыз етілді:

1. Бұрынғысын қолдану мүмкін болмағандықтан жеке тұлғалардың аударымдары бойынша баламалы шешім ойлап табу
2. Жеке тұлғаларға арналған Мобильді қосымшаны толығымен қайта жасау
3. Байланыс орталығына арналған шешімдерді ойлап табу және іске қосу
4. ХТЖ-ға жаңадан қосылуға байланысты барлық комплаенс рәсімдерден, PCI DSS аудитінен өту және ХТЖ-мен жаңа интеграциялық арна құру
5. Банктермен корреспонденттік қатынастарды қалпына келтіре отырып, SWIFT жүйесіне қосылу және жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға арналған мобильді қосымшаларда жаңартылған аударымдар функционалын іске асыру
6. Approvale rate пен кредиттік өнімдердің табыстылығын арттыру үшін соңғы скорингтік үлгілерді құру
7. Реттеушінің және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын орындау үшін Банкке жаңа ЭЦҚ куәландыру орталығына көшу қажет болды.
8. Біртұтас жүйеден Open Source пен микро-сервистік құрылымға өту, сондай-ақ бизнес-жүйелерді жаңғырту

## Нәтижелері:

- 2023 жылғы қазанда біз клиенттерге сервистердің барлық түрлері бойынша мобильді қосымша арқылы толық қызмет көрсетілуін қамтамасыз еттік.
- Жақсартылған ІЭҚ, депозиттер бойынша онлайн салымдар, онлайн кредиттер іске қосылды.

| | |
|---|---|
| Бұзылысқа төзімді шешімдерді енгізу есебінен **ЖҮЙЕЛЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ** | 99,95% |
| Бірыңғай қосымшаны құру арқылышағын сервистер жиынтығы түрінде **МИКРОСЕРВИСТІК АРХИТЕКТУРА ҮЛЕСІН АРТТЫРУ** | 27%-ға дейін |

# ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР: 2023 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**Активтер,**
млрд теңге




**Жеке тұлғалардың қаражаты,**
млрд теңге




**Капитал,**
млрд теңге




**Таза табыс,**
млрд теңге




Банк қызметі тек 2023 жылдың 4-тоқсанының басында ғана толық қалпына келтірілгеніне қарамастан Банк жылдың соңына қарай өте жақсы нәтижелерге қол жеткізді.
2023 жыл бойынша Банк активтері 22%-ға артты.
Банктің 2023 жылғы кредиттік қоржыны 3%-ға артты, бұл ретте оның құрылымы өзгерді - бөлшек кредиттер үлесі 12-ге артып, 71% құрады, бұл Банкке қоржынның табыстылығын арттыруға мүмкіндік берді.
2023 ж. жеке тұлғалардың қаражаты екі еседен артық ұлғайды,
ал Ұлттық Банктің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, Bereke Bank нарықта жеке тұлғалардың салымдарының салыстырмалы артуы бойынша екінші орынды, ал іс жүзінде артуы бойынша бесінші орынды иеленді.
Банктің меншік капиталы 29 млрд теңге мөлшеріндегі алынған таза табыс есебінен 22%-ға артты, 2022 жыл қорытындысы бойынша шығын 124,5 млрд теңгені құрады.
93 млрд теңге құраған және өткен жылмен салыстырғанда 2 есе артқан таза пайыздық кіріс негізгі табыс көзі болып табылады.

| **Капитал** | **Норматив** | **2022** | **2023** |
|---|---|---|---|
| Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k1-1 | 5,5% | 9,4% | 10,3% |
| Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k1-2 | 6,5% | 9,4% | 10,3% |
| Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k2 | 8,0% | 9,4% | 10,3% |

# 03

## НАРЫҚТЫ ТАЛДАУ

2023 жыл бойынша жылдық есеп

# ЭКОНОМИКАНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ТРЕНДТЕРІ

## Жаһандық инфляцияның әлсіреуі, ҚР экономикасының қайта өсуі

- Шикізат нарығындағы қолайлы баға конъектурасы, газ конденсатын қоса алғанда (+6,8% ж.ж.) мұнай өндірісі көлемінің артуы, инвестициялық белсенділіктің артуы (+13,7 ж.ж.) нәтижесінде 10 жылда алғаш рет Қазақстан экономикасы өсімінің қарқыны 5% межеден артты.
- Құрылыс (+13,3% ж.ж.), сауда (+11,3% ж.ж.), ақпарат және байланыс салалары (+7,1% ж.ж), көлік және қойма (+6,9% ж.ж.) салалары өсім бойынша көшбасшы атанды. Астық аз жиналуына байланысты ауыл шаруашылығы кері қарқын көрсеткен жалғыз сала (-7,7% ж.ж.) болды.
- ІЖӨ артуына және теңгенің нығаюының арқасында (455 USD/KZT дейін -2%) оның жан басына шаққандағы мөлшері де 13,2 мың АҚШ долл дейін артып, 2013 ж. 13,9 мың долл. ең жоғарғы мәніне жетті.
- 2023 ж. қорытындысы бойынша инфляция жағымды сыртқы факторлар мен ҚР ҰБ қатал ақша-кредиттік саясатын сақтаудан білінген мемлекеттің ішкі саясатының арқасында инфляция бірмәнді болды.

### ІЖӨ, инфляция және ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің қарқыны




## Сауда үлгісінің Қытай жағына қарай өзгеруі

- Барлық негізгі елдер бойынша сауданың артуы нәтижесінде импорт тауарларының көлемі 2023 ж. 61,2 млрд АҚШ долларын құрап, екінші жыл 20%-дан артық өсім көрсетіп, тұрақты дамуды жалғастыруда. Бұл ретте қайта санкция салынуы қаупіне байланысты Ресейден Қазақстанға жеткізу елеулі түрде қысқаруда.
- Импорттың артуы көбінде жеңіл автокөліктерді (+67,8% ж.ж.), автокөліктердің шанақтарын (51,3% ж.ж.), аяқ киім (Х 7 ж.ж.), автокөлік пен трактор бөлшектері мен жабдықтарын (+47,1% ж.ж.), ауыл шаруашылық дақылдарын жинау және бастыру машиналары мен механизмдері (Х2,5 ж.ж.), жемпір, кардиган, тоқыма күртешелер (Х2,4 ж.ж.), әйелдерге арналған тоқыма киімдерді (Х2 ж.ж.) әкелумен байланысты.
- Қытайдың Қазақстанмен тауар айналымының көлемі бойынша Еуропа елдерінен кейін екінші орынға ауысуы 2023 ж. сыртқы саудадағы елеулі өзгеріс болды. Осылайша, Қытай үлесі 17,9%-дан 22,5%-ға артты, ал Ресей үлесі, керісінше, 19,9%-дан 18,6%-ға азайды.

### Импорт көлемі бойынша ТОП-5 ел қарқыны, млрд долл.



# ЭКОНОМИКАНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ТРЕНДТЕРІ

## Халықтың сараланбаған тұтынушылық себеті экономика өсімін тежейді

- ҚР қала тұрғындары шығындарының басым бөлігін қызметтер мен тауарлар емес, азық-түлік құрауда (2023 ж.  45% немесе 543 744 мың.теңге). Осылайша, қазақстандықтардың әлсіз әртараптандырылған тұтыну қоржыны қызметтер секторының, ШМБ және, сәйкесінше, экономиканың сапалы түрде дамуын шектейді.
- 2023 ж. коммуналдық қызметтерге, тұрғын үйді ұстауға және жөндеу жұмыстарына (+16% ж.ж.), автокөлік құралдарына және жеке көлік құралдарына арналған жанар-жағармай материалдарына (+22% ж.ж..), ет пен ет өнімдеріне (+22% ж.ж.), сүт өнімдеріне (+21% ж.ж.) және нан өнімдеріне  (+16% ж.ж.) шығындар артты.



**Бір адамға азық-түлік тауарларына ТОП-5 шығын қарқыны,мың тг.**




**Бір адамға азық-түлікке жатпайтын тауарларға және қаладағы ақылы қызметтерге ТОП-5 шығындар қарқыны, мың тг.**



# БАНК СЕКТОРЫ

## ЗТ және ЖТ кредиттері




## ЗТ және ЖТ салымдары




2023 жылы банк секторының негізгі көрсеткіштері тұрақты түрде артып отырды, оған несие қоржынының тұрақты сапасы, жоғары өтімділік, кейіннен капиталдандыру мен табыстылықтың жақсаруы себеп болды. Банк секторының активтері кредиттік қоржын көлемінің артуы нәтижесінде 15,4%-ға (немесе +6,9 трлн теңгеге) артты.

ЕДБ жиынтық кредиттік қоржыны (банкаралық қарыздар мен кері РЕПОны қоса алғанда) 2021 жылы 5,6 трлн теңгеге (24,3 трлн теңгеден 29,9 трлн теңгеге дейін) ұлғайды. Өткен жылы кредиттеу қарқыны артып, алдыңғы жылғы 20%-бен салыстырғанда 23% құрады. Сәйкесінше, несие қоржынының активтердегі үлесі 54,4%-дан 58,0%-ға артты.
Заңды тұлғаларға берілген қарыздар көлемі бір жыл ішінде 11,9%-ға артып (немесе +1,0 трлн теңге), 9,7 трлн теңгені құрады.

ШОБ субъектілеріне берілген кредиттер 19,4%-ға артып, 7,8 трлн теңгені құрады, бұл ретте ірі бизнеске берілген қарыздар 5,0%-ға артып, 5,3 трлн теңгені құрады.
Жеке тұлғаларға берілген кредиттер 28,9%-ға артып (+4,1 трлн теңге), 18,2 трлн теңгені құрады.
Бөліп төлеу мен ірі банктердің жиі өткізіліп тұратын акцияларының арқасында 2023 жылы тұтынушылық қарыздар беру артты (+34,2%), ипотекалық қарыздар саны зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін пайдалану көлемінің азаюына байланысты азайды (14,2%, 2022 жылы 41,8%).
Жоғарылатылған базалық мөлшерлеменің қалыпты төмендеуі аясында бизнеске арналған қарыздар құны 19,2%-дан (2022 жылғы желтоқсан) 18,7%-ға (2023 жылғы желтоқсан) төмендеді, бірақ халыққа арналған мөлшерлеме 17,4%-дан (2022 жылғы желтоқсан) 17,9%-ға дейін (2023 жылғы желтоқсан) артты.

ҚДКҚ депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің сақталуы депозиттік базаның артуының негізгі себепшісі болды. Салымдар +11,1%-ға артып (+3,5 трлн теңге), 35,1 трлн теңгені құрады.
Корпоративтік салымдар тек 0,1%-ға (немесе +8,2 млрд теңге), ал бөлшек сегмент салымдары 20,6%-ға (немесе +3,5 трлн теңге) артты. Өткен жылы ұлттық валютадағы салымдар қарқыны 24,7%-ға артып, 22,8 трлн.теңгеге жетті, ал шетел валютасында 19,5%-ға кеміп, 7,4 трлн теңгені құрады.
Корпоративтік салымдар бойынша орта өлшемделген мөлшерлеме 14,4%-дан (2022 жылғы желтоқсан) 14,6%-ға (2023 жылғы желтоқсан), бөлшек сегмент алымдары бойынша, сәйкесінше, 13,3%-дан 13,7%-ға артты.

# БАНК СЕКТОРЫ

**Bereke Bank 2023 жылы активтерді, несиелік қоржынды ұлғайту және депозиттерді тарту бойынша тиімді жұмыс нәтижесінде көлемді көрсеткіштердің өсу қарқыны бойынша нарықтан озып келеді.** Bereke Bank кредиттік қоржынының өсу қарқыны сектордың өсу қарқынынан артуда (22,5%, 15,4%).

Несие қоржыны (клиенттерге қарыздарды, банктерге қарыздарды және “Кері Репо” операцияларын қоса алғанда) 164,5 млрд теңгеге артты, мұндағы негізгі драйверлер:

- Allur Auto, Orbis Auto-мен интеграцияның арқасында автокредиттердің 131 млрд теңгегенемесе 101,5%-ға артуы
- кепілдік тұтынушылық кредиттердің 75,8 млрд теңгеге немесе +206%-ға артуы



**Кепілсіз тұтынушылық кредиттер**




**Кепілдік тұтынушылық кредиттер**




**Автокредиттер**




**Айналым қаражатын толтыру**




**Басқа КБ кредиттері**



# 04

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

2023 жыл бойынша жылдық есеп

# БӨЛШЕК БИЗНЕС: 2023 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

## Үздік клиенттік тәжірибе

**STP – толық автоматтандырылған процестер үлесі 83,9%-дан 90%-ға артты**

- Онбординг процесін жаңарту - уақыттың 4 минуттан 2 мин. 30 секундқа қысқаруы, тіркеу конверсиясының 40%-дан 68%-ға дейін жақсаруы
- Валюталық салымдардың толық функционалдығы қалпына келтірілді және клиенттеріміздің қаражатын тиімді сақтауға және көбейтуге мүмкіндік беретін жаңа өнімдер іске қосылд
- Өнімдер сатылымының e2e үлесі 45%-дан 63%-ға артты, **салымдар бойынша қарқын +18 п.п**
- Күн сайынғы капиталдандырылатын және пайыздары күн сайын төленетін жаңа **«Күн Сайын»** депозиті қолданысқа енгізілді



## Клиенттерді тарту

**Белсенді жеке тұлғалар ағымы:**
**+321 мың клиент,** оның ішінде
жаңа клиенттер: **+196 мың** және бұрынғы
клиенттердің қайта қосылуы: **+125 мың**

| | |
|---|---|
| **Жыл ішінде тартылған ЖТ қаражаты портфелінің өсімі** | **+220 млрд ₸** |
| ЖТ клиенттері қаражатының орташа чегі | **+126,1%** |
| Клиенттің бір ай ішіндегі операциялық кірісі жыл ішінде | **+18,3%** |

# БӨЛШЕК БИЗНЕС: 2023 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

## Бөлшек кредиттеу

| | |
|---|---|
| Бір жыл ішіндегі **ЖТ кредиттік қоржынының өсімі** | **+190 млрд ₸** |
| Өнімдер сатылымының e2e үлесі 45%-дан 63%-ға артты, кредиттер бойынша қарқын +18 п.п. | **+18%** |
| 2023 жылы  кредит беру 2022 жылмен салыстырғанда | **+83,4%** |
| Шұғыл қажеттіліктерге берілетін кредиттер көлемінің артуы | **+75,2 млрд ₸ (+210%)** |



## Автокредит беру

- Bereke Bank **рекордтық көлемде** автокредит беріп, көшбасшы атанды: **193 772 млн теңге (+301% ж/ж).**
- Серіктестер AllurAuto, OrbisAuto БЖ-мен интеграция (авто сатылымы 22,2 млрд құрады)
- Серіктестік желіні кеңейту (300 серіктестен артық, 2022 жылмен салыстырғанда x2 )



# БӨЛШЕК БИЗНЕС: 2023 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

## Мемлекеттік бағдарлама

**281 млн.₸**

Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасы аясында (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 24.04.2015 ж. №69 қаулысымен бекітілген) **халықтың әлеуметтік осал тобына жататын қарыз алушыларға көмек көрсету**

Банк 2023 жылы 1-Бөлім бойынша (пайыздық мөлшерлемені 3%-ға төмендету) 28 қарыз алушының кредиттерін

**331,9 млн.₸**

сомаға қайта қаржыландыруды және 2-1-Бөлім бойынша **(кредит бойынша берешекті толық кешіру)** сомаға 17 қарыз алушының қарыздары кешірілді.



## Сенімгерлік кредиттер

- **B-Bank және WEB** арналарында онлайн өтініш берген жағдайда басқа ЕДБ карталары бойынша үзінді көшірмелерді пайдалану мүмкіндігі іске асырылды







- **B-Bonus карталары бойынша** кэшбэк-бағдарлама жаңартылды

# ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ ЖӘНЕ САПАСЫ

**Bereke Bank-тің басты мақсаты - клиентке бағдарланған қызмет көрсету және Банктің барлық қызмет орындарында қызмет көрсету процестерін ұдайы жақсарту арқылы клиенттердің жоғары қанағаттану деңгейін қамтамасыз ету. Біз клиенттерімізге құлақ асып, олардың қажеттіліктерін түсінеміз және оларға бөлек шешім ұсынып, сұрақтарына толық жауап беруге тырысамыз.**

Бүгінгі таңда байланыс орталығы әртүрлі арналарда жеке тұлғаларға 24/7 қызмет көрсетеді:

- Кіріс қоңырауларына жауап беру
- Әлеуметтік желілерде клиенттердің өтініштерін өңдеу
- Клиенттердің қажеттіліктеріне сәйкес Банк өнімдері мен қызметтерін ұсыну үшін шығыс қоңырауларын жүзеге асыру (телемаркетинг)

Байланыс орталығына хабарласқан кезде клиенттерге бот “Сабина” жауап береді. Ол мәселелерді автоматты түрде жылдам және тиімді шешуге мүмкіндік береді.
ЖИ негізіндегі робот “Сабина” банктің өнімдер желісі бойынша кеңес бере алады, кеңселер мен банкоматтардың мекенжайлары,
кредит бойынша төлем сомасы мен күні туралы ақпарат бере алады, картаны бірден бұғаттай алады.

Біздің міндетіміз - Банк қызметін алған кезде клиенттің минималды күш салуын қамтамасыз ету, сондықтан күрделі мәселелерді шешуге кететін уақытты қысқарту бойынша жұмыстарды жалғастырудамыз. Процестерді үнемі жетілдіру және байланысты бөлімшелермен өзара іс-қимылды жақсарту нәтижесінде жазбаша өтініштер мен кінәрат-талаптарды қарау уақыты қысқарды.

## Нәтижелері:

**2023 жылы өтініштер сапасын мониторингілеу және бақылауды оңтайландыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді:**

- 2023 жыл қорытындысы бойынша клиенттердің қанағаттану көрсеткіші (CSI) 4,85 (97%) құрады.
  Байланыс орталығына 2023 жылы 831 713 өтініш келіп түсті.
- «Сабина» боты 431 867 өтінішті (52%) өңдеді.
- 2023 жылы тек 2,6% өтініш күрделі болып, қосымша уақыт пен талдау жүргізіп, мәселені шешуді қажет етті



- Клиенттермен байланысудың түрлі арналарында жеке хаттардан әлеуметтік желілердегі хабарламаларға дейін 43 554 өтініш өңделді.
- 2023 жылдың соңында өтініштер мен кінәрат-талаптарды өңдеудің орташа уақыты 5 жұмыс күнін құрады.

# КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС: 2023 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

## Үздік клиенттік тәжірибе

**STP – толық автоматтандырылған процестер үлесі 47%-дан 85%-ға артты**

| | |
|---|---|
| 2023 жыл қорытындысы бойынша +14 310 жаңа клиент тартылды, оның 98%- ШМБ клиенті 2% - ІОБ клиенті | **+ 14 310** клиент |
| Жыл ішінде тартылған ЗТ қаражатының қоржыны: | **15%** |
| Орташа чек артты | **33%** |

## B-Business

- **Клиенттерге валюталық аударым күйін Online бақылауға мүмкіндік беретін SWIFT GPI** трекері енгізілді
- B-Business қосымшасында **5 жаңа сервис пен 14 жаңа хабарлама түрі енгізілді**
- Клиенттермен байланысу қолайлы болуы үшін B-Business-те онлайн чат енгізілді
- Төлемдерді 24/7 **төлеу функционалы енгізілді**
- Қосымшаның жаңа дизайнын әзірлеу және шотты онлайн ашудың жеңіл жолын ойлап табу



# **КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС: 2023 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

## СЭҚ

- 2023 жыл қорытындысы бойынша жаңа сыртқы экономикалық қызмет келісімшарттарының саны **+8 399 құрады, оның ішінде ШМБ сегменті бойынша 51% және ІОБ сегменті бойынша 49%**
- Банк СЭҚ бағыты бойынша кәсіпкерлерге қызмет көрсету бойынша бұрыннан көшбасшы болып келеді, клиенттерге қызмет көрсету қолайлы болуы үшін Call-center-де СЭҚ мәселелері бойынша 7744 желісі ашылды.



## Корреспонденттік шоттарды қалпына келтіру және Visa және MasterCard халықаралық төлем жүйелерімен жұмысты қайта бастау

**Bereke Bank үшін 2023 жылдың басты оқиғасы – корр.шоттарды қалпына келтіру:**

| | | |
|---|---|---|
| Citibank NY USD-мен | Citibank Лондон EUR, GBP, CHF | Венадағы RBI және Цюрихтағы Credit Suisse-пен EUR-да |
| 2023 ж. маусым | 2023 ж. шілде | 2023 ж. тамыз |

- Қосу және өшіру мүмкіндігімен тарифтерді басқару
- Бизнес-карта бойынша пин-код орнату
- 2 жаңа салық түрінің төлемін енгізу:
  - Бірыңғай төлем
  - Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасы
- **"Overnight"** жаңа депозитін іске қосу



# КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС: 2023 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

## Корпоративтік кредиттеу

| | |
|---|---|
| Bereke Bank 2023 жылы Қазақстан Республикасының ірі қаржы институттарының бірі болып қалды. 2023 жылдың соңында заңды тұлғалардың кредиттік қоржынының көлемі | 435 млрд ₸ |
| Металлургия, көлік және логистика және басқа салаларда 11 (с.і. 9 жаңа) инвестициялық жоба қаржыландырылды | 22 млрд ₸ |
| 2023 жылы жалпы құны 8 жоба қолданысқа берілді | 1.7 млрд ₸ |



**Қазақстан экономикасы үшін маңызды келесі секторлар қаржыландырылды:**

| | |
|---|---|
| Өңдеуші өнеркәсіп | 120 млрд ₸ |
| Сауда | 52 млрд ₸ |
| Көлік | 17 млрд ₸ |
| Құрылыс | 12 млрд ₸ |
| Білім беру | 6 млрд ₸ |
| Жылжымайтын мүлік | 5 млрд ₸ |
| Денсаулық сақтау | 4 млрд ₸ |

# КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС: МЕМЛ. БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ҚАТЫСУ

### Банктің мемлекеттік шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына қатысуы

2023 жылғы наурызда санкциялар алынғаннан кейін және Fitch 2023 маусымда рейтинг бергеннен кейін Банк мемл. бағдарламаларға қатысу бойынша жұмыстарды бастады, «Даму» КДҚ» АҚ-мен Өңдеуші өнеркәсіп саласында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бағдарламасы бойынша **жалпы сомасы 14 млрд теңгеге** кредиттік келісім жасалды.

2023 жыл ішінде қызметін қалпына келтіру аясында Банк түрлі қаржы институттары ("Даму" КДҚ" АҚ, ҚР АШМ, "ҚТК" АҚ және т.б.) операторы болып табылатын келісімдер мен шарттар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау түріндегі көптеген мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысуды жалғастыруда. Банк әмбебап, тұрақты және тиімді, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларды игеруде көшбасшы болып қалуда.

### 01.01.2024 ж. жағдай бойынша Банк келесі мемлекеттік бизнесті қолдау бағдарламаларына қатысты:

1. "Бизнестің жол картасы 2020", "Бизнестің жол картасы 2025", «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба», "Басым жобаларды кредиттеу механизмі" субсидиялау бағдарламалары аясында (құралдар: субсидиялау және кепілдендіру):  1 185,4 млрд теңге сомаға 13 227 жоба субсидияланды, 87,4 млрд теңге сомаға 2 259 жоба кепілдендірілді.
"Нұрлы Жер" тұрғын үй құрылысы мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасы: 3,4 млрд теңге сомаға 63 жоба.
Маңғыстау облысында "Nur Kapital" ШОКС аймақтағы қолдау сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасы: 2 млрд теңге сомаға 9 жоба.
Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасы (субсидиялау): 52,5 млрд теңге сомаға 51 жоба.
Өңдеу өнеркәсібі саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бағдарламасы (III-транш) аясында 0,8 млрд теңгеге 6 жоба қаржыландырылды.



**Құжаттамалық операциялар:**

- «KazakhExport» ЭСК» АҚ-мен KazakhExport қаражаты есебінен жеңілдікті мөлшерлememен экспорт алды қаржыландыру туралы келісімге қол қойылды
- "Депозит кепілімен берілетін кредит" өнімі - сомасы 100 млн теңгеге дейін ұлғайтылды.
- Тендерлік Бланктік Кепілдіктерді шығару процесі автоматтандырылды




**Банктің мемлекеттік қаржыландыру бағдарламалары шегінде шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеуінің жалпы көлемі, млрд теңге**

# IT-ТРАНСФОРМАЦИЯ

## 01 Үздік клиенттік тәжірибе

- Коммутациялық торап, ҮҚК және ДӨО кондициялау жүйесі жаңғыртылды. ДӨО болжалды қолжетімділігі 99,982%-ға артты.
- ЖТ және ЗТ арналған мобильді қосымшаларға арналған бизнес процестерді мониторингілеу жүйесі енгізілді.
- CRM аясында келесілер әзірленді: ББ Телемаркетингінің АРМ , МБ арналған серіктестік кабинет, Кіріс БО АРМ, КМ және ҚКМ АРМ
- High availability cluster Way4 - толыққанды тестілік стенд жасалып, бір тестілік ДБ-дан басқа тестілік ДБ-ға автоматты түрде ауысу аяқталды

## 02 Нарықта ең жылдам дамып келе жатқан бизнес

- Kubernetes негізінде микросервистік платформа құрылды, алғашқы өнімдік командаларды өзіміз дайындаған платформаға көшіру жүзеге асырылды
- Банктің брендбугіне сәйкес Web, iOS, Android-қа арналған дизайн жүйенің базалық құрамдастары іске қосылды, 12 платформалық құрамдастар жасалды, базалық микросервисті құру уақыты 8 сағаттан 10 минутқа дейін қысқарды
- Банктің барлық АТ шешімдеріне қатысты микросервистік архитектура үлесі 27% көрсеткішіне қол жеткізілді. QA, SA, Java, Go, IoS, WEB, Android әзірлеушілер, шешімдер архитекторлары бойынша құзіреттілік орталықтары, құзіреттілік матрицалары Cookbooks құрылды.
- Оқиғалар бойынша жылдам әрекет ету үшін филиалдық желі мониторингі қосылды

## 03 Нарықтағы ең тиімді бизнес

- КСШ-дан жүктеменің 50%-ға төмендеуі
- 87% модульдер ашық кодты шешімге ауыстырылды
- Өзіміз дайындаған CRM шешімге ауыстырылды

# DATA/AI

| | 2023 жылы қол жеткізілген деңгей | 2025 жылға мақсатты деңгей |
|---|---|---|
| **ПРОЦЕСТЕРДЕГІ AI/ML** тәуекелді азайту, клиенттік процестерді оңтайландыру | 16 | 30 |
| **ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ** бұзылысқа төзімді кластер есебінен деректерді жүктеу кезіндегі іркіліс оқиғаларының азаюы | 99,6 | 99,95% |
| **СИПАТТАЛҒАН КОРП. ДЕРЕКТЕР ҮЛЕСІ** Бизнеске арналған деректердің ашықтығы және қолжетімділігі | 70% | 90% |
| **ДЕРЕКТЕРДІ АЛУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ** Витриналар мен есептерді дайындау бойынша Time-2Market | 9,9 | 8,5% |
| **ДЕРЕКТЕР САПАСЫ** енгізілген сапаны тексеру саны | 100 | 500 |

## Іске асырылған жобалар

**AI-maturity индексі жақсартылды**

- GPT базасындағы клиенттердің өтініштерін автоматты түрде жіктеу бойынша меншік платформа іске асырылды
- Банктің 16 негізгі клиенттік бизнес процестерінде AI және ML технологиялар енгізілді: биометриялық сәйкестендіру, OCR тану, скорингтік үлгілер
- Үлгілерді валидациялау процесі автоматтандырылды
- Банктің барлық филиалдық желісінде операциялық тәуекелдері жоғары процестерде клиентті биометриялық сәйкестендіру іске қосылды
- Онлайн және оффлайн кредиттеу және қайта қаржыландыру процестері үшін құжаттарды OCR тану іске қолды

**Жаңа Big Data инфрақұрылымы іске қосылды:**

- Цифрлық деректер платформасы - сақтау орындарын кеңейтілетін және бұзылысқа төзімді платформаға көшіру жүзеге асырылды;
- Клиенттік оқиғаларды және киенттердің карталарының дедупликациясын қысқарту мақсатында Клиенттер бойынша деректер
- Цифрлық профильде онлайн қолжетімді;
  Tik Tok, Google, Facebook және басқа әлеуметтік желілерден және талдау платформаларынан деректерді көбейту мақсатында 12 сыртқы көздер мен клиенттік тәжірибені талдауға арналған талдау платформалары қосылды.
- Клиенттер бойынша онлайн маркетингтік компанияларға арналған нақты уақыттағы оқиғалар платформасы іске қосылды
- Сақтау орнына жүктелетін барлық деректердің 70% қамтитын 3918 термин сақтау орнының бизнес терминдерінің сипаттамасы жасалды;



**Операциялық көрсеткіштер мен ішкі сараптама жақсартылды:**

- Саны 80+ адам болатын Big Data in-house командасы құрылды
- Есептерді дайындау бойынша Time2Market 9,9 құрады

# ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІ

**Банк бөлімшелері банктік қызмет көрсетудің соңғы заманауи стандарттарына сай келеді.**

Су жаңа банктік технологиялар келіп түскен өтініштерді ең қысқа мерзімде өңдеуге, сараптауға және орындауға мүмкіндік береді, операциялық залдардың функционалды инфрақұрылымы клиенттерге қызмет көрсету үшін барынша қолайлы жағдайлар ұсынады.

## Барлығы 111 сауда орындары:

**18** филиал Қазақстан бойынша филиалдардың

**93** құрылымдық бөлімшесі, олардың ішінде:

- 46 әмбебап
- 44 базалық
- 4 First (Премиум)




**3 жаңа облыстың құрылуына байланысты**

Жезқазқан (Ұлытау облысы) NEW
Қонаев (Алматы облысы) NEW
Семей (Абай облысы)*

*Семей қ. аймақтық орталықты Филиалға айналдыру арқылы

**50 000+ халқы бар қалаларда/ауылдарда Банктің орналасу географиясын кеңейту**

Көкшетау (Степногорск қ.) NEW
Тараз (Қордай а.) NEW

# БАНК РЕБРЕНДИНГІ

**2023 жылдың соңында Bereke Bank санкциялардан кейін толық қалпына келтірілгенін және "Бәрі Bereke-лі болады!" имидждік науқанын бастағанын мәлімдеді.**
Банк логотипін, ұраны мен өзін-өзі таныстыру стратегиясын жаңартты.

Bereke Bank логотипін стилистік жаңарту санкциялардан шыққаннан кейін оның операциялық қызметін толық қалпына келтірудің аяқталғанын білдірді. Рестайлинг кезінде Банк Fitch-тен "BB" рейтингін алды, Visa, MasterCard-пен, халықаралық корреспондент-банктермен, AppStore және Google Play-мен қарым-қатынасын, меншік қосымшаларының жұмысын қалпына келтірді. Жаңа "Бәрі Bereke-лі болады!" таныстыру стратегиясы Bereke Bank атауына негізделді, ұран стратегия мәнін дәл сипаттайды.

"Береке" сөзі қазақ тілінде терең мағынаға ие, ол отбасы, үй, молшылықпен тікелей байланысты. Молшылық пен аманшылық тілегін білдіреді, тыныштық, бірлікпен байланыстырылады. Жаңа Bereke Bank нарыққа әр клиентке қамқорлық және ерекше қарым-қатынас көрсету арқылы қуаныш пен сенімділік беруге сөз береді.

Логотипті жаңарту Bereke Bank-тің заманауи цифрлы ортаға жылдам бейімделуге қабілетті бәсекелі бизнес құруға талпынысын көрсетуде. Жаңа лого технологияларды бейімділікті білдіреді. Логотип түсі Bereke Bank-тің жаңа брендінің негізі болатын эмоцияларды білдіреді.

**Көк** - сенімділік пен теңгерімді білдіреді.

**Жасыл** - қуаныш, табыстылық, жарқын өмірді білдіреді.

Брендингтің барлық элементтері Банк клиентті өмірлік мақсаттарын іске асыру үшін қажеттің барлығын жасау ниетін, бірлік пен үйлесімділікті білдіреді. Логотипті жаңарту қаржы институтының жұмысындағы келесі сапалы кезеңді білдіреді.

бұрын

Bereke Bank

қазір

Bereke Bank




# 05

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

2023 жыл бойынша жылдық есеп

# ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТІ

## Тәуекелдерді басқару

**Банк бүкіл әлемдік экономикалық өсудің бәсеңдеуі жағдайында банк қызметіне тән тәуекелдерді басқаруға ерекше мән береді.**

**Тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаттары:**

- банк тәуекелдерін анықтау, жіктеу;
- тәуекелдерді бағалау және басқарудың тиімді құралдарын анықтау және қолдану;
- жол берілетін тәуекелдер деңгейіне шек қою;
- банк жүргізетін операциялармен байланысты тәуекелдерді азайту және бақылау бойынша шараларға мониторинг жүргізу және бақылау.

Банкте Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына, банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті мен аудиторлық компаниялардың ұсыныстарына негізделген тәуекелдерді бақылау, оларға мониторинг жүргізу және басқару жүйесі қолданылады.

Тоқсан сайын Директорлар кеңесі Банктің тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдер қабылдау үшін барлық қажетті ақпаратты қамтитын тәуекелдер туралы толық есеп алады. Банк кредиттік, нарықтық, өтімділік тәуекелдерін және операциялық тәуекелді елеулі тәуекел түрі ретінде атап өтуде.

## Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекелдерді басқару қолданылатын технологиялардағы қызметті ұйымдастырудағы, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіндегі, қызметкерлердің дұрыс әрекет етпеулері және қателіктері, бизнес-үдерістерді дұрыс құрмауындағы кемшіліктердің нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың әсері нәтижесінде туындауы мүмкін шығындарға байланысты тәуекелдердің алдын алуға және/немесе төмендетуге бағытталған.

Операциялық тәуекелді басқару жүйесіне Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері, филиалдары мен қызметкерлері тартылған. Операциялық тәуекелді басқаруды олар өздерінің негізгі функцияларын орындаумен қатар жүзеге асырады.

**Банк келесі операциялық тәуекелді басқару элементтерін қолданады:**

- операциялық тәуекел оқиғалары туралы ішкі және сыртқы деректерді жинау;
- операциялық тәуекелдер бойынша өзін-өзі бағалау;
- негізгі тәуекел индикаторлары мен бақылау индикаторларына мониторинг жүргізу;
- тәуекелдерді сценарийлік талдау және картографиялау.

Банк операциялық тәуекелге үнемі мониторинг жүргізу мақсатында тәуекелдерді басқару үдерістеріне қатысатын Банк басшылығы мен алқалы органдары үшін есеп беру жүйесін пайдаланады. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша операциялық тәуекел литмитин жою белгіленген лимиттің 87% құрады.

# КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДЕР

**Кредиттік тәуекелді басқару уәкілетті органдардың талаптарымен, Банктің тәуекелдерді басқару саясатымен, сонымен қатар, кредиттік тәуекелді реттеуші ішкі нормативтік құжаттармен анықталады. Банк жүргізетін қарыздық операцияларға байланысты кредиттік тәуекелдерді бағалауға және талдауға тәуелсіз тәсіл қолдану тәуекелдерді басқару негізіне алынған.**

**Кредиттік тәуекелдерді төмендету мақсатында, Банк өз қызметінде төмендегі негізгі әдістер мен әдістемелерді қолданады:**

- қарыз алушыларды қаржыландыру талаптарын белгілеу/өзгерту кезіндегі орталықтандырылған, автоматтандырылған, алқалы шешімдерді қабылдау;
- Лимиттерді белгілеу жолымен, оның ішінде автоматтандырылған есеп айырысуларды пайдалана отырып, кредиттік тәуекелді шектеу;
- Контрагенттердің сенімділігіне автоматтандырылған тексерулер арқылы кредиттік тәуекелді шектеу;
- Контрагенттердің кредиттік тарихының сапасы бойынша автоматтандырылған тексерулер жолымен кредиттік тәуекелді шектеу;
- Шешім қабылдау процедураларындағы скорингтік үлгілерді қолдану;
- Байқылаушы тәуекел-метрикаларын бекіту және мониторинг;
- кредиттік қоржын қарқыны мен сапасын талдау, кредиттік қоржын тәуекелдерін төмендету үшін іс-шаралар әзірлеу;
- Пруденциалды нормативтер мен бастапқы мәннің сақталуына мониторинг;
- Қарыз алушының қаржылық жағдайына, кепіл мүлкіне тұрақты негізде мониторинг жүргізу.

**Сегменттер мен өнімдер бойынша кредиттік қоржын құрылымы**

| | Сегмент/Өнім | 01.01.2023 жылға | қоржын сомасының % | 01.01.2024 жылға | қоржын сомасының % | Бір жыл ішіндегі өсім |
|---|---|---|---|---|---|---|
| КБ | Ірі бизнес | 262 018 | 19.78% | 152 881 | 11.29% | -41.65% |
| КБ | Орта бизнес | 217 328 | 16.41% | 177 790 | 13.13% | -18.19% |
| КБ | Шағын-микро | 125 287 | 9.46% | 113 083 | 8.35% | -9.74% |
| КБ | **КБ барлығы** | **604 633** | **45.65%** | **443 755** | **32.77%** | **-26.61%** |
| ББ | Автокредит беру | 126 897 | 9.58% | 254 498 | 18.80% | **x2** |
| ББ | Ипотека | 419 203 | 31.65% | 370 685 | 27.38% | -11.57% |
| ББ | Шұғыл қажеттіліктер | 35 750 | 2.70% | 110 954 | 8.19% | **x3** |
| ББ | Сенімгерлік | 136 387 | 10.30% | 172 742 | 12.76% | 26.66% |
| ББ | Кредиттік карталар | 1 705 | 0.13% | 1 413 | 0.10% | -17.13% |
| ББ | **ББ барлығы** | **719 942** | **54.35%** | **910 293** | **67.23%** | **26.44%** |
| | **Банк бойынша барлығы** | **1 324 575** | | **1 354 048** | | **2.23%** |

# КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДЕР

**Сегменттер мен өнімдер бойынша кредиттік қоржын құрылымы**
Сегменттер мен өнімдер тұрғысындағы кредиттік қоржынның құрылымы 2023 жылы едәуір өзгерді. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік қоржындағы ең жоғарғы үлес салмағы Бөлшек бизнес өнімдеріне қарыздарға (67,3%) тиесілі.

**Кредиттік қоржынның валюталар бойынша құрылымы**
Валюталар тұрғысындағы кредиттік қоржынның құрылымы 2023 жылы едәуір өзгерді. Валюталар бойынша әртараптандыру деңгейі қолайлы деп бағаланды. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік қоржындағы ең жоғарғы үлес салмағы ұлттық валютада берілген қарыздарға (99,32%) тиесілі. 2023 жылы АҚШ долларында берілген қарыздар үлесі Банктің негізгі қарыздар бойынша жалпы кредиттік қоржынының 1,74 %-нан 0,62%-на дейін төмендеді. 2023 жылы рубльде берілген қарыздар үлесі Банктің негізгі қарыздар бойынша жалпы кредиттік қоржынының 0,25%-нан 0,05%-на дейін төмендеді.

**Экономика салалары бойынша кредиттік қоржын құрылымы**
Бүгінгі күні Банкте экономика салалары тұрғысында кредиттік қоржын бойынша тәуекелдерді шоғырландыру үшін қолайлы деңгейді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін лимит жүйесі қолданылады. 2024 жылғы 1 қаңтарда кредиттік қоржынның ең көп үлесі:  16%, Өңдеуші өнеркәсіп және 67,2% Жеке тұлғалар саласына тиесілі.

**Кредиттік қоржынның валюталар бойынша құрылымы**

| теңгеде | 01.01.2023 жылға | қоржын сомасының % | 01.01.2024 жылға | қоржын сомасының % | Бір жыл ішіндегі өсім |
|---|---|---|---|---|---|
| Теңге | 1 298 151 | 98.01% | 1 344 906 | 99.32% | 3.60% |
| АҚШ доллары | 23 087 | 1.74% | 8 417 | 0.62% | -63.54% |
| Ресей рублі | 3 338 | 0.25% | 725 | 0.05% | -78.28% |
| Еуро | 0 | 0.00% | 0 | 0.00% | 0.00% |
| **БАРЛЫҚ кредиттер** | **1 324 575** | | **1 354 048** | | **2.23%** |

**Экономика салалары бойынша кредиттік қоржын құрылымы**



# НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

**Нарықтық тәуекел** – нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнының жағымсыз өзгеруінен білінген нарықтық жағдайдың өзгеруіне байланысты баланстық және баланстан тыс баптар бойынша қаржылық шығындардың пайда болу мүмкіндігі.

Нарықтық тәуекел аясында Банк валюталық, пайыздық және баға тәуекелдерін бөліп қарастырады.

**Пайыздық тәуекел**– активтер, пассивтер және баланстан тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгеруінен болатын қаржылық шығындардың пайда болу ықтималдығы.

Пайыздық тәуекелді бағалау, өзгерту, бақылау және оған мониторинг жүргізу процедураларына келесілер жатады: пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық конъюнктурасындағы өзгерістер динамикасын талдау және болжау, таза операциялық кіріс бойынша бақылау көрсеткіштерін белгілеу, таза пайыздық маржа мен спрэд мониторингінің жоспарлы көрсеткіштерін белгілеу, нарықтағы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне олардың сезімталдығына байланысты өтеу (қайта бағалау) көлемі мен мерзімі бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелерді балансқа келтіру іс-шараларын жүргізу, хеджирлеу операцияларын жүргізу, пайыздық гэпке лимиттер белгілеу.

**Валюталық тәуекел** – банктің қызметін атқаруы кезінде шетел валюталары бағамының жағымсыз өзгеруі нәтижесіндегі пайда болуы мүмкін қаржылық зияны.
Банк жиынтық ашық валюталық позиция лимиттерін, жеке шетел валюталарында ашық позиция лимиттерін және т.б. белгілейді. Банктің ашық валюталық позицияны басқару бойынша консервативті саясатының нәтижесінде валюталық тәуекел деңгейі төмен деп бағаланады.

**Баға тәуекелі** - қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнындағы жағымсыз өзгерістері салдарынан қаржылық шығынның  пайда болу ықтималдығы.

Сатуға жарамды бағалы қағаздар портфелі негізінен мемлекеттік бағалы қағаздардан, сондай-ақ халықаралық рейтингтік агенттіктердің жоғары рейтингі бар корпоративтік бағалы қағаздардан тұрады Банк VaR, DV01 сияқты тәуекел-метрикаларға бақылау жүргізеді, стресс-тестілеу өткізеді және т.б. Нарықтық тәуекелді басқарудың қолда бар құралдары Банкке тәуекел деңгейін оңтайлы төмен деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.



**ESG тәуекелдер** – экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторлар нәтижесінде банктің беделі мен қаржылық көрсеткіштеріне елеулі әсер етуі мүмкін шығындар мен қауіптердің пайдал болу ықтималдығы.

2021 ж. бастап Банкте заңды тұлғалар-қарыз алушылар үшін ESG тәуекелінің қолайсыз деңгейі анықталды, ESG тәуекелінің қолайсыз  жоғары деңгейінің экологиялық, әлеуметтік және басқару факторлары бойынша тәсілдер анықталды. 2021 жылдың соңында сәйкестендіруді енгізу (банк жүйелерінде таңбалау) және кредиттік үдерісте ESG тәуекелдерінің қолайсыз жоғары деңгейін қолдану бойынша жұмыс жүргізілуде. Банк кредиттік саясатқа ESG-тәуекелінің қолайсыз деңгейі және бизнестегі тұрақты даму қағидаттары бар клиенттерді ынталандыру жөніндегі шараларды енгізеді.

# ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

**Банктің үздіксіз қызметі қағидасының орындалуы, яғни Банктің өз қызметін үздіксіз жүргізу және ұлғайту үшін қаражат тарту қажеттілігіне қарай қабілеттілігін қамтамасыз ету өтімділікті басқарудың негізгі міндеті болып табылады.**

Банктің қажетті қорды тартуы үшін қолданатын стратегиясы оның өтімділікті басқару жүйесімен тығыз байланысты, яғни аталған стратегияға тиесілі тәуекелдер өтімділікті басқаруға ықпал етеді.

Банк өтімділік тәуекелін басқару барысында келесі қағидаларды басшылыққа алады:

- өтімділікті басқару күнделікті және үздіксіз жүзеге асырылады;
- активтер мен міндеттемелерді тиімді басқару;
- Банк органдары, лауазымды тұлғалары мен бөлімшелері арасында өтімділікті басқару бойынша өкілеттіліктер мен жауапкершіліктің нақты ажырату;
- өтімділіктің барабар деңгейін қамтамасыз ететін және бизнестің түп негізінге және Банктің қаржылық жағдайына сәйкес келетін лимиттерді белгілеу;
- өтімділік пен кірістілік арасында қайшылық болған жағдайда өтімділік пайдасына шешім қабылдау;
- өтімді қаражат қажеттілігін жоспралау;
- өтімділікті қамтамасыз ету үшін бұрын қабылданған шешімдерге тұрақты негізде мониторинг жүргізу.



**2023 жылы өтімділік нормативтері жеткілікті қормен сақталды.**

| Өтімділік коэффициенті | Норматив | 1.01.2023 | 1.02.2023 | 1.03.2023 | 1.04.2023 | 1.05.2023 | 1.06.2023 | 1.07.2023 | 1.08.2023 | 1.09.2023 | 1.10.2023 | 1.11.2023 | 1.12.2023 | 1.01.2024 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| к4 | min 0,3 | 1,631 | 2,854 | 2,923 | 3,306 | 3,902 | 4,193 | 2,952 | 3,157 | 3,835 | 3,124 | 3,198 | 3,705 | 3,464 |
| к4-1 | min 1,00 | 3,028 | 32,496 | 38,600 | 32,886 | 30,866 | 18,067 | 12,011 | 16,462 | 12,405 | 9,396 | 9,334 | 10,388 | 9,233 |
| к4-2 | min 0,90 | 3,177 | 16,594 | 12,494 | 12,215 | 12,243 | 10,299 | 7,612 | 11,103 | 6,672 | 6,324 | 7,311 | 5,878 | 5,411 |
| к4-3 | min 0,80 | 1,877 | 3,675 | 4,654 | 4,716 | 4,051 | 4,021 | 3,424 | 3,148 | 2,894 | 2,724 | 2,587 | 2,166 | 1,330 |
| **LCR** | min 0,8 | 1,519 | 0,827 | 0,870 | 1,058 | 1,062 | 1,054 | 1,047 | 1,202 | 1,350 | 1,512 | 1,494 | 1,344 | 1,754 |
| **NSFR** | **min 0,8** | **1,316** | **1,312** | **1,077** | **1,102** | **1,111** | **1,138** | **1,186** | **1,091** | **0,844** | **1,116** | **1,007** | **1,008** | **1,049** |

# 07

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

2023 жыл бойынша жылдық есеп

# «БӘЙТЕРЕК» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГІ

BAITEREK

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) – корпоративтік басқарудың озық стандарттарына сәйкес келетін және Қазақстан экономикасын әртараптандыру, инновацияларды қолдау, экспортты дамыту, еңбек өнімділігін ұлғайту жолымен орнықты дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі институты.

**«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ миссиясы мемлекеттік саясатты іске асыру және «2050 – Стратегиясында» қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ҚР тұрақты экономикалық дамуына көмектесу болып табылады.**

«Бәйтерек» холдингі-құрамына 8 еншілес ұйым кіретін интеграцияланған даму институты: холдингтің қатысуымен акционерлік қоғамдар болып саналатын «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Отбасы Банкі» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Даму» АҚ, «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ, «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ, «Qazaqstan Investment Corporation» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және «Bereke Bank» АҚ.

Қызметінің стратегиялық бағыттары:

- Ірі бизнес сегментінде кәсіпкерлікті қолдау
- ШОБ сегментінде кәсіпкерлікті қолдау
- Баспананың қолжетімділігін арттыру
- Экспорттық әлеуетті арттыру
- Трансферт және инновацияларды енгізу

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

## Корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқару кодексінде бекітілген 7 басты қағидаға негізделген:

1. өкілеттіліктерді ажырату қағидасы;
2. акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы;
3. Директорлар кеңесінің және Басқарманың Банкті тиімді басқару қағидасы;
4. тұрақты даму қағидасы;
5. тәуекелдерді, ішкі бақылау мен ішкі аудитті басқару қағидасы;
6. корпоративтік жанжалдарды және мүдделер қайшылығын реттеу қағидасы;
7. Банктің қызметі туралы ақпаратты айқын және объективті түрде жария ету қағидалары;

## Корпоративтік басқару кодексі

Корпоративтік басқару кодексі Қазақстан Республикасында және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару тәжірибесінің есебімен заңнама талаптарына (ЭЫДҰ 08.07.2015 ж. Мемлекеттік кәсіпорындарды корпоративтік басқару бойынша жетекшілік қағидалары, G20/ЭЫДҰ Корпоративтік басқару қағидалары) сәйкес дайындалды және Акционерлердің 27.12.2022 ж. кезектен тыс жалпы жиналысында бекітілді.

Банктің Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті Директорлар кеңесі ..... ж. бекітті.

Банктің ішкі нормативтік құжатына сәйкес Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті корпоративтік басқару саясаты мен тәжірибесін қадағалауды жүзеге асырады.

## Ақпаратты ашу

Өз қызметінде Банк Банктің қызметі туралы ақпаратты айқын және объективті түрде жария ету қағидаларын басшылыққа алады.
Банкте ақпаратты ашу жүйелілігін қамтамасыз ету үшін ақпаратты ашу және қорғау қағидаттары мен тәсілдерін, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпарат тізбесін, ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібін, тәсілін, нысанын, жауапты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерін, олардың функциялары мен міндеттерін көрсете отырып, олардың тізбесін, сондай-ақ ақпаратты ашу үдерістерін реттейтін басқа да ережелерді айқындайтын ішкі құжаттар бекітіледі.

Банкте Корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік, аудиторлық есептер, Банк қызметіндегі өзгерістер туралы ақпараттық хабарламаларды және басқа Қаржылық есептілік депозитарийінің, ҚҚБ интернет-ресурсында ашылуы тиіс ақпаратты қалыптастыру, орналастыру/жариялау және уәкілетті мемлекеттік органға, басқа мүдделі тұлғаларға ақпарат беру тәртібін форматын, тізімін және мерзімдерін белгілейтін Міндетті түрде ашылуы тиіс ақпаратты қалыптастыру және жариялау жөніндегі нұсқаулық бар.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ




*Корпоративтік басқару құрылымы, сондай-ақ Банк органдарының құзіреті Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және басқа ішкі нормативтік құжаттарда анықталған. 2022 жылғы қыркүйекте бақылаушы акционер ауысқаннан кейін көрсетілген құжаттар жаңа редакцияда бекітілді. Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің құзіреті корпоративтік басқарудың классикалық жүйесіне, корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарына, соның ішінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ стандарттарына сай келеді.

# ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ 31.12.2023 ж. жағдай бойынша Банктің Жалғыз акционері болып табылады.

«Bereke Bank» АҚ орналастырылған жай акциялар саны - 12 839 114 дана. 19.08.2023 ж. жағдай бойынша шығарылған 12 839 114 акциялар «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға тиесілі, ол «Bereke Bank» АҚ дауыс беру құқығын беретін акцияларының жалпы санының 100% құрайды. Шығарылған және орналастырылған артықшылық берілген акциялар жоқ.

## Дивидендтер туралы ақпарат

Акционерлердің тиісті кезеңдегі таза табыстың (пайданың) бір бөлігін оның акциялары бойынша дивидендтер түрінде алу құқығы «Bereke Bank» АҚ Жарғысында белгіленген. Банк акциялары бойынша дивидендтер ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен төленеді. Тиімді дивидендтік саясаттың негізгі өлшемдерінің бірі - дивидендтер мөлшері мен оларды төлеу талаптарын анықтаудың қарапайым және айқын механизмін қамтамасыз ету.

Акционерлердің 2023 жылғы 30 мамырдағы жылдық жалпы жиналысының хаттамасына (№02/2022 Хаттама) сәйкес және Жалғыз акционердің 2024 ж. 24 сәуірдегі шешімімен («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының №18/24 хаттамасы) 2022 және 2023 ж. бойынша Банк дивидендтер төлеген жоқ.

## Акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылған мәселелер:

### 2023 жылда 3 бетпе-бет отырыс өткізілді:

**Акционерлердің жалпы жиналысында келесі негізгі мәселелер қарастырылды:**

- «Bereke Bank» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер енгізу туралы
- «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін және оны төлеу талаптарын белгілеу туралы
- 2022 жыл бойынша «Bereke Bank» АҚ аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы
- 2022 жыл бойынша «Bereke Bank» АҚ таза кірісін үлестіру тәртібін және «Bereke Bank» АҚ бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін белгілеу туралы.
- Акционерлердің «Bereke Bank» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы
- «Bereke Bank» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу туралы
- «Bereke Bank» АҚ жылдық есебін бекіту туралы
- «Bereke Bank» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің өзгерістерін бекіту туралы.

## Жалғыз акционер қабылдаған шешімдер:

### 2023 ж. жалғыз акционер 2 мәселені қарады:

- ✔ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» Акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы;
- ✔ «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

## Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді ұсыну және іріктеу тәртібі

Банктің Директорлар кеңесі акционерлердің өкілдері ретінде директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалардан, акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалардан құралады. Банктің Директорлар кеңесінің құрамына ұсынылатын тұлғалар ҚР заңнамасында, Банк Жарғысында белгіленген талаптарға сай болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамы оның мүшелерінің Банк пен оның акционерлерінің мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дағдылары, тәжірибесі мен білімінің теңгерімін көздейді. Банктің Директорлар кеңесіне үміткерлердің талаптарға сәйкестік бағалары бірдей болған жағдайда, гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету мақсатында артықшылықты әйел үміткерге беруге тырысады.
Банктің Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде 30% тәуелсіз директорлар болып табылады.

Банктің қызметінде мүдделер қайшылығын барынша азайту мақсатында Директорлар кеңесі мүдделер қайшылығын басқару процедураларын және оларды іске асыру механизмдерін құрады, сондай-ақ орындалуын қадағалайды. Директорлар кеңесі мүдделер қайшылығын басқару саясатын бекітеді, мүдделер қайшылығын басқару процессін жалпы қадағалайды. Директорлар кеңесінің мүшелері Банктің Директорлар кеңесіне мүдделер қайшылығын туындатқан немесе оның туындауына ықтимал себеп болып табылатын кез келген мәселе бойынша ақпаратты шұғыл ұсынуға міндетті.

## Директорлар кеңесіне тәуелсіз директор ретінде сайлануға үміткер:

1. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес тәуелсіз директордың анықтамасына сай болуы тиіс.
2. Қызметінің көлемі мен сипаты бойынша Банктің қызметіне ұқсас ұйымдарға тән негізгі мәселелер туралы жалпы ақпаратты білуі, ұқсас салада/секторда ұсынылар алдында 2 (екі) жылдан кем емес халықаралық тәжірибесі және кәсіби тәжірибесі болып, келесілерді түсінуі тиіс: 1) заңнаманың Банкке қатысты талаптарын; 2) ұлттық және халықаралық нарықтардағы бәсекелестікті.
3. Ұсынылған ақпаратты талдай білу мен  шынайы бағасын беру және барлық акционерлерге заңды, әділетті,  тең қарау қағидаттарының негізінде кез-келген мәселе бойынша тәуелсіз пікір қалыптастыра білуі тиіс. Өзінің жеке пікірін ашық айта алу және айтылған жеке пікірін дәлелді түрде қорғау.
4. Корпоративтік басқару және тұрақты даму қағидаттарын білу.
5. Іскерлік және (немесе) салалық ортада мінсіз бедел/оң жетістіктерге ие болу. Үміткердің өмірбаянында экономикалық қызмет саласында қылмыс жасау, сондай-ақ  кәсіпкерлік қызметте әкімшілік құқық бұзушылық фактілері болмауы тиіс.
6. Директорлар кеңесі отырысының жұмысына қатысуға ғана емес, сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырыстарына арналған материалдарды тиісті зерделеуге жеткілікті уақытының болуы.
7. Басқа компанияларда 4 (төрттен) артық  Директорлар кеңесінің мүшесі болмауы;
8. Жыл сайын тәуелсіздігін растау рәсімдерінен өтіп, тәуелсіз директор мәртебесін жоғалтқан жағдайда компанияға дереу ақпарат беруі тиіс.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

## Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

2023 жыл бойынша Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін бағалау Қазақстан Республикасы заңнамасының және «Bereke Bank» АҚ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Банктің өз күшімен жүргізілді. Бағалау нәтижелері бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді (Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысының 29.04.2024 ж. №10 хаттамасы).

## Тәуекелдерді басқару

Директорлар кеңесіне Банкте туындаған маңызды қаржылық және қаржылық емес мәселелер туралы хабарлау Банктің бөлімшелері Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынатын мерзімді есептілігі арқылы жүзеге асырылады. Есептілік тізімі мен ұсыну мерзімдерін Банктің Директорлар кеңесі бекітті.

Директорлар кеңесі тәуекелдер бойынша Банк позицияларын ұдайы талдау арқылы тәуекелдерді  экономикалық, экологиялық, әлеуметтік мәселелермен және корпоративтік басқару мәселелерімен байланысты тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі Банктің даму стратегиясын және негізгі саясаттарды бекітеді.

| ДК мүшесінің ТАӘ | Қатысқан отырыстар саны/ бетпе-бет отырыстар саны | % |
|---|---|---|
| Нұриденұлы Мақсат | 6/6 | 100 |
| Елемесов Асқар Раушанұлы - тәуелсіз директор | 15/15 | 100 |
| Мәдиев Мағжан Дінмухаммедұлы - тәуелсіз директор; | 15/15 | 100 |
| Тимченко Андрей Игоревич | 15/15 | 100 |
| Хамитов Ерсаин Ербулатович | 14/15 | 93,3 |
| Құсайынов Ғалым Әбілжанұлы – тәуелсіз директор | 14/15 | 93,3 |

## Директорлар кеңесінде қарастырылған мәселелер

**2023 жылы Директорлар кеңесі 21 сырттай және 15 бетпе-бет отырысты өткізді, 199 мәселе қарастырылды.**

**Директорлар кеңесінің отырыстарында келесі негізгі мәселелер қарастырылды:**

1. 2022 жыл бойынша аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту туралы;
2. Тәуекелдер және кредиттік қоржынның сапасы бойынша тоқсандық есептер;
3. 2022 жыл бойынша «Bereke Bank» АҚ жылдық есебін алдын ала қарау туралы;
4. «Bereke Bank» АҚ ұйымдық құрылымын бекіту туралы;
5. «Bereke Bank» АҚ Іскерлік этика кодексін бекіту туралы;
6. 2023 жылға «Bereke Bank» АҚ қаржылық есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметіне төлем мөлшерін белгілеу туралы.
7. «Bereke Bank» АҚ жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу бойынша «КПМГ Аудит» ЖШС аудиторлық ұйымының қызметтері төлемінің мөлшерін белгілеу туралы;
8. «Bereke Bank» АҚ-ның 2024 жылға Бюджетін (бизнес-жоспарын) бекіту туралы;
9. ҚР заңнамасының екінші деңгейлі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес қаралатын есептілік пен ақпарат.

## Директорлар кеңесінің сыйақысы

Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленген сыйақы және барлық ақшалай ынталандыру түрлерінің жиынтық мөлшері туралы ақпарат.
2023 ж. Директорлар кеңесі мүшелеріне төленген сыйақы мөлшері 102 517 111,14 теңгені құрады.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



## Мақсат Нұриденұлы

«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (27.10.2023 ж. бастап)

**1987 жылы** дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

**Білімі:**
Халықаралық Бизнес Университеті (UIB), "Қаржы" мамандығы (Қазақстан);
Халықаралық бизнес академиясы (IAB), мамандығы - «Master of Business and Economics» (Қазақстан).

**Қызмет жолы туралы мәлімет:**
2022 - 2023 ж. - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының кеңесшісі, «Bereke Bank» АҚ Басқарушы директоры.
2017-2022 ж. - «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Басқарушы директоры (Chief Data & Operating Officer).

Қаржы секторында түрлі лауазымдарда 16 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

**Басқа атқаратын лауазымдары:**
«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің мүшесі.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының, үлестес компанияларының акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сонымен қатар «Bereke Bank» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.



## Хамитов Ерсайын Ерболатұлы

«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, акционерінің өкілі (12.09.2023 ж. бастап)

**1983 жылы** дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

**Білімі:**
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, «Қаржы және несие» мамандығы (ҚР).
Мәскеу мемлекеттік университеті MBA бағдарламасы бойынша (РФ).

**Қызмет жолы туралы мәлімет:**
2022 жылдан бастап – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
2009 жылдан бастап 2022 жылға дейін – «Самұрық-Энерго» АҚ Инвестицияларды басқару департаментінің Бас менеджері, «Самрұк-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Корпоративтік қаржылар департаментінің Бас менеджері, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Корпоративтік қаржылар департаментінің директоры, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры. Банк саласындағы және корпоративтік басқарудағы 14 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

**Басқа атқаратын лауазымдары:**
«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің мүшесі, «Отбасы Банкі» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының, үлестес компанияларының акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сонымен қатар «Bereke Bank» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



### Тимченко Андрей Игоревич

«BerekeBank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (24.11.2022 ж. бастап).

**1976 жылы** дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

**Білімі:**
Қазақ мемлекеттік заң университеті, «Құқықтану» мамандығы (ҚР).

**Қызмет жолы туралы мәлімет:**
2022 жылдан бастап - «Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасы;
2018 жылдан бастап 2022 жылға дейін – «Альфа-Банк» АҚ ЕБ («Eco Center Bank» АҚ) Бас Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары.
Банк секторындағы әртүрлі лауазымдарда 25 жыл, Басқармада 20 жыл жұмыс тәжірибесі бар.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының, үлестес компанияларының акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сонымен қатар «Bereke Bank» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.



### Елемесов Асқар Раушанұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор қысқаша шолу (26.05.2020 ж. бастап).

**1968 жылы** дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

**Білімі:**
М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті «Саяси экономия оқытушысы» мамандығы (РФ);
Washington University in St.Louis, магистратура, «Іскерлік басқару» мамандығы (АҚШ).

**Қызмет жолы туралы мәлімет:**
2019 жылдан бастап – «АКРА (Кредиттік рейтингтік талду агенттігі)» Филиалының бастығы;
2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін – «SkyBridge Invest» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз директор — Директорлар кеңесінің мүшесі.
Қаржы секторындағы әртүрлі лауазымдарда 30 жылдан артық жұмыс тәжірибесі бар.

**Басқа атқаратын лауазымдары:**
«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің Төрағасы, «Қазақстан қор биржасы» АҚ, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Samanea Limited» АҚ, «SkyBridge Invest» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының, үлестес компанияларының акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сонымен қатар «Bereke Bank» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



## Мәдиев Мағжан Дінмұхаммедұлы

«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры (28.04.2021 ж. бастап).

**1989 жылы** дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

**Білімі:**
Фудань Университеті, «Қытайтанушы» мамандығы (ҚХР).

**Қызмет жолы туралы мәлімет:**
2020 жылдан бастап – «Astana Hub» IT- Стартаптардың халықаралық технопаркі» ҚҚ Бас директоры;
2020 жылдан бастап 2020 жылға дейін – «Атамекен» ҚР ҰКП Басқарма Төрағасының Кеңесшісі;
2019 жылдан бастап 2020 жылға дейін – «Кәсіпкерлікті дамытуды зерттеу орталығы» ЖШС директоры.
2021 – 2023 ж. - Директорлар кеңесінің мүшесі - «Төлем және қаржылық технологияларды дамыту орталығы» АҚ-ның тәуелсіз директоры;
Ақпараттық технологиялар саласындағы әртүрлі лауазымдарда 10 жылдан артық жұмыс тәжірибесі бар.

**Басқа атқаратын лауазымдары:**
«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасы, «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ, «Астана Innovations» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының, үлестес компанияларының акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сонымен қатар «Bereke Bank» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.



## Құсайынов Ғалым Әбілжанұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор қысқаша шолу (24.11.2022 ж. бастап  10.01.2024 ж. дейін)

**1982 жылы** дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

**Білімі:**
Ф.М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университеті, мамандығы «Салықтар мен салық салу» (РФ);
SBS Swiss Business School, мамандығы «Іскерлік басқару магистрі» (Швейцария);
АССА, мамандығы «Халықаралық қаржылық есептілік» (АССА мүшесі) (Ұлыбритания).

**Қызмет жолы туралы мәлімет:**
2017 жылдан бастап 2022 жылға дейін – «Банк Центр Кредит» АҚ Басқарма Төрағасы.
Қаржы секторындағы әртүрлі лауазымдарда 12 жылдан артық жұмыс тәжірибесі бар.

**Басқа атқаратын лауазымдары:**
«Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің және «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры, «Teniz Capital Investment Banking» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының, үлестес компанияларының акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сонымен қатар «Bereke Bank» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

## Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті

Комитет өз құзіретіне қатысты мәселелер бойынша ұсынымдарды алдын ала қарау, талдау, сабақтастығын жоспарлау және тұжырымдау арқылы Директорлар кеңесіне жәрдемдесетін тұрақты жұмыс істейтін сабағатшы кеңесші орган болып табылады.
Комитет Директорлар кеңесіне қызметтің (дамудың) басым бағыттарын, стартегиялық мақсаттарды (даму стратегиясын) тұжырымдау мәселелері, орта және ұзақ мерзімді келешекте Банк қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды дайындау бойынша мәселелерді қоса алғанда корпоративтік даму мәселелері, оның табыстылық қызметі және тұрақты дамуы мәселелері бойынша ұсынымдарды, қызметтің (дамудың) басым бағыттарын тұжырымдау, Банктегі тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесінің жұмыс істеуі, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және нығайту, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу, сондай-ақ кадрлық саясат, тағайындау және сыйақы беру жүйелері, жалпы Банктің және жеке алғанда Директорлар кеңесінің, Банк Басқармасының мүшелерінің қызметін бағалау саласында Директорлар кеңесінің құзіретіне жататын мәселелерді терең пысықтау және мониторинг жүргізу арқылы Директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру, Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің ауысуын жоспарлау және Корпоративтік хатшы қызметін бағалау үшін құрылған.

**Құрамы:**
**Мәдиев Мағжан Дінмұхаммедұлы** – Комитет Төрағасы (Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор,);
**Нұриденұлы Мақсат** – Комитет мүшесі;
**Хамитов Ерсайын Ерболатұлы** – Комитет мүшесі;
**Құсайынов Ғалым Әбілжанұлы** – Комитет мүшесі (Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор).

2023 жылы Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) 14 сырттай отырыс, 12 бетпе-бет отырыс өткізді, 60 мәселе қаралды.

### Комитет қараған негізгі мәселелер:

- «Bereke Bank» АҚ Іскерлік этика кодексін алдын ала мақұлдау туралы;
- Стратегияны іске асыру барысы туралы есеп;
- Тоқсан сайынғы қаржылық және басқарушылық есептілік;
- Бюджетті алдын ала бекіту туралы (Бизнес-жоспар).

## Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті

Комитет өз құзіретіне қатысты мәселелер бойынша ұсынымдарды алдын ала қарау, талдау, сабақтастығын жоспарлау және тұжырымдау арқылы Директорлар кеңесіне жәрдемдесетін тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган болып табылады. Комитет Директорлар кеңесіне Банктің қаржылық-шаруашылық қызметін тиімді бақылау жүйесін белгілеу, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсыныстарды дайындау, Қазақстан Республикасының заңнамасын және ішкі құжаттарды сақтау арқылы Директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігін және сапасын арттыру мақсатында құрылған.

Директорлар кеңесінің Аудит мәселелері жөніндегі комитеті Директорлар кеңесіне Банктің қаржылық-шаруашылық қызметін тиімді бақылау жүйесін белгілеу, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсыныстарды дайындау, Қазақстан Республикасының заңнамасын және ішкі құжаттарды сақтауды жүзеге асырады.

**Құрамы:**
**Елемесов Асқар Раушанұлы** – Комитет Төрағасы (Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор,);
**Хамитов Ерсайын Ерболатұлы** – Комитет мүшесі;
**Құсайынов Ғалым Әбілжанұлы** – Комитет мүшесі (Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор).

Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетінің барлық мүшелерінің жоғары қаржылық/экономикалық білімі бар.

2023 жылы Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті 8 сырттай және 4 бетпе-бет отырысты өткізді, 29 мәселе қаралды.

### Комитет қараған негізгі мәселелер:

- «Bereke Bank» АҚ 2022 жыл бойынша қаржылық есептілігіне аудит жүргізу нәтижелері бойынша сыртқы аудитордан алынған нұсқаулық хат бойынша іс-шаралар жоспарын алдын ала бекіту туралы
- 2024 жылғы Аудит салаларының картасын және Ішкі аудит жоспарын қарау туралы
- 2022 жыл бойынша жылдық қаржылық есептілікті алдын ала қарау туралы
- «Bereke Bank» АҚ Ішкі аудит қызметінің негізгі тиімділік көрсеткіштерін орындауы туралы есепбі қарау туралы (тоқсан сайын).

# БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



## Тимченко Андрей Игоревич

«Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасы(17.11.2022 ж. бастап).

**1976 жылы** дүниеге келген.

**Білімі:**
Қазақ мемлекеттік заң университеті, «Құқықтану» мамандығы (ҚР).

**Қызмет жолы туралы мәлімет:**
2022 жылдан бастап - «Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасы;
2018 -2022 ж.– «Альфа-Банк» АҚ ЕБ («Eco Center Bank» АҚ) Бас Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары.
Банк секторындағы әртүрлі лауазымдарда 25 жыл, Басқармада – 20 жыл жұмыс тәжірибесі бар.

**Басқа атқаратын лауазымдары:**
2022 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының, үлестес компанияларының акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сонымен қатар «Bereke Bank» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.



## Қасенов Серке Мұратбекұлы

«Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары (10.04.2023 ж. бастап).

**1974 жылы** дүниеге келген.

**Білімі:**
Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібінің технологиялық институты, мамандығы - жеңіл өнеркәсіптегі экономика және менеджмент, біліктілігі - инженер-экономист;
Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесі берілді.

**Қызмет жолы туралы мәлімет:**
2023 жылдан бастап - «Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
2022-2023 ж. «Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі;
2022 - 2022 ж. - «ҚазТрансГаз –Аймақ» АҚ Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры;
2021- 2022 ж. – «Альфа-Банк» АҚ ЕБ («Eco Center Bank» АҚ) Басқарушы директоры;
2018-2021 ж. - «Альфа-Банк» АҚ ЕБ Қауіпсіздік жөніндегі атқарушы директоры.
26 жылдан астам жұмыс тәжірибесі, оның ішінде банк секторында 20 жылдан артық тәжірибесі бар.

**Басқа атқаратын лауазымдары:** жоқ

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының, үлестес компанияларының акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сонымен қатар «Bereke Bank» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.



## Аникина Алина Владимировна

«Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары (10.04.2023 ж. бастап).

**1980 жылы** дүниеге келген.

**Білімі:**
М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Менеджмент бағыты, Менеджмент магистрі дәрежесі берілді;
РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, Жоғарғы басқарушы буынды іскери басқару шебері
Kingston University of London - Executive Master of Business Administration (EMBA)

**Қызмет жолы туралы мәлімет:**
2023 жылдан бастап - «Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
2022 - 2023 ж. - «Bereke Bank» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі;
2016 - 2022 ж. - «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Басқарма Төрағасы;
24 жылдан артық, оның ішінде Банк секторындағы әртүрлі лауазымдарда 18 жыл, Басқармада – 9 жылдан артық жұмыс тәжірибесі бар.

**Басқа атқаратын лауазымдары:**
2019 ж. бастап - «Freedom Finance Insurance» СҚ» Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор.

«Bereke Bank» акционерлік қоғамының, үлестес компанияларының акциялары (қатысу үлестері) жоқ, сонымен қатар «Bereke Bank» акционерлік қоғамының жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.

# БАСҚАРМА

**«Bereke Bank» АҚ Басқармасы (бұдан әрі — Басқарма) банктің таңдалған бизнес моделіне, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне, бейін тәуекеліне және банктің Директорлар кеңесі бекіткен ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын банктің атқарушы алқалы органы болып табылады.**

**Басқарма мен Басқарма Төрағасы өз қызметінде Директорлар кеңесіне және Банк акционеріне есеп береді.**

## Басқарма қызметін бағалау

Басқарма қызметін бағалау «Bereke Bank» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі шешімімен (№66 шешім) «Bereke Bank» АҚ Басшыларына еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы, сондай-ақ басқа да материалдық ынталандыру түрлерін есептеу жөніндегі саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

## Басқарма мүшелерінің сыйақысы

Эмитенттің атқарушы органының мүшелеріне төленген жалақы және барлық ақшалай ынталандыру түрлерінің жиынтық мөлшері туралы ақпарат

Банктің атқарушы органы мүшелерінің 2023 жылға сыйақысының жалпы мөлшері 1 408 128 311, 78 (бір миллиард төрт жүз сегіз миллион жүз жиырма сегіз мың үш жүз он бір) теңге 78 тиынды құрайды. Сыйақы сомасына атқарушы органның мүшелеріне сыйақылар мен төлемдер, сондай-ақ өз уәкілеттігін 2022 және 2023 ж. тоқтатқан Басқарманың бұрынғы мүшелеріне бұрынғы жылдар үшін 2023 ж. төленген сыйақы мен кейінгі шегерілген тіркелмеген сыйақы кіреді.

## Банк басқармасында қарастырылған мәселелер

2023 жылы Банк Басқармасы 111 отырыс өткізді. Банк басқармасы мынадай мәселелерді, оның ішінде Директорлар кеңесінің кейіннен бекітуі үшін қарады:

- «Bereke Bank» бюджеті (бизнес-жоспары)
- 2023 жыл бойынша қаржылық және басқарушылық есептілігі және банкпен айрықша қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелер туралы ақпарат
- ҚР заңнамасының екінші деңгейлі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес қаралатын есептілік пен ақпарат

## Ішкі құжаттарға сәйкес Басқарма құзіретіне жататын мәмілелер мен мәселелер, соның ішінде жаңа алқалы органдарды құру:

1. «Bereke Bank» АҚ Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитеті
2. «Bereke Bank» АҚ Операциялық тәуекелдер жөніндегі комитеті
3. «Bereke Bank» АҚ Ақпараттық технологиялар жөніндегі құрылымдық комитеті
4. «Bereke Bank» АҚ Сатып алу жөніндегі комитеті

# АУДИТ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

## Рөлдер мен жауапкершілік

### Тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару бойынша Банкте функциялар келесідей үлестірілген:

Bereke Bank АҚ тәуекелдерді азайту және бизнестің табыстылығының маңызды элементі ретінде ішкі бақылау саласындағы басқарудың жоғары сапасы мен тиімділігін көрсетуде. Ішкі бақылау Банктің қолданыстағы корпоративтік бақылау жүйесіне барлық ұйымдастырушылық деңгейлерде интеграцияланады.
Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қадағалауда негізгі рөлді атқарады. Директорлар кеңесіне ішкі бақылау және тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін сақтау бойынша ұсынымдарды дайындау арқылы жұмыс тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында Директор кеңесінің жанында Аудит жөніндегі комитет құрылды.

Банкте Директорлар кеңесіне бағынатын және есеп беретін Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Ішкі аудит қызметіне Аудит жөніндегі комитет жетекшілік етеді. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін Директорлар кеңесі тағайындайды. Ішкі аудит қызметінің жұмысы Кәсіби ішкі аудит тәжірибесінің халықаралық негіздерінен құрылған және Ішкі аудит қызметінің рөлін, міндеттерін және есептілігін айқындайтын Ішкі аудит қызметі туралы ережеде бекітілген тәуелсіздік, бейтараптық, адалдық, әділдік және кәсіби құзіреттілік қағидаларын сақтай отырып жүзеге асырылады. Ішкі аудит қызметінің функцияларын тиімді жүзеге асыру мақсатында Директорлар кеңесі ұдайы негізде есептік кезеңде орындалған KPI есепке алғанда Қызмет жұмысының тиімділігін бағалау нәтижелерін қарап отырады.



Ішкі аудит қызметінің міндеті тәуекелге бағытталған тәсіл, ұсынымдар жасау және білім алмасу негізінде әділ ішкі аудиторлық тексерулерді жүргізу арқылы Банк құнын сақтау және арттыру болып табылады. Ішкі аудит қызметі аудитті үшінші қорғау желісі ретінде тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін тәуелсіз бағалауды жүзеге асырады. Жылдық аудиторлық жоспарды, аудит нәтижелерін Директорлар кеңесі қарап, бекітеді. Есептік кезеңде жүргізілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ішкі аудиті қорытындысы бойынша олардың стандарттарға сәйкестігі расталды, бұл тәуекелдердің Банк қызметіне әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

2022 жылғы қыркүйекте акцияларын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сатып алуына байланысты Банк квазимемлекеттік секторға өтті.
Осыған байланысты есептік кезеңде Банк сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты күшейтуге бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты күшейту аясында Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесін қолдануды көздейтін «Bereke Bank» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты қайта қаралды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларына Банк қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының тиімділігін бағалауды көздейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтен, Банк процестеріндегі сыбайлас жемқорлық қауіптерін ішкі талдауды жүзеге асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қаржылық бақылау шараларын қолдану, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қою кіреді.

Тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Банк қызметкерлерінің Банкте лауазымдық міндеттерін іске асыру кезіндегі тәртібі мен жауапкершілігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары бекітілген. Олар бойынша мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген қызметкерлерге де, Банктің басқа қызметкерлеріне де жүйелі оқыту өткізіліп отыратын оқыту бағдарламалары дайындалды.

Банк қызметінде сыбайлас жемқорлық қауіптерінің алдын алу бойынша жұмыстар белсенді жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес жыл сайынғы сыбайлас жемқорлық қауіптеріне ішкі талдау жүргізілді. Оның нәтижелері Банктің корпоративтік сайтында жарияланған. Банк сайтында Bereke Bank» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, Банкте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық кезінде қарау рәсімдері туралы ақпаратты қоса алғанда басқа да қажетті құжаттар/ақпарат жарияланған.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген қызметкерлер тізімі белгіленді. Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметке қатысты шектеулер бойынша Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы талаптарының сақталуына бағытталған іс-шаралар өткізілді.

Бұдан бөлек Банк сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциялары жүктелген тұлға мақсаттарын, міндеттерін, қағидаларын және уәкілеттіктерін реттейтін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы ережені бекітті.
Банктің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл жүйесі сыбайлас жемқорлық әрекеттердің алдын алудың, оның ішінде банк қызметінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етудің тиімді тетігін ұйымдастыру, банктің барлық жұмыскерлерінің жалпы корпоративтік қағидаттар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық мінез-құлқын қабылдамау стандарттарын толығымен ұстанады.

2023 жылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат жоқ.

# МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫН БАСҚАРУ

«Bereke Bank» АҚ-да мүдделер қайшылығын басқару жөніндегі саясатқа сәйкес Банктің күнделікті қызметінде мүдделер қайшылығының алдын алу және оны тиімді басқаруға бағытталған жалпы қағидалардың, нормалардың сақталуын қамтамасыз ету процесіне Банктің барлық уәкілетті органдары мен қызметкерлері қатысады. Банк үшін оның қызметінде мүдделер қайшылығының туындауымен байланысты жағымсыз салдарға жол бермеу мүдделер қайшылығын басқарудың негізгі мақсаты болып табылады.

Банктің Директорлар кеңесі мүдделер қайшылығын басқару саласында процеске және қабылданатын шараларға жалпы бақылауды жүзеге асырады және банктегі мүдделер қайшылығының деңгейі туралы ақпаратты қарайды.

Басқарма жүйелерді, процестерді, бақылауды ұйымдастыру және мүдделер қайшылығын басқару аясындағы рәсімдер арқылы ҚР заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді, өз уәкілеттігі шегінде мүдделер қайшылығы және кәсіби этика мен бизнес жүргізудің этикалық нормалары саласында мәселелерді қарайды және шешім қабылдайды, сондай-ақ мүдделер қайшылығын басқару жүйесін құру бойынша маңызды мәселелер мен өткізілетін іс-шаралар бойынша шешім қабылдайды.

Банктің барлық қызметкерлері мүдделер қайшылығының туындауына әкелуі мүмкін жағдайларды сәйкестендіріп, бағалайды. Олар Қазақстан Республикасының заңнамасының, «Bereke Bank» АҚ-да мүдделер қайшылығын басқару жөніндегі саясат талаптарын, сондай-ақ кәсіби этика қағидалары мен іскерлік тәртіптің этикалық нормаларын қатаң сақтайды.

Банктің жұмыскерлері/лауазымды тұлғалары атқаратын лауазымына қарамастан, Банкте мүдделер қайшылығын басқару жөніндегі саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақталуы үшін дербес жауапты болады.

**Банк мүдделер қайшылығының алдын алуға бағытталған іс-шараларды белсенді түрде өткізіп тұрады, атап айтқанда:**

1. қызметкерлерге ұдайы мүдделер қайшылығының белгілері мен салдарын түсінуге көмектесетін оқыту ұйымдастырып тұрады;
2. нақты, соның ішінде Банк бөлімшелері, лауазымды тұлғалары және қызметкерлері арасында міндеттер мен уәкілеттіктерді бөлуді көздейтін ережелер мен рәсімдерді белгілейді;
3. мүдделер қайшылығына жүйелі мониторинг жүргізіп отырады.

Мүдделер қайшылығына жүйелі мониторинг жүргізу процесіне Банк қызметі аясында мүдделер қайшылығының болуын немесе болмауын бақылау, талдау және бағалау кіреді. Мониторинг заңнама, «Bereke Bank» АҚ-да мүдделер қайшылығын басқару жөніндегі саясат талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету, сондай-ақ ықтимал қауіптерді анықтау және оларды реттеу үшін тиісті шараларды қабылдау мақсатында жүзеге асырылады.

Мониторинг нәтижелері ұдайы негізде Банктің уәкілетті алқалы органдарының қарауына шығарылады, онда Банкте мүдделер қайшылығының болуы/болмауы, мүдделер қайшылығының саны, түрлері, Банк қызметіне әсері, сондай-ақ мүдделер қайшылығын басқару (алдын алу, реттеу) бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат көрсетіледі.
Есептік кезең бойынша мүдделер қайшылығын іске асырумен байланысты, соның ішінде Банкте Қазақстан Республикасының “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” Заңында қарастырылған оқиғалар жоқ.

Есептік кезең бойынша елеулі айыппұлдар мен қаржылық емес ықпал ету шаралары болған жоқ.
Монополияға қарсы заңнаманың бұзылуына және бәсекелестікке кедергі келтірумен байланысты жағдайлар есепті жыл ішінде болған жоқ.




# 08

## ӘЛЕУМЕТТІК ЕСЕП

2023 жыл бойынша жылдық есеп

# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

## Корпоративтік жауапкершілік

Банкте «Bereke Bank» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты қабылданып, бекітілді. Бұл саясатта қабылданған тәртіп стандарттары көрсетілген, Банктің өз қызметінде уәкілеттіліктерді асыра пайдалануға жол бермеу, коммерциялық параға сатып алуға жол бермеу, сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрі мен көріністерін қабылдамау ("шыдамдылық танытпау" қағидасы) қағидаларын ұстанатыны және қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетінің деңгейін арттыруға болысуды өз міндеті санайтыны баяндалған.

Банктің ішкі құжаттарына және жұмысқа кірер кезде жасалатын еңбек шарттарына сәйкес Банк қызметкерлері Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, соның ішінде Корпоративтік басқару кодексінің, Іскерлік этика кодексінің талаптарын сақтауға міндетті.

Банкте «Bereke Bank» АҚ  Комплаенс-тәуекелді басқару саясаты бекітілген, онда сандық және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу және талдау есебімен тәуекел-бағытталған тәсілдеме негізінде комлаенс-тәуекелді басқару қағидаларын және үдерісін ұйымдастырылуы көрсетілген.

2023 жылы қызметкерлердің Корпоративтік этика кодексі қағидаларын сақтау бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайлар және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, соның ішінде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл салсында, инсайдерлік ақпартты заңсыз қолдану, банктік құпияны және Банктің басқа талаптары мен ішкі құжаттарын бұзу оқиғалары болған жоқ.

## Еңбек және еңбек қарым-қатынастары

Банк адам құқықтарын сақтайды және оның маңыздылығы мен жалпыға ортақтылығын мойындайды. Ішкі құжаттарда Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясымен, Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенциямен, Халықаралық еңбек ұйымының Декларациялары және Конвенцияларымен және адам құқығы саласындағы басқа да халықаралық құжаттармен белгіленген негізгі қағидалары толығымен сақталады. Банк өз қызметкерлерімен және олардың өкілдерімен ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес ашық және сындарлы диалогты қамтамасыз етеді.

Банкте «Bereke Bank» АҚ Корпоративтік этика кодексі қабылданып бекітілген, бұл Кодексте Банктің міндеттері мен құндылықтарына негізделген, қызметкерлерге, клиенттерге, серіктестерге адал және әділетті қарым-қатынасты, ҚР заңнамасының және ішкі нормативтік құжатардың сақталуын қамтамасыз ететін, қабылданған тәртіп стандарттары көрсетілген.

## Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

Банкте жазатайым оқиғалар туындау қаупі жоғары белгілі бір қызметкерлер (электрші, санитарлық техник, жүргізушілер, жұмысшылар) және жұмыс түрлері (электр және басқа жабдықтармен жұмыс, биіктіктегі жұмыс) үшін Банкте еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық дайындалып бекітілді.

Өрт және техникалық қауіпсіздік бойынша нұсқама 2022 жылы 405 жаңа қызметкерге өткізілді. Барлық қызметкерлер  Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 "Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" бұйрығына сәйкес «Bereke Bank» АҚ ғимаратында, жайларында және аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету" тақырыбына оқытудан және тестілеуден өтеді.

Банк қызметкерлерін төтенше жағдайларда жасалатын іс-әрекеттерге дайындық деңгейін көтеру мақсатында жергілікті атқарушы мемлекеттік органдармен және төтенше жағдайлар департаменттерімен бірге орындарда жаттығулар (сейсможаттығулар, антитеррор, өрт қауіпсіздігі) өткізіледі.

## Қызметкерлердің денсаулығы

Банк қызметкерлерінің денсаулығы мен амандығын ойлайды, сондықтан қауіпсіз және қолайлы жұмыс жағдайымен қамтамасыз ету, салауатты өмір салтын ұстану негізгі басымдық болып саналады. Өткен 2023 жылы бірде-бір өндірістік жарақат алу оқиғасы тіркелмеген.

Банкте ерікті медициналық сақтандыру жүйесі бар. 2023-2024 ж. кезеңде қызметкерлердің жалпы санының 88,4% сақтандырылды. 2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 3347 қызметкер және 807 отбасы мүшелері сақтандырылды.

Банк қызметкерлердің өз денсаулығын нығайтуға және салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған талпыныстарын қолдайды, әрдайым қызметкерлер мен олардың отбасыларының мүшелері үшін спорттық іс-шаралар ұйымдастырып отырады.

## Корпоративтік жеңілдіктер

Банк қызметкерлерді әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейін арттыру мақсатында Банкте үнемі корпоративтік жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесі дамытылып отырады. Ол медициналық сақтандыру жүйесін, фитнес, материалдық төлемдерді (жүктілікпен, бала туумен, отбасы мүшесінің, қызметкердің қайтыс болуына байланысты) және банк қызметкерлеріне арналған басқа жеңілдіктер мен артықшылықтарды, жазатайым оқиғалар мен ауыр сырқаттардан сақтандыруды қамтиды.

# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

## Қызметкерлер

Банктің біліктілігі жоғары қызметкерлері оның негізгі ресурстарының және бәсекеге қабілетті басымдылықтарының бірі, ал кадрлық саясаты – стратегиялық жоспарларының басты элементі болып табылады. Банк өз қызмтекерлерімен қарым-қатынасты әділеттілік, өзара құрмет және сенім негізінде құрады, қолайлы және қауәпсіз еңбек жағдайын жасайды, қызметкерлерге өз әлеуетін көрсетіп, біліктілігін артытру үшін мүмкіндік береді, еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асырады.

Банк білім беру ұйымдарымен серіктестік қарым-қатынастарын дамытуда. 2023 жылы Банк «De Montfort University Kazakhstan», «Нархоз», «UIB» университеттерімен 3 жаңа меморандум жасасты және "ҚазХҚжӘТУ", «СДУ», «ҚБТУ»,«Тұран» университеттерімен серіктестігін жалғастыруда. Жаңа құзіреттерді дамыту аясында дәрістер мен іс-шаралар өткізілді, есептік жылы Банкте 56 студент тәжірибе мен тағылымдамадан өтті. Олардың ең үздіктері жұмыс туралы ұсыныс алды.

31.12.2023 ж. жағдай бойынша нақты саны:

| Бөлімше | ШТ. кесте бойынша жұмыс істейді (нақты) |
|---|---|
| ЦО | 2 241 |
| Филиалы | 1 814 |
| **Итого** | **4 055** |

Банк қызметкерлерінің гендерлік құрылымы:

| Еден | Саны | % |
|---|---|---|
| Ер адамдар | 1 604 | 39,6% |
| Әйел адамдар | 2 551 | 60,4% |
| **Барлығы** | **4 055** | **100%** |

Қызметкерлердің орташа жасы 34 жасты құрайды: 30 жасқа дейін - 33,5%, 30-40 – 39,9%, 40 жастан жоғары – 25,6%, зейнет алдындағы немесе зейнет жасындағы – 1%.

## Қызметкерлердің дамуы

Банктің кадрлық саясатының негізінде стратегиялық тапсырмалардың шешілуін жоғары кәсіби деңгейде қамтамасыз етуге қабілетті қызметкерлерді кәсіби және әлеуметтік дамты жатыр. Сондықтан Банк оқу және кәсіби, көшбасшылық және басқарушылық құзіреттіліктерін дамытуға көп мүмкіндіктер бере отырып, соның ішінде Банктің Оқыту орталығы негізінде және сыртқы жаттықтырушыларды тарта отырып, қызметкерлердің кәсіби және жеке дамуына үлкен көңіл бөледі.

2023 жылы 673 қызметкер ішкі оқытудан (онлайн/офлайн), 1802 қызметкер сыртқы оқытудан, 5045* қызметкер (қызметкерлердің нақты саны емес) қашықтан оқытудан өтті.

## Қызметкерлердің тұрақтамауы

Қызметкерлердің тұрақтамауы деңгейін басқару бойынша жұмыс аясында бөлімшелердің бастықтарымен жұмыс, департаменттер тұрғысында корпоративтік мәдениет диагностикасы, сондай-ақ қызметкерлердің тұрақтамауы жоғары топтардың HR қызметкерлерімен кері байланыс орнатуы жүргізілді. Сондай-ақ топтардағы проблемалық және сындарлы тұсын уақтылы анықтау және оны жою үшін қызметкерлердің тұрақтамауы жоғары бөлімшелерде жұмыстан шығатын қызметкерлермен exit-сұхбат жүргізіліп отырды.

Банк ҚР еңбек заңнамасын бұлжытпай орындайды, қызметкерлердің жұмысы мен жеке өмірі арасындағы дұрыс баланстың сақталуын қолдайды, олардың жұмыстан тыс міндеттемелеріне құрметпен қарайды. Біз әділеттілік және меритократия қағидаларына (қызметкерлердің табысқа жетуі бірінші кезекте олардың қабілеті мен еңбекқорлығына байланысты болған кезде) негізделе отырып, командамыздың мүшелеріне жеке нәтижелілікті бағалау қорытындысына сәйкес еңбегіне лайықты ақы төлеп, мансап құру үшін тең мүмкіндіктер берілетініне кепіл боламыз.

| Жыл | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|
| Тұрақтамау | 23% | 35,6% | 23,5% |

# КОРПОРАТИВТІК ІС-ШАРАЛАР

Корпоративтік іс-шаралар банктің корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігіне және команда құрудың маңызды құралдарының біріне айналды. Корпоративтік іс-шаралар команда құру, бейілділікті арттыру, материалдық емес ынталандыру (қызметкерлердің әлеуметтік пакетінің бір бөлігі ретінде) сияқты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Банк қызметкерлерінің дамуына көп көңіл бөледі. Қызметкерлерінің тек Банк ішінде ғана емес, сонымен қатар Банк аумағынан тыс дамуы үшін жағдай жасайды. Басты назар қызметкерлердің денсаулығын сақтауға, психологиялық күйін жақсы деңгейде сақтауға бағытталған. Банк мықты командалық рух қалыптастыру үшін әр қызметкерге талпыныстарын және армандарын, түрлі идеяларын іске асыруға көмектесуге дайын.

Үлкен мерекелермен қатар ұйымдастырылатын түрлі team-building іс-шаралар - мастер-кластарды, курстарды, спорттық командалық ойындарды, турнирлерді, сонымен қатар бірге тауға шығу, спорттық іс-шараларды атап өткен жөн.

Әлеуметтік жауапкершілік, салауатты өмір салтын және спорттық құндылықтарды насихаттау - Банктің корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі. Біздің әріптестеріміз өз үлгісімен спортпен айналысу тек өзін-өзі тәрбиелеу және еңбек ету ғана емес, бұл жеке жеңіс пен командалық рух екенін көрсетеді.

## 2023 жылғы негізгі оқиғалар ретінде банктің спорттық командаларының келесі іс-шараларға қатысуын атап өтуге болады:

- Марафоншылар командасының жыл сайынғы “Алматы-марафонға” қатысуы. Bereke Bank командасы алтыншы жартылай марафоннан қалыс қалған жоқ. Оған 27 қызметкер қатысты.
- ОК және филиалдардың қызметкерлеріне арналған «Bereke Cup» ішкі турнирін ұйымдастыру. «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингінің 10 жылдығына орай
- Банк қызметкерлеріне арналған мини-футболдан турнирдің өткізілуі.
- Банк командасының қаржы ұйымдарының қызметкерлері арасында өткізілген футзалдан турнирге қатысуы.
- Банк қызметкерлерінің «Қазақстан қор биржасы» АҚ 30-жылдық мерейтойына орай мини-футболдан «KASE-2023» жарысына қатысуын ұйымдастыру.



# КОРПОРАТИВТІК ІС-ШАРАЛАР

## Демеушілік пен қайырымдылық - «Bereke Bank» АҚ корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі.

Қайырымдылық жобаларды жүзеге асыра отырып және демеушілік көмек көрсете отырып, банк өзінің құндылықтарын және ашықтық пен ынтымақтастық қағидаларын ұстанатындығын көрсетеді. 2023 жылы банк 130 млн теңгегеден артық сомаға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетті.

Көптеген жылдар бойы Банк түрлі деңгейдегі және ауқымдағы әлеуметтік жобаларды қолайлы және іске асырады. Bereke Bank балалар мекемелеріне, қоғамдық ұйымдарға қолдау көрсетуді, сондай-ақ білім, ғылым, мәдениет және өнерді демеуге тиісті көңіл бөлуді өзінің міндеті деп біледі. Бұдан бөлек демеушілік жобалары арасында ірі қазақстандық және халықаралық іскери іс-шараларды өткізумен байланысты бастамаларды да атап өткен жөн.







## 2023 жылы Bereke Bank келесі имидждік алаңдарда демеуші болды:

- Алматы қ. әкімдігінің «Digital Almaty 2023» ауқымды технологиялық форумы
- Ірі қазақстандық “ULTTYQ ÓNIM” отандық өндірушілер көрмесі
- “МедиаҚұрылтай” қазақстандық БАҚ нарығын дамыту мәселелері бойынша жыл сайынғы тәуелсіз салалық конференцияның демеушісі“Астана” халықаралық форумы” атты жыл сайынғы экономикалық форумының демеушісі
- Bereke Bank Алматы қаласының күніне орай “JAZZ TIME”, “Неделька”-дағы классикалық музыка кеші, “Ғасырлар үні” атты 3 аспаптық концертті өткізуге демеушілік етті;
- Банк Digital Bridge «Astana Hub» IT- Стартаптардың халықаралық технопаркі» корпоративтік қорының демеушісі болып, форумда өзінің жаңа өнімі - B-Bank мобильді қосымшасында криптоәмиянды толтыру сервисін таныстырды.
- Bereke Bank демеуші ретінде ESG аясындағы Комлаенс және іскери этика қауымдастығының жыл сайынғы конференциясына қатысты.




# 09

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2023 жыл бойынша жылдық есеп

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

**«Bereke Bank» Акционерлік қоғамы**

**Қаржылық есептілік**

*2023 жыл бойынша*
*тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен*

«Bereke Bank» Акционерлік қоғамы — 2023 жыл бойынша қаржылық есептілік

## МАЗМҰНЫ

**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ**

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

Қаржылық жағдай туралы есеп....1
Пайда немесе залал және басқа да жиынтық кірістер туралы есеп....2
Меншік капиталдағы өзгерістер туралы есеп....3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп....4
Қаржылық есептілікке ескертпелер....5-70

«Bereke Bank» Акционерлік қоғамы — 2023 жыл бойынша қаржылық есептілік

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

**2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша**

*(миллион теңгемен)*

| | *Ескертпе* | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| Ақша қаражаты мен олардың баламалары | 5 | **695,509** | 421,819 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | 6 | **11,157** | – |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар | 7 | **1,215,990** | 1,175,470 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | | | |
| Банк меншігіндегі | 8 | **47,017** | 3,151 |
| Ағымдағы корпоративтік кіріс салығы бойынша активтер | | – | 6,758 |
| Мерзімі шегерілген корпоративтік кіріс салығы бойынша активтер | | **404** | – |
| Негізгі құралдар | 9 | **42,115** | 46,520 |
| Бейматериалдық активтер | 10 | **23,894** | 19,752 |
| Басқа активтер | 11 | **20,933** | 18,177 |
| **Активтер жиыны** | | **2,057,019** | 1,691,647 |
| **Міндеттемелер** | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 12 | **114,400** | 90,030 |
| Корпоративтік клиенттердің қаражаттары | 13 | **577,607** | 867,677 |
| Жеке тұлғалардың қаражаттары | 13 | **437,718** | 209,878 |
| Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар | 14 | **421,185** | – |
| Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер | 15 | **314,936** | 356,086 |
| Ағымдағы корпоративтік кіріс салығы бойынша міндеттемелер | 24 | **309** | – |
| Кейінге қалдырылған кіріс салығы бойынша міндеттемелер | 24 | – | 726 |
| Басқа міндеттемелер | 16 | **28,188** | 33,545 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **1,894,343** | 1,557,942 |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 17 | **51,500** | 51,500 |
| Бөлінбеген пайда | | **87,259** | 58,297 |
| Басқа қорлар | 17 | **23,917** | 23,908 |
| **Капитал жиыны** | | **162,676** | 133,705 |
| **Капитал және міндеттемелер жиыны** | | **2,057,019** | 1,691,647 |

**Банк Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:**

Тимченко А.И. — Басқарма Төрағасы

Сафина А.Б. — Бас бухгалтер

2024 жылғы 5 наурыз

*5-беттен 70-бетке дейінгі беттердегі ескертулер берілген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.* 1

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«Bereke Bank» Акционерлік қоғамы — 2023 жыл бойынша қаржылық есептілік

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

**2023 жылғы «31» желтоқсанда аяқталған жыл бойынша**

*(миллион теңгемен)*

**оның баламалары**

*5-беттен 70-бетке дейінгі беттердегі ескертулер берілген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.* 4

«Bereke Bank» Акционерлік қоғамы — 2023 жыл бойынша қаржылық есептілікке ескертпелер

*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 1. Қызметінің сипаттамасы

«Bereke Bank» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Банк") 1993 жылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелді.

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Бас компаниясы" немесе "Бәйтерек") Банктің жалғыз акционері болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - "Үкімет") негізгі бақылаушы тарап болып табылады. Байланысты тараптармен мәмілелер туралы ақпарат 29-ескертпеде көрсетілген.

Банктің негізгі қызмет бағыты Қазақстан Республикасының аумағындағы банктік операциялар болып табылады. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі құнды қағаздар нарығында банктік және басқа операцияларды, қызметтерді жүргізуге берген 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 1.2.199/93/31 лицензия негізінде жүзеге асырады. 2022 жылғы 20 қыркүйек күні Банктің құнды қағаздар нарығында банктік және басқа операцияларды, қызметтерді жүргізуге берілген № 1.2.199/93/31 лицензиясы Банк атауының өзгеруіне және қайта тіркеу процесінің жүргізілуіне байланысты қайта рәсімделді және бұрынғы лицензиялардың орнына қолданлады.

Банк Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының (бұдан әрі-ҚДКБҚ) қатысушысы болып табылады. ҚДКБҚ негізгі мақсаты қорға қатысушы банк мәжбүрлі түрде таратылған жағдайда салымшылардың мүдделерін қорғау болып табылады. 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұлттық валютадағы жинақ салымдары бойынша сақтандыру өтемінің ең жоғарғы сомасы 20 миллион теңгені құрайды, ұлттық валютадағы карталар, шоттар және басқа депозиттер боойынша 10 миллион теңгеге дейін, ал шетел валютасында 5 миллион теңгеге дейін.

2022 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің филиалдық желісі Қазақстан Республикасында орналасқан 17 филиалдан тұрады.

Банктің бас кеңсесі тіркелген мекенжай: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 13/1.

Банктің активтері мен міндеттемелерінің көп бөлігі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан.

**Қазақстан Республикасында қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптары**

Банк қызметі көбінде Қазақстанда жүзеге асырылады. Сәйкесінше, Банк бизнесіне дамушы нарық ерекшеліктері тән Қазақстан экономикасы мен қаржы нарығы ықпал етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер дамуды жалғастыруда, бірақ олардың талаптарын талқылаудың күрделі болуы тәуекелі бар, сондай-ақ жиі өзгерістерге ұшырауы мүмкін, бұл басқа заңды және қазыналық кедергілермен қоса Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар туғызуда.

Соңғы уақыттағы Ресей мен Украина айналасындағы тұрақсыз геосаяси ахуал Қазақстандағы экономикалық белгісіздік деңгейін арттыра түсті.

2022 жылғы ақпанда Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери шиеленіске байланысты бірқатар елдер ресей Федерациясына қатысты санкциялар енгізді. Шиеленіс ықпалы тек екі елдің экономикалық белсенділігіне ғана емес, жаһандық экономикаға да әсер етуде. Санкциялар енгізу нәтижесінде әлемнің көптеген елдерінде шикізат және азық-түлік тауарларының бағасы қымбаттады, ресурстарды жеткізу арасындағы байланыс бұзылды, бағаларға инфляцияның әсері байқалуда, талдаушылар оның әлемдік өнеркәсіпке тигізетін экономикалық салдарын болжауда.

Ұсынылған қаржылық есептілік Қазақстанда бизнес жүргізу талаптарының Банктің қызметіне және қаржылық ахуалына тигізетін әсері туралы басшылықтың көзқарасын білдіреді. Шаруашылық жүргізудің болашақ талаптарының нақты әсері басшылықтың бағалауынан өзгешеленуі мүмкін.

## 2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

**ҚЕХС-ке сәйкестік туралы мәлімдеме**

Осы қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес шығарған ҚЕХС стандарттарына (КЕХС стандарттары) сәйкес дайындалды.

**Құнды белгілеу базасы**

Қаржылық есептілік "Есептік саясаттың негізгі қағидалары" бөлімінде белгіленгенді есепке алмағанда, тарихи құны бойынша есепке алу қағидасына сәйкес дайындалды. Мысалы, басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын сауда бағалы қағаздары, инвестициялық бағалы қағаздар және туынды қаржы құралдары.

**Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы**

Банктің функционалдық валютасы қазастандық теңге (бұдан әрі - "теңге") болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Банк жүргізетін көптеген операциялардың және онымен

5

«Bereke Bank» Акционерлік қоғамы — 2023 жыл бойынша қаржылық есептілікке ескертпелер

*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

байланысты, оның қызметіне әсер ететін жағдайлардың экономикалық болмысын ең жақсы жолмен көрсетеді.

Осы қаржылық есептілік басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен ұсынылған.

6

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

**Қызметінің үздіксіздігі туралы болжам**

2022 жылғы сәуірде «Сбербанк России» ЖАҚ еншілес банкі бола отырып, Банк SDN OFAC List санкциялық тізіміне енгізілді, бұл Visa және Mastercard карта жүйелерінің өшірілуін, клиенттердің жаппай кетуін; шетелдік валюталардағы корреспонденттік шоттардың жабылуын; клиенттік және банктік төлемдерді және корреспондент банктердің аударымдарды орындау мерзімінің артуын; клиенттік және банктік төлемдерді және корреспондент банктердің аударымдарды орындаудан бас тартуды және басқаларды қоса алғанда банк үшін жағымсыз салдарға әкелді.

2022 жылғы 1 қыркүйек күні "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ «Сбербанк России» ЖАҚ 99.99776% акцияларының бақылау пакетін сатып алып, Банктің бас компаниясы атанды. 2022 жылы Бас компания және оның үлестес компаниялары орын алған жағдайда Банктің өтімділігін қолдау мақсатында өтеу мерзімі 2023 жылғы желтоқсан және 2024 жылғы ақпан болатын мерзімді депозиттер ашты, оларды Банк көрсетілген мерзімде толық өтеді. Өтімділік тәуекелін ары қарай басқару үшін 2024 жылғы ақпан және наурыз айларында Банк байланысты тараптардан өтеу мерзімі 2027 ж. ақпанда болатын 270,000 миллион теңге жинақ депозиттерін тартты.

2022 жылы орын алған жағдайға байланысты Банк 2022 жыл ішінде к1, к1-2 және к2 капиталының жеткіліктілігінің коэффициенттерін, өтімділік коэффициенттерін, ашық валюталық жайғасым бойынша коэффициенттерді қоса алғанда, Банктің меншік капиталына байланысты пруденциалдық нормативтерді сақтауды тоқтатты. Сондықтан, Банк 2022 жылы Пруденциалдық нормативтерді қалпына келтіру және шетелдік валютадағы ашық жайғасымын азайту бойынша іс-шаралар жоспарын дайындады, оны Банк Басқармасы мақұлдап, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қабылдады. 2023 жылы Банк басшылығы Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп берді. 2023 жылы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сондай-ақ осы қаржылық есептілік шығарылған күнгі жағдай бойынша Банк реттеуші белгілеген барлық пруденциалдық нормативтерді сақтады.

2023 жылғы 8 наурыз күні Банк АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасынан Банктің SDN OFAC List санкциялар тізімінен шығарылғаны туралы хат алды.

2023 жыл бойынша Банктің таза табысы 28,963 миллион теңгені құрады (2022 жыл бойынша Банктің таза шығыны 124,522 миллион теңгені құрады).

Осы факторларға негізделіп, басшылықтың Банк өз қызметін жалғастыру үшін жеткілікті қорға ие және болашақта ие болады деп күтуге негіздері бар. Тиісінше, басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі белгісіздіктің жоқтығы туралы қорытындыға келді.

## 3. Есептік саясаттың маңызды қағидалары

Банк есептк саясаттың келесі қағидаларын осы қаржылық есептілікте көрсетілген барлық кезеңдерге кезекпен қолданды:

Бұдан бөлек Банк 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Банк "Есептік саясат туралы ақпаратты ашу" құжатын қабылдады (1- ХҚЕС-ке (IAS) 2-Тәжірибелік ұсынымдарға түзетулер) Түзетілер ұйымнан есептік саясаттың негізгі ережелерін емес, есептік саясат туралы маңызды ақпаратты ашуды талап етеді. Түзетулер есептік саясаттың елеулі өзгерістеріне әкелмегенімен, кейбір жағдайларда ол қаржылық есептілікте ашылатын есептік саясат туралы ақпаратқа ықпал етті.

Сондай-ақ түзетулер пайдаланушыларға қаржылық есептіліктегі басқа ақпаратты түсіну үшін қажет, ұйым үшін ерекше, есептік саясат туралы пайдалы ақпаратты ұсынуда ұйымдарға көмектесе отырып, есептік саясат туралы ақпаратты ашуда маңыздылық тұжырымдамасын қолдануға қатысты нұсқаулардан тұрады.

Басшылық есептік саясатты қайта қарап, 3. "Есептік саясаттың маңызды қағидалары" ескертпесінде ашылған белгілі ақпаратты түзетулерге сәйкес жаңартты (2022 жыл: "Есептік саясаттың негізгі қағидалары).

**Әділ құнын бағалау**

Банк пайда немесе залал немесе арқылы әділ құны (ПЗӘҚ) немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны (ӨЖКӘҚ) бойынша көрсетілетін қаржы құралдарын әр есептік күнгі әділ құны бойынша бағалайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат 28-ескертпеде ашып көрсетілген.

Әділ құны активті сату үшін алынуы мүмкін немесе бағалау күнгі жағдай бойынша нарық қатысушылары арасындағы қалыпты мәсіле барысында міндеттемені тапсыру кезінде төленуі мүмкін болған баға болып табылады.





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 3. Есептік саясаттың маңызды қағидалары (жалғасы)

**Әділ құнын бағалау (жалғасы)**

Әділ құнын бағалау активті сату немесе міндеттемені тапсыру мақсатымен жасалатын мәміленің келесідей жүзеге асырылуын көздейді:

- берілген актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- негізгі нарық болмаған жағдайда, берілген актив немесе міндеттемеге қатысты барынша тиімді нарықта.

Негізгі немесе барынша тиімді нарық Банк үшін қолжетімді болуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары өзінің ең жақсы экономикалық мүдделері бойынша әрекет етуі талабымен актив немесе міндеттеме бағасын белгілеген кезде пайдаланылуы мүмкін болжамдарды пайдалана отырып бағаланады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау кезінде нарық қатысушысының активті ең жақсы және ең тиімді пайдалану немесе берілген активті ең жақсы және ең тиімді пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сату арқылы экономикалық пайданы түрлендіру қабілетін назарға алады.

Банк берілген жағдайда орынды болатын және әділ құнды есептеу үшін деректері жеткілікті болатын және бұл ретте релеванттық бақыланатын шығыс деректерін барынша пайдалануға және бақыланбайтын релеванттық деректерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін бағалау үлгілерін қолданады. Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің шығыс деректері негізінде төменде сипатталған әділ құн иерархиясы аясында жіктеледі:

- 1-деңгей – бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағаны белгілеу (түзетілмейтін).
- 2-деңгей - иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын, әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын шығыс деректері нарықта тікелей немесе жанама бақыланатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей - иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын, әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын шығыс деректері нарықта бақыланбайтын бағалау үлгілері.

Қаржылық есептілікте қайталанатын негізде танылатын активтер мен міндеттемелер болған жағдайда Банк әр есептік кезең соңына жіктеуді қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің шығыс деректері негізінде), олардың иерархияның кезеңдері аясында аудару қажеттілігін бағалайды.

**Қаржылық активтер және міндеттемелер**

***Бастапқы тану***

*Тану күні*

Қаржылық активтерді міндеттемелерді стандартты талаптарда сатып алу немесе сату мәміле жасалған күні, яғни, Банк өзіне активті сатып алу немесе сату бойынша міндеттемені алған күні көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алуға немесе сатуға қаржылық активтер мен міндеттемелерді оның талаптары бойынша активтер мен міндеттемелерді нарықта қабылданған қағидалар мен келісімдерде белгіленген мерзім аясында жеткізу талап етілетін шарт аясында сатып алу немесе сату жатады.

***Бастапқы бағалау***

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын жіктеу шарттық талаптарға және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-үлгіге байланысты. Қаржы құралдары мен қаржылық міндеттемелер ПЗӘҚ бойынша бағаланатын жағдайларды есепке алмағанда, қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда әділ құны бойынша бағаланады.

*Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаттары*

Банк өзінің барлық қаржылық активтерін активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-үлгі және активтердің шарттық талаптары негізінде келесілер бойынша бағаланатын ретінде жіктейді:

- амортизацияланған құны;
- ӨЖКӘҚ;
- ПЗӘҚ.





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 3. Есептік саясаттың маңызды қағидалары (жалғасы)

**Қаржылық активтер және міндеттемелер (жалғасы)**

***Бастапқы баға (жалғасы)***

*Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаттары (жалғасы)*

Банк туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану қағидаларын қолданудың ретсіздігін болдырмауға немесе елеулі түрде азайтуға мүмкіндік беретін болса, Банк өз қалауы бойынша қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктеуі мүмкін.

Қарыздар мен қаржылық кепілдіктер беру бойынша міндеттемелерден басқа қаржылық міндеттемелер саудаға арналған немесе туынды құралдар болса, амортизацияланған құны немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланады немесе ұйымның қалауы бойынша әділ құны бойынша бағаланатын болып жіктеледі.

*Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттік ұйымдардағы қаражат, клиенттерге кредиттер және алғытөлемдер, инвестициялық бағалы қағаздар*

Банк келесі екі талап орындалған жағдайда ғана кредиттік ұйымдардағы қаражатты, клиенттерге кредиттерді және алғытөлемдерді және басқа қаржылық инвестицияларды амортизацияланған құны бойынша бағалайды:

- қаржылық актив мақсаты шартта қарастырылған ақша ағымдарын алу үшін қаржылық активтерді ұстау болып табылатын бизнес-үлгі аясында ұсталады;
- қаржылық активтің шарттық талаптары көрсетілген күндері тек борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне жіберілетін төлем (SPPI) болып табылатын ақша ағымдарын алуды шарттайды.

Берілген талаптар төменде толығырақ қарастырылады.

*Бизнес-үлгіні бағалау*

Банк бизнес-үлгіні белгілі бизнес мақсаттарына жету үшін топтарға біріктірілген қаржы активтерін басқару қандай жолмен жүргізіліп жатқанын ең жақсы көрсететін деңгейде белгілейді.

Банктің бизнес-үлгісі бөлек құралдар деңгейінде емес, қоржындарды біріктірудің жоғарғы деңгейінде бағаланады және келесідей бақыланатын факторларға негізделген:

- бизнес-үлгінің нәтижелілігі және осы бизнес-үлгі аясында ұсталынатын қаржы активтерінің табыстылығы қалай бағаланады және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқарушы қызметкерлер құрамына қалайша хабарланады;
- бизнес-үлгінің нәтижелілігіне (жәнеосы бизнес үлгі аясында ұсталатын қаржы активтерінің табыстылығына) әсер ететін тәуекелдер, атап айтқанда, берілген тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлерге қалайша сыйақы беріледі (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта қарастырылған алынған ақша ағымына негізделген бе);
- күтілетін сату жиілігі, көлемі және мерзімдері де Банктің бизнес-үлгісін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-үлгіні бағалау орын алуы негіздемелі түрде "ең нашар" немесе "күйзелістік" сценарийлер есебінсіз күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер ақша ағымдары бастапқы танығаннан кейін Банк күткен тәсілден басқа тәсілмен өткізілген жағдайда Банк осы бизнес-үлгі аясында ұсталатын қалған қаржылық активтерді өзгертпейді, бірақ алдағы уақытта жақында құрылған немесе жақында сатып алынған қаржылық активтерді бағалау кезінде мұндай ақпаратты назарға алады.

*"Негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігінің пайыздарының төлемдері" тесті (SPPI тесті)*

Жіктеу үдерісінің екінші кезеңі аясында Банк шартта қарастырылған актив бойынша ақша ағымдары негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігінің пайыздарының төлемдері (SPPI тесті) болып табылады ма, жоқ па, анықтау үшін қаржылық активтің шарттық талаптарын бағалайды.

Осы тесттің мақсаттары үшін "борыштың негізгі сомасы" қаржылық активті бастапқы тану кезінде оның әділ құны ретінде айқындалады және ол берілген қаржылық активтің қолданыс мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер борыштың негізгі сомасының төлемдері немесе сыйақы/дисконт амортизациясы).

Кредиттік шарт аясында пайыздардың неғұрлым маңызды элементтері болып әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтем және кредиттік тәуекел үшін өтем болып табылады.

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



## 3. Есептік саясаттың маңызды қағидалары (жалғасы)

**Қаржылық активтер және міндеттемелер (жалғасы)**

***Бастапқы баға (жалғасы)***

*"Негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігінің пайыздарының төлемдері" тесті (SPPI тесті) (жалғасы)*

SPPI тестін өткізу үшін Банк пайымдарды қолданып, орынды факторларды талдайды, мысалы, қаржылық актив қандай валютада ұсынылған және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезең.

Сол уақытта тәуекелдерге бейімділікке және шартта қарастырылған, базалық кредиттік келісіммен байланысты емес ақша ағымдарының құбылмалығына елеместей аз ықпал ететін шарттық талаптар тек қарыздың негізгі сомасының қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігінің пайыздарының есебіне төлемдер болып табылатын, шартта қарастырылған ақша ағымдарының пайда болуын шарттамайды. Бұл жағдайда қаржылық активті ПЗӘҚ бойынша бағалау қажет.

*ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар*

Келесі талаптардың екеуі де орындалса, Банк ӨЖКӘҚ бойынша борыштық құралдарды бағалайды:

- құрал мақсатқа шартта қарастырылған ақша ағымдарын алу және қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізілетін бизнес-үлгі аясында ұсталады;
- қаржылық активтің шарттық талаптары SPPI тестінің өлшемшарттарын сақтайды.

ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар соңында әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнының өзгеруі нәтижесінде туындайтын пайда мен шығын басқа жиынтық табыс құрамында танылады. Валюта бағамдарының өзгеруінен пайыздық түсім, пайда мен шығындар амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер жағдайындағыдай пайда немесе шығын құрамында танылады. Тану тоқтатылған жағдайда бұрын басқа жиынтық табыс құрамында танылғандар басқа жиынтық табыс құрамынан пайда мен шығын құрамына қайта жіктеледі.

ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша күтілетін кредиттік шығындар (ККШ) қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша бағалануды жалғастыратын бұл қаржылық активтердің баланстық құнын азайтпайды. Оның орнына амортизациялық құны бойынша активті бағалау кезінде құрылуы мүмкін болған, күтілетін шығындарға арналған бағалау резервіне тең сома тиісті сомаларды пайда және шығын құрамында тани отырып, басқа жиынтық табыс құрамында жиналған құнсыздану сомасы ретінде танылады. Басқа жиынтық табыс құрамында танылған жиналған шығындар сомасы активті тану тоқтатылған кезде пайда және шығын құрамына қайта жіктеледі.

*Қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер және кредит беру бойынша міндеттемелер*

Банк қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер және кредит беру бойынша міндеттемелерді шығарады.

Қаржылық кепілдіктер бастапқыда қаржылық есептілікте алынған сыйақы сомасында, әділ құны бойынша танылады. Бастапқы танығаннан кейін Банк әр кепілдік бойынша өз міндеттемесін пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте және ККШ бағалау резервінде танылған жиналған амортизация есебінсіз бастапқы танылған сомадан ең көп сома бойынша бағалайды.

Кредит беру бойынша міндеттемелер және аккредитивтер шарттық міндеттемелер болып табылады, олардың талаптары бойынша міндеттеменің қолданыс мерзімі ішінде Банк клиентке алдын ала келісілген талаптарда кредит беруге міндетті. Қаржылық кепілдік шарттарымен жағдайдағыдай мұндай міндеттемелерге қатысты ККШ бағалауға қойылатын талаптар қолданылады.

**Қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеу**

Банк қаржы активтерін басқарудың бизнес-үлгісін өзгертен жағдайларды есепке алмағанда, бастапқы танығаннан кейін қаржы активтерін қайта жіктемейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді. 2023 жылы Банк қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта жіктеген жоқ.

**Ақша қаражаты мен олардың баламалары**

Ақша қаражаттары және олардың баламалары қолма-қол ақша қаражатынан, ҚРҰБ-дағы қаражаттан және өтеу мерзімі туындаған күннен бастап тоқсан күн болатын кредиттік ұйымдардағы қаражаттан тұрады.





## 3. Есептік саясаттың маңызды қағидалары (жалғасы)

**"Репо" және "кері репо" шарттары**

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу шарттары ("репо" шарттары) қаржылық есептілікте қамтамасыз етілген қаржыландыру операциялары ретінде көрсетіледі. "Репо" шарттары бойынша өткізілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуді жалғастырады және контрагентте шарт талаптарынан немесе жалпы тәжірибеден шығатын берілген бағалы қағаздарды сату немесе қайта кепілге қою құқығы болған жағдайда "репо" шарттары бойынша кепіл ретінде ұсынылған бағалы қағаздар санатына ауыстырылады.

Кері сату шарттары (кері "репо") бойынша бағалы қағаздарды сатып алу жағдайға қарай ақша қаражаты және олардың баламалары, кредитттік ұйымдардағы қаражат немесе клиенттерге берлiген кредиттер құрамында көрсетіледі. Сату бағасы және қайта сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық түсім ретінде қарастырылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша "репо" шарттарының қолданыс мерзімінде есептеледі.

Қарыз талаптарында контрагенттерге тапсырылған бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуді жалғастырады. Қарыз талаптарында тартылған бағалы қағаздар тек үшінші тұлғаларға сатылған жағдайда ғана қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Бұл жағдайда сатып алу-сату шарты пайда және шығын туралы есепте және басқа жиынтық табыста сауда бағалы қағаздарымен операциялар бойынша шығындар есебінсіз пайда құрамында ескеріледі. Мұндай бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме сауда операциялары бойынша міндеттемелер құрамында әділ құны бойынша көрсетіледі.

**Туынды қаржы құралдары**

Банк өзінің қалыпты қызметі аясында валюталық нарықтарда және капитал нарықтарында түрлі қаржы құралдарын (форвардтар мен своптарды қоса алғанда) қолданады. Бұл қаржылық құралдар саудаға арналған және бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Әділ құны нарықтық белгілері немесе тиісті базалық құралдардың ағымдағы нарықтық және шарттық құнына және басқа факторларға негізделген бағалау үлгілері негізінде анықталады. Қаржылық құралдар оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары активтер құрамында, ал теріс әділ құны бар туынды қаржы құралдары міндеттемелер құрамында көрсетіледі. Көрсетілген құралдармен операциялар бойынша пайда мен шығын пайда мен шығын және басқа жиынтық табыс туралы есепте туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза табыстар/(шығындар) құрамында көрсетіледі.

Кіріктірілген туынды құрал - қолданыс нәтижесінде аралас құралдан түскен кейбір ақша ағындары өзіндік туынды құрал жағдайындағыдай өзгеретін туынды емес негізгі шарт кіретін, гибридтік шарт құрамдасы. Кіріктірілген туынды құрал қаржылық емес айнымалылық жағдайында ол шарт бойынша тараптардың бірі үшін өзгеше болып табылмайды деген талаппен, қарсы жағдайда келісілген пайыздық мөлшерлемеге, қаржылық құрал бағасына, тауар бағасына, валюталық бағамға, бағалар не немесе мөлшерлемелер индексіне, кредиттік рейтингке немесе кредиттік индекске немесе қандай да бір басқа айнымалыға сәйкес шартта белгіленетін кейбір немесе барлық ақша ағындарының өзгерісін анықтайды. Алайда, қаржы құралына бекітілген туынды құрал мұндай құралға қарамастан шарт бойынша тапсырылуы немесе басқа контрагентпен жасалған болуы мүмкін, кіріктірілген туынды құрал емес, бөлек қаржылық құрал болып табылады.

Қаржылық міндеттемелер мен қаржылық емес негізгі шарттар құрамына кіріктірілген туынды құралдар, егер олар туынды қаржы құралы анықтамасына сай келсе (жоғарыда қараңыз), олардың тәуекелдері және сипаттамаларының негізгі шарттардың тәуекелдері және сипаттамаларымен тығыз байланысы болмаса, ал негізгі шарттар сату үшін арналмаса және ПЗӘҚ бойынша бағаланбаса, бөлек есептеледі және әділ құны бойынша көрсетіледі. Негізгі шарттан бөлінген кіріктірілген туынды құралдар мұндай сауда портфелі құрамында әділ құны бойынша ескеріледі, бұл ретте әділ құнның барлық өзгерістері пайда және шығын құрамында көрсетіледі.

Қаржылық активтерді жіктеу бизнес-үлгі және SPPI тестін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

**Қарыз қаражаттары**

Егер шарттық келісім нәтижесінде Банктің ақша қаражатын немесе басқа қаржылық активтерді жеткізу немесе міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа қаржылық активтердің тіркелген осмаларын меншік үлестік құралдарының тіркелген санына айырбастаудан басқа жолмен орындау міндеттемесі болса, шығарылған қаржылық активтер және олардың құрамдастары міндеттеме ретінде жіктеледі. Мұндай құралдар кредиттік ұйымдардың қаражаттарынан, клиенттердің қаражатынан, шығарылған борыштық бағалы қағаздардан тұрады. Бастапқы танылғаннан кейін қарыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Міндеттемелерді тану тоқтатылған кезде, сондай-ақ амортизация үдерісі кезінде кірістер мен шығыстар пайда және шығын құрамында көрсетіледі.





## 3. Есептік саясаттың маңызды қағидалары (жалғасы)

**Сегменттік есептілік**

Операциялық сегмент Банк кіріс алатын немесе оған шығын келетін, қызметінің нәтижесін үнемі сегменттер арасында ресурстарды үлестру және олардың қызметінің қаржылық нәтижесін бағалау кезінде жауапты және оған қатысты қаржылық ақпарат қолжетімді тұлға талдау жүргізетін коммерциялық қызметке тартылған құрамын білдіреді.

**Қаржы құралдарды өзара есепке алу**

Заңмен қорғалған танылған сомаларды есепке алу құқығы бар кезде және нетто-негізде бір уақытта есеп айырысуды жүзеге асыру немесе міндеттемені болған ниеті болған кезде қаржылық актив пен қаржылық міндеттеме қаржылық жағдай туралы есептілікте нетто-көлемін ұсына отырып өзара есепке алуға жатады. Есепке алуды жүзеге асыру құқығы болашақтағы оқиғамен шартталмауы тиіс және барлық келесі жағдайларда заңды түрде қорғалған болуы тиіс:

- қалыпты қызмет барысында;
- дефолт кезінде; және
- ұйымның немесе контрагенттердің бірінің дәрменсіздігі немесе банктроттығы кезінде.

Әдетте, бұл талаптар неттинг туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

**Кредиттерді қайта құрылымдау**

Банк мүмкіндігінше мүлікті өндіріп алудың орнына кредиттер талаптарын қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзарту және жаңа кредиттеу талаптарын келісу.

Банк қаржылық активті тануды тоқтатады, мысалы, клиентке берілген кредитті, егер шарт талаптары жаңа кредит болатындай етіп қайта қаралса, ал айырмашылық құнсызданудан шығын танылғанға дейін тануды тоқтатудан келген пайда немесе шығын ретінде танылса. Бастапқы таныған кезде кредиттер ККШ бағалау мақсаттары үшін 1-Кезеңге жатады, құрылған кредит сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКҚ) актив болып саналатын жағдайлар есепке алынбайды.

Клиентке кредитті тануды тоқтату қажеттігін бағалау кезінде Банк басқаларымен қатар келесі факторларды қарастырады:

- кредит валютасын өзгерту;
- контрагентті өзгерту;
- модификация құралдың SPPI тестінің өлшемшарттарына сай болмауына әкеледі ме.

Егер модификация ақша ағымдарының елеулі өзгерістеріне әкелмесе, модификация тануды тоқтатуға әкелмейді. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесі арқылы дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Банк құнсызданудан келген шығын танығанға дейін пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте модификациядан келген шығыстарды шегере отырып, табыс құрамында көрсетілетін модификациядан түскен табысты не шығынды таниды.

Тануды тоқтатуға әкелмейтін модификация жағдайында Банк қайтадан кредиттік тәуекелдің елеулі арту артуын немесе активтерді кредиттік-құнсызданған ретінде жіктеу қажеттілігін бағалайды. Актив модификация нәтижесінде кредиттік-құнсызданған болып жіктелгеннен кейін кем дегенде 6 ай сынақ кезеңінде 3-кезең құрамында қалады. Қайта құрылымдалған қарызды 3-кезеңнен ауыстыру үшін түрдендірілген төлемдер кестесіне сәйкес сынақ кезеңі ішіндегі елеулі емес негізгі қарыз немесе пайыздар сомасынан асатын тұрақты төлемдер қажет.

**Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату**

***Қаржылық активтер***

Қаржылық активті (немесе қолданылуына қарай - қаржылық актив бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі) келесі жағдайларда қаржылық жағдай туралы есепте тану тоқтатылады:

- активтен ақша ағынын алу құқығының мерзімі өтті;
- Банк активтен ақша ағынын алу құқығын тапсырды немесе алған ақша ағынын толық, "транзиттік" келісім талаптарында айтарлықтай кідірусіз үшінші тұлғаға аудару міндеттемесін өзіне қабылдады; сондай-ақ

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 3. Есептік саясаттың маңызды қағидалары (жалғасы)

**Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату (жалғасы)**

***Қаржылық активтер (жалғасы)***

- Банк активтен түскен барлық тәуекелдер мен пайданы табыстады немесе табыстамады, бірақ активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы өзіне қалдырмайды, бірақ берілген активті бақылауды тапсырды.

Егер Банк активтен түскен ақша ағынын алу құқығын табыстаса, бұл ретте онымен байланысты барлық дерлік тәуекелдерді табыстама және өзіне қалдырмаса, сондай-ақ активті бақылауды тапсырмаса, мұндай актив Банктің мұндай активке қатысуды жалғастыруы шегінде есепте көрсетіледі. Тапсырылған актив бойынша кепілдік түріндегі активке қатысуды жалғастыру активтің бастапқы баланстық құнының және Банкке төлеуі үшін алап етілуі мүмкін өтемнің максималды мөлшерінің мәндерінің кемі бойынша бағаланады.

Егер активке қатысуды жалғастыру тапсырылатын активке сатылған және/немесе сатып алынған опцион (есеп айырысуы нетто-негізде ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал) қалпына айналса, Банктің қжалғаспалы қатысуының мөлшері - әділ құны бойынша бағаланатын актив бойынша сатуға шығарылған опцион жағдайын есепке алмағанда, Банк сатып ала алатын, тапсырылатын актив құны ("пут" опционы) (есеп айырысуы нетто-негізде ақша қаражатымен жүргізілетін опцион немесе ұқсас құрал).

Бұл жағдайда Банктің жалғасып келе жатқан қатысуының мөлшері келесі екеуінің төменгі мөлшері ретінде белгіленеді: тапсырылатын активтің әділ құны және опционды орындау бағасы.

*Есептен шығару*

Қаржылық активтер тек Банк олардың құнының өтемін күтпеген кезде ғана ішінара немесе толық есептен шығарылады. Егер есептен шығарылатын сома құнсыздану бойынша жиналған резерв көлемінен артық болса, алдымен айырмашылық артынан жалпы баланстық құнына қолданылатын резервтің артуы ретінде есептеледі. Кез келген кейінгі қалпына келтіру кредиттік залал бойынша шығындарға жатқызылады. Есептен шығару тануды тоқтатуға жатады.

***Қаржылық міндеттемелер***

Қаржылық міндеттемені тану тиісті міндеттемені орындаған, одан бас тартқаннемесе оның мерзімі өткен жағдайда тоқтатылады.

Бір қаржылық міндеттемені сол кредиттор алдындағы талаптардында елеулі айырмашылық бар екінші міндеттемеге алмастырған жағдайда немесе бар міндеттеменің талаптары елеулі түрде модификацияланған жағдайда бастапқы міндеттемені тану тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме есепте, пайда және шығын құрамында міндеттемелердің баланстық құнындағы айырмашылықты тани отырып көрсетіледі.

**Салық салу**

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығындар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Көрсетілген салық активтер мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уақыт айырмашылығына қатысты есептеледі. Табысқа салынатын шегерілген салық гудвиллдің, активтің немесе бизнестерді біріктіру болып табылмайтын және жүзеге асыру сәтінде бухгалтерлік табысқа да, салық салынатын табысқа да, шығынға да әсер етпейтін операцияның бастапқы көрінісі нәтижесінде пайда болатын жағдайларды есепке алмағанда табысқа салынатын шегерілген салық активтердің салық базасы мен олардың қаржылық есептілік мақсатындағы баланстық құны арасында туындайтын барлық уақыт айырмашылығы бойынша көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері тек болашақта салық салынатын пайда алу мүмкіндігі бар шекте ғана көрсетіледі салық базасын азайтатын уақыт айырмашылығы теріс Кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелері есептік күні күшіне енген немесе іс жүзінде күшіне енген заңнамаға қарай активтік сату немесе міндеттемені реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасында Банк қызметіне қатысты қолданылатын түрлі операциялық салықтар бар. Бұл салықтар пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте әкімшлік және операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 3. Есептік саясаттың маңызды қағидалары (жалғасы)

**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар жиналған амортизация және құнсызданудан жиналған шығындарды шегере отырып, күнделікті қызмет көрсетуге кететін шығындар есебінсіз, әділ құны бойынша көрсетіледі.

Берілген активтің баланстық құнын қалпына келтіру мүмкін болмайтынын көрсететін оқиғалар және сондай жағдайларда өзгерістер болған жағдайда негізгі құралдардың баланстық құны құнсыздануына бағалау жүргізіледі. Нысанның амортизациясы ол пайдалану үшін қолжетімді болған кезде басталады.

Амортизация активтерді тиімді пайдалануды келесі бағалау мерзімдері ішінде сызықтық әдіспен есептеледі:

| | ***Жылдар*** |
|---|---|
| Ғимараттар | 70 |
| Кеңсе жабдықтары және басқа жабдықтар | 2-13 |
| Көлік құралдары | 7-10 |
| Компьютерлік жабдықтар | 3-7 |

Қалдық құны, тиімді пайдалану мерзімдері және активтердің амортизациясын есептеу әдістері әр есептік жылдың соңында талданады және қажеттілігіне қарай түзетіледі. Жөндеу жұмыстары мен қайта құрылымдауға кеткен шығыстар жүзеге асырылуына қарай шығындарға жатқызылады және капитализацияланатын жағдайларды есепке алмағанда, өзге операциялық шығындар құрамына қосылады.

**Бейматериалдық активтер**

Материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтама мен өзге лицензиялар кіреді. Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнестерді біріктіру аясында сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны олардың сатып алынған күнгі әділ құны болып табылады. Бастапқы танығаннан кейін материалдық емес активтер амортизация және құнсызданудан жиналған шығындарды шегере отырып, бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Материалдық емес активтерді тиімді пайдалану мерзімі шектелген немесе белгісіз. Тиімді пайдалану мерзімі шектелген материалдық емес активтер 5 жылдан 14 жылға дейінгі уақытты құрайтын тиімді пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады және материалдық емес активтің ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда құнсыздану бойынша талдау жүргізіледі.

**Жарғылық капитал**

*Жарғылық капитал*

Жай акциялар капитал құрамында көрсетіледі. Бизнесті біріктіру жағдайларын есепке алмағанда жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты, үшінші тұлғаларға қызметтерінің ақысын төлеуге кететін шығындар капитал құрамында бұл эмиссия нәтижесінде алынған соманың азаюы ретінде көрсетіледі.

*Дивидендтер*

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылады және олар қоса алғанда есеп берілетін күнге дейін жарияланған жағдайда ғана есеп берілетін күні меншік капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат егер олар есеп беру күніне дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есеп берілетін күннен кейін, бірақ қаржылық есептілік шығарылымға бекітілген күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса есептілікте ашылады.

**Шарттық активтер және міндеттемелер**

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілмейді, бұл ретте олар туралы ақпарат қаржылық есепте ашылады, қорлардың өтелуіне байланысты істен шығуы мүмкіндігі төмен болған жағдацлар есепке алынбайды. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілмейді, бұл ретте олармен байланысты экономикалық табысты алу мүмкін болып табылатын жағдайлардаолар туралы ақпарат қаржылық есепте ашылады.

**Кірістер мен шығындарды тану**

Түсім Банк экономикалық пайда алады деген болжам жоғары болған жағдайда және түсім сенімді болып бағаланған жағдайда танылады. Сондай-ақ түсімді қаржылық есептілікте тану үшін келесі өлшемшарттар орындалуы тиіс:





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 3. Есептік саясаттың маңызды қағидалары (жалғасы)

**Кірістер мен шығындарды тану (жалғасы)**

***Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар***

Банк амортизацияланған құны немесе ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активтер бойынша пайыздық түсімді кредиттік-құнсызданған қаржылық активтерді есепке алмағанда, қаржылық активтердің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - ол бойынша дисконттаған кезде болашақ ақшалай есептік төлемдер немесе қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішіндегі түсімдер қолданылатын кезде нақты қаржылық активтің немесе қаржылық міндететменің таза баланстық құнына келетін мөлшерлеме. Есептеу кезінде қаржылық құрал бойынша барлық шарт талаптары (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және комиссиялық немесе құралмен тікелей байланысты, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша шығындар ескеріледі, бірақ болашақ кредиттік шығынар есепке алынбайды. Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны Банк төлемдер бағасы мен түсімдерді қайта қараған жағдайда түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгерісі пайыздық кірістер немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Кредиттік құнсызданған қаржылық актив жағдайында Банк пайыздық кірісті берілген қаржылық активтің таза амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептейді. Егер қаржылық актив бойынша дефолт жойылса және ол енді кредиттік-құнсызданған болмаса, Банк жалпы құны негізінде пайыздық кіріс есебіне оралады.

Қаржылық активтердің СҚКҚ жағдайында Банк пайыздық кірісті қаржылық активтің амортизацияланған құнына кредиттік тәуекел есебімен түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептейді. Кредиттік тәуекел есебімен түзетілен тиімді пайыздық мөлшерлеме - бастапқы тану кезінде болашақ ақша ағымдарын (кредиттік шығындарды қоса алғанда)активтердің СҚКҚ амортизацияланған құнына дейін дисконттайтын мөлшерлеме.

ПЗӘҚ бойынша есептелетін барлық қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс пайда немесе шығын туралы есепте *"Өзге пайыздық кіріс"* бабының құрамында шартты пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып танылады.

***Комиссиялық кірістер***

Банк клиенттерге көрсететін әртүрлі қызмет түрлерінен комиссиялық кірістер алады. Комиссиялық кірістер келесі екі санатқа бөлінуі мүмкін:

*Белгілі уақыт кезеңі ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер*

Белгілі уақыт кезеңі ішінде қызмет көрсеткені үшін алынған комиссиялық кірістер сол кезең ішінде, орындалатын тиісті міндеттемелердің орындалуына қарай есептеледі. Мұндай баптарға активтерді басқару, жауапты сақтау және басқа басқарушылық және консультациялық қызметтер үшін комиссиялық кірістер мен сыйақы кіреді. Кредитті пайдалану ықтималдығы жоғары болса, кредитті ұсыну бойынша міндеттемелер үшін комиссиялар, және кредиттерді беруге байланысты басқа да комиссиялар болашақтағы кезеңге жатады (қосымша шығындармен қатар) және кредит бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені түзету ретінде танылады.

*Операцияларды орындау бойынша қызметтер көрсетуден түскен комиссиялық кірістер*

Үшінші тарап атынан операцияларды орындау немесе орындау бойынша келіссөздерге қатысудан алынған комисиялық кірістер, мысалы акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды сатып алу кезінде келісім жасасу немесе бизнестерді сатып алу немесе сату Банктің орындауы тиіс міндеттемесі болса, мұндай операция аяқталғаннан кейін танылады.

Оррындалуы тиіс белгілі міндеттемелермен байланысты комиссиялық кірістер (немесе комиссиялық кірістердің бір бөлігі) тиісті өлшемшарттар орындалғаннан кейін танылады. Егер шартта ауыспалы орын алмастыру қарастырылса, комиссиялық кірістер тек ауыспалы орын алмастыруға тән келесі белгісіздікті шешкен кезде түсімнің жинақ қорытындысы болып танылған соманың азаюы орын алмайтын ықтималдық жоғары деңгейде ғана танылады.

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«Bereke Bank» Акционерлік қоғамы — 2023 жыл бойынша қаржылық есептілікке ескертпелер

*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 3. Есептік саясаттың маңызды қағидалары (жалғасы)

**Шетел валютасын қайта есептеу**

Қаржылық есептілік теңгеде ұсынылған, ол функционалдық валюта және Банн есептілігі ұсынылатын валюта болып табылады. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда Қазақстан Қор Биржасы (бұдан әрі - "ҚҚБ") белгілеген және ҚРҰБ жариялаған, операция орындалатын күні қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютада қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есептік күні қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте "Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер - Валюталық баптарды қайта бағалау" бабында көрсетіледі. Шетел валютасындағы нақты құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операция орындалатын күнгі айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасындағы әділ құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнын белгілеу күнгі айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен Қазақстан Қор Биржасы ("ҚҚБ") мұндай операция күніндегі ресми бағамы арасындағы айырмашылық шетел валютасындағы операциялар бойынша шығыстарды шегере отырып, кірістер құрамына кіреді. 2023 жылғы 31 желтоқсанда ҚҚБ ресми бағамы 1 АҚШ доллары үшін 454.56 теңгені және 1 ресейлік рубль үшін тиісінше 5.06 теңгені құрады (2022 ж. 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 462.65 теңгені және 1 ресейлік рубль үшін тиісінше 6.43 теңге).

**Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсініктемелер**

Бірқатар жаңа стандарттар мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Алайда Банк осы қаржылық есептілікті дайындаған кезде жаңа және өзгертілген стандарттарға ауысқан жоқ.

Төменде Банк қызметінде қазіргі уақытта қолдануға келетін немесе болашақта қолданылуы мүмкін қайта қаралған, күшіне енген стандарттар көрсетілген.

**2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылған стандарттар, түсініктемелер және түзетулер**

Төменде көрсетілген қайта қаралған стандарттар Банк үшін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті болды, бірақ Банкке елеулі ықпал еткен жоқ:

- *ҚЕХС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»;*
- *Есептік саясатты ашу (ҚХЕС-ке (IAS) 1 және ҚХЕС бойынша 2-Практикалық ұсынымдарға түзетулер).*
- *Міндеттемелерді қысқа және ұзақ мерзімдіге жіктеу*
- *Бухгалтерлік бағаларды белгілеу (ҚХЕС-ке (IAS) 8-ге түзетулер);*
- *Бір операциядан шығатын активтермен және операциялармен байланысты кейінгі қалдырылған салық (ҚЕХС -ке (IAS) 12 түзетулер).*

ҚХЕС бойынша Кеңес шығарған бірқатар стандарттар, стандарттар мен түсініктемелерге енгізілген түзетулер алдағы уақыттағы есептік кезеңдерде күшіне енеді және Банк оларды мерзімінен бұрын қолданбайды:

- *Қысқа мерзімді ұзақ мерзімді міндеттемелердің жіктемесі (ҚХЕС-ке (IAS) 1 және (ҚХЕС-ке (IAS) 8-ге түзетулер) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді;*
- *Ковенанттармен ұзақ мерзімді міндеттемелер (ҚХЕС-ке (IAS) 1-ге түзетулер) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді;*
- *Кері жалға алумен сату кезіндегі міндеттемелер (ҚХЕС-ке (IFRS) 16-ге түзетулер) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.*

Аталған жаңа стандарттар және түсініктемелер Банктің қаржылық есептілігіне елеулі ықпал етпейді деп күтілуде.

## 4. Елеулі есептік пайымдар және бағалар

**Бағалардың белгісіздігі**

Халықаралық қаржылық есептік стандарттарына сәйкес қаржылық есептілікті дайындау басшылықтың есептік саясат қағидалары қалай қолданылатынына және активтер, міндеттемелер, кірістер және шығыстар қандай сомада көрсетілетініне әсер етеді. Іс жүзіндегі нәтижелер пайдаланылған бағалардан өзгеше болуы мүмкін. Жорамалдар мен олардың негізінде жасалған есептік бағаларды өзгерту қажеттілігіне талдау жүргізіледі. Есептік бухгалтерлі бағалардағы өзгерістер олар қайта қаралған кезеңде, сондай-ақ қандай да бір бағаның өзгеруі қаржылық есептілік деректеріне әсер ететін әр болашақ кезеңде танылады.

16

«Bereke Bank» Акционерлік қоғамы — 2023 жыл бойынша қаржылық есептілікке ескертпелер

*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 4 Елеулі есептік пайымдар және бағалар (жалғасы)

**Бағалардың белгісіздігі (жалғасы)**

Есептік саясатты қолдану кезінде Банк басшылығы қаржылық есептілікте танылған сомаларды белгілеуге қатысты өз пайымдарын қолданды және бағалады. Төменде пайымдар мен бағаларды елеулі пайдалану жағдайлары көрсетілген:

**Қызметінің үздіксіздігі туралы болжам**

Қаржылық есептілікті дайындау барысында Банк басшылығы Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін айтарлықтай күмән келтіруі мүмкін елеулі белгісіздік туралы ақпараттың болуын бағалады. Қосымша ақпарат *2-Ескертпеде* берілген.

**Қаржылық құралдардың әділ құны**

Егер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген қаржылық активтердің және қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде белгілеу мүмкін болмаса, ол математикалық үлгілерден қоса тұратын түрлі бағалау үлгілерін пайдалана отырып белгіленеді. Мұндай үлгілер үшін шығыс деректері мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде белгіленеді; қарсы жағдайда әділ құнын анықтау үшін елеулі пайымдарды қолдану қажет. Қосымша ақпарат *28-Ескертпеде* берілген.

**Күтілетін кредиттік шығындар**

Қаржылық активтердің барлық санаттары бойынша құнсызданудан келген шығындарды бағалау пайымдарды қолдануды қажет етеді, атап айтқанда, ККШ анықтаған және кредиттік тәуекелдің елеулі артуын бағалау кезінде болашақ ақша ағымдарының пайда болудың мөлшері мен мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есептік бағалау өзгерісі бағалау резервтерінің түрлі сомаларының құнсыздануына әкелуі мүмкін бірқатар факторларға байланысты. Банктің ККШ есебі ауыспалы шығыс деректерін және олардың өзара әрекет етуін таңдауға қатысты бірқатар базалық жорамалдар кіретін үлгілердің нәтижесі болып табылады. Пайымдар және есептік баға болып саналатын ККШ есептеу үлгілерінің элементтеріне келесілер жатады:

- Банк дефолт ықтималдығын (PD) анықтау үшін пайдаланатын ішкі кредиттік рейтингті беру жүйесі;
- Банк кредиттік тәуекелдің елеулі өзгерістері болғанын бағалау үшін қолданатын өлшемшарттар, нәтижесінде қаржылық активтер бойынша құнсыздануға арналған бағалау резерві барлық мерзім бойынша ККШ-ға тең сомада бағалануы тиіс;
- олар бойынша ККШ топтық негізде бағаланатын кезде топтың қаржылық активтерін біріктіру;
- түрлі формулалар мен шығыс деректерді таңдауды қоса алғанда ККШ есептеу үлгілерін дайындау;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланысты анықтау, мысалы ІЖӨ жылдық өсім қарқыны мен қамтамасыз ету құны арасында, сондай-ақ дефолт ықтималдығының көрсеткіштеріне ықпал (PD), дефолт тәуекеліне бейімді көлемді (EAD) және дефолт кезіндегі шығынды (LGD) анықтау;
- болжалды макроэкономикалық сценарийлерді таңдау және оларды ККШ бағалау үлгісіне арналған экономикалық шығыс деректерін алу үшін ықтималдық есебімен өлшеу.

## 5. Ақша қаражаты мен олардың баламалары

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары келесілерден тұрады:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| Қолма-қол қаражат | **35,020** | 50,626 |
| ҚРҰБ ағымдағы шоттарындағы қаражат | **8,491** | 97,468 |
| Корреспонденттік шоттар және келесі елдердің банктеріндегі "овернайт" депозиттер: | | |
| - Ресей Федерациясы | **3,312** | 20,205 |
| - Америка Құрама Штаттары | **11,455** | – |
| - Қазақстан Республикасы | **1,093** | 76 |
| - Ұлыбритания | – | – |
| - Еуропалық одақ елдері | **458** | 119 |
| ҚРҰБ-дағы келісімшарттық өтеу мерзімі 90 күнге дейінгі мерзімді салымдары: | **475,223** | 250,109 |
| - Ресей Федерациясы | **25,320** | 3,216 |
| - Қазақстан Республикасы | – | – |
| Мерзімі 90 күнге дейінгі кері "репо" шарттары | **135,137** | – |
| | **695,509** | 421,819 |

17

«Bereke Bank» Акционерлік қоғамы — 2023 жыл бойынша қаржылық есептілікке ескертпелер

*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

| | | |
|---|---|---|
| ККШ-ға арналған бағалау резервін шегергенде | – | – |
| **Ақша қаражаты мен олардың баламалары** | **695,509** | 421,819 |

18

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



## 5. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары (жалғасы)

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк ҚҚБ-да кері «репо» шарттарын жасасты. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық облигациялары мен еурооблигациялары, «Қазақстан тұрақтылық қоры» АҚ, «ҚазАгроФинанс» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» РМК, «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» Ұлттық Компаниясы» АҚ купондық облигациялары аталған шарттардың мәні болып табылады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк ҚҚБ-да кері «репо» шарттарын жасасқан жоқ.

**Ең төменгі резервтік талаптарға қойылатын талаптар**

Қазақстан заңнамасына сәйкес Банк міндетті резервтерді қолдауға міндетті. Олар Банк міндеттемелерінің белгілі бір пайызы ретінде есептеледі. Мұндай резервтер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») ағымдағы шоттарда немесе резервтерді қалыптастыру кезеңінде ҚРҰБ шоттарындағы ақша қаражатының жиынтық сомасының орташа айлық қалдықтары немесе ұлттық валютадағы қолма-қол ақша қаражаты мөлшерінде қолма-қол ақша массасында сақталуы тиіс. 2023 жылғы 31 желтоқсанға міндетті резервтер 16,702 миллион теңгені құрайды (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 9,849 миллион теңге). 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсанда Банк екінші деңгейдегі банктер үшін белгіленген ҚРҰБ ең төменгі резервтік талаптарының нормативтерін сақтады.

**Ақша қаражаты мен оның баламаларының шоғырлануы**

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің ҚРҰБ ағымдағы шоттарында ақша қаражаты орналастырылған және ҚРҰБ-да олар бойынша қалдықтар есептік күні Банк капиталының 10% асатын мерзімді салымдар ашылған. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл қалдықтардың жиынтық көлемі 483,714 миллион теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан күні: 347,577 миллион теңге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк ҚҚБ-да кері "репо" шарттары бойынша қаражат орналастырылған, олардың үлесіне капиталдың 10%-нан артық келеді.

## 6. Кредиттік ұйымдардағы қаражат

Кредиттік ұйымдардағы қаражат келесілерден тұрады:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| Пайдаланылуы шектелген қаражат | **11,157** | – |
| | **11,157** | – |
| ККШ-ға арналған бағалау резервін шегергенде | **–** | – |
| **Кредиттік ұйымдардағы қаражат** | **11,157** | – |

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік ұйымдарда қаражаты жоқ.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдалануы шектелген қаражат Банк 11,157 миллион теңге сомасына өңдеуші өнеркісіп кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің мемлекеттік бағдарламаларына қатысу аясында алған, ҚР ҰБ-дағы ағымдағы шоттардағы қаражат болып табылады.

2023 жыл ішінде Банк шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау шараларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 124 *"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарына"* сәйкес бекітілген шағын және орта кәсіпкерліксубъектілерін жеңілдікті кредиттеу бағдарламасына (бұдан әрі - "Бағдарлама") қатысты. Бағдарлама операторы - «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ.

Кредиттік ұйымдардағы қаражаттың барлық қалдықтары ККШ бағалауының мақсаттары үшін 1-кезеңге тағайындалады. 2023 және 2022 жылдардағы ККШ бойынша жалпы баланстық құн мен тиісті резервтің өзгерістерін талдау төменде келтірілген:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| **1 қаңтардағы жалпы баланстық құн** | – | 57,348 |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | **14,000** | 25,137 |
| Банк мемлекеттік бағдарламалар аясында берген қаражат | **(2,843)** | (76,899) |
| «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ға берілген, талап ету құқықтарын беру арқылы өтелген қарыз | – | (6,942) |
| Есептелген пайыздардағы өзгерістер | – | (318) |
| Бағамдық айырмашылық | – | 1,674 |
| **31 желтоқсанда** | **11,157** | – |







## 6. Кредиттік ұйымдардағы қаражат (жалғасы)

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| **1 қаңтардағы ККШ-ға арналған бағалау резерві** | – | (55) |
| Резервтің таза өзгеруі | – | 55 |
| **31 желтоқсанда** | – | – |

## 7. Клиенттерге кредиттер мен аванстар

Клиенттерге кредиттер мен аванстар келесілерден тұрады:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| Заңды тұлғаларға коммерциялық кредит беру | **389,121** | 548,406 |
| Жеке тұлғаларға тұрғын үй кредитін беру | **371,399** | 419,316 |
| Жеке тұлғаларға берілетін тұтынушылық және басқа да кредиттер | **349,651** | 249,316 |
| Жеке тұлғаларға автокредит беру | **251,986** | 128,614 |
| **Клиенттерге берілетін, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттер жиыны** | **1,362,157** | 1,345,652 |
| ККШ-ға арналған бағалау резервін шегергенде | **(146,167)** | (170,182) |
| **Клиенттерге кредиттер мен аванстар** | **1,215,990** | 1,175,470 |

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы коммерциялық кредиттеу бойынша ККШ бойынша жалпы баланстық құн мен тиісті резервтің өзгеруіне талдау берілген:

| *Коммерциялық кредиттеу* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *СҚКҚ* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн** | **410,472** | **21,283** | **109,704** | **6,947** | **548,406** |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | **194,439** | – | – | – | **194,439** |
| Өтелген активтер | **(234,005)** | **(21,963)** | **(61,858)** | **(3,936)** | **(321,762)** |
| 1-кезеңге аударымдар | **7,498** | **(6,919)** | **(579)** | – | – |
| 2-кезеңге аударымдар | **(23,471)** | **25,253** | **(1,782)** | – | – |
| 3-кезеңге аударымдар | **(9,769)** | **(3,956)** | **13,725** | – | – |
| Есептелген пайыздардағы өзгерістер | – | – | **576** | – | **576** |
| Дисконт амортизациясы | – | – | **4,357** | – | **4,357** |
| Шығындарды өтеу | – | – | **3,162** | – | **3,162** |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | **(37,497)** | **(1,520)** | **(39,017)** |
| Бағамдағы айырмашылықтар | **(581)** | – | **(459)** | – | **(1,040)** |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **344,583** | **13,698** | **29,349** | **1,491** | **389,121** |

| *Коммерциялық кредиттеу* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *СҚКҚ* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 1 қаңтардағы ККШ-ға арналған бағалау резерві** | **(25,279)** | **(3,880)** | **(75,377)** | **(1,897)** | **(106,433)** |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | **(5,728)** | – | – | – | **(5,728)** |
| Өтелген активтер | **3,135** | **3,349** | **30,353** | **1,638** | **38,475** |
| 1-кезеңге аударымдар | **(1,321)** | **981** | **340** | – | – |
| 2-кезеңге аударымдар | **988** | **(1,912)** | **924** | – | – |
| 3-кезеңге аударымдар | **311** | **408** | **(719)** | – | – |
| Бір Кезеңнен екіншісіне аудару және модельдер мен шығыс деректерінің өзгеруі нәтижесінде ККШ-нің кезең соңына әсері | **1,777** | **(2,533)** | **(6,075)** | **(251)** | **(7,082)** |
| Дисконт амортизациясы | – | – | **(4,357)** | – | **(4,357)** |
| Шығындарды өтеу | – | – | **(3,162)** | – | **(3,162)** |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | **37,497** | **1,520** | **39,017** |
| Бағамдағы айырмашылықтар | **6** | – | **414** | – | **420** |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай** | **(26,111)** | **(3,587)** | **(20,162)** | **1,010** | **(48,850)** |

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



**бойынша**





## 7. Клиенттерге кредиттер мен авансттар (жалғасы)

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы тұрғын үй кредиттерін беру бойынша ККШ бойынша жалпы баланстық құн мен тиісті резервтің өзгеруіне талдау берілген:

| *Тұрғын үй кредиттері* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн** | **412,507** | **2,546** | **4,263** | **419,316** |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | 2,591 | – | – | 2,591 |
| Өтелген активтер | (49,257) | (418) | (818) | (50,493) |
| 1-кезеңге аударымдар | 1,918 | (1,564) | (354) | – |
| 2-кезеңге аударымдар | (3,294) | 3,358 | (64) | – |
| 3-кезеңге аударымдар | (3,866) | (596) | 4,462 | – |
| Есептелген пайыздардағы өзгерістер | 1 | 5 | (41) | (35) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | 215 | 215 |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | (183) | (183) |
| Бағамдағы айырмашылықтар | (12) | – | – | (12) |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **360,588** | **3,331** | **7,480** | **371,399** |

| *Тұрғын үй кредиттері* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 1 қаңтардағы ККШ-ға арналған бағалау резерві** | **(1,823)** | **(287)** | **(2,287)** | **(4,397)** |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | (90) | – | – | (90) |
| Өтелген активтер | 537 | 50 | 433 | 1,020 |
| 1-кезеңге аударымдар | (322) | 144 | 178 | – |
| 2-кезеңге аударымдар | 60 | (91) | 31 | – |
| 3-кезеңге аударымдар | 248 | 66 | (314) | – |
| Бір Кезеңнен екіншісіне аудару және модельдер мен шығыс деректерінің өзгеруі нәтижесінде ККШ-нің кезең соңына әсері | 67 | (443) | (2,321) | (2,697) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | (215) | (215) |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | 183 | 183 |
| Бағамдағы айырмашылықтар | 1 | – | – | 1 |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **(1,322)** | **(561)** | **(4,312)** | **(6,195)** |

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы тұтынушылық кредит беру бойынша ККШ бойынша жалпы баланстық құн мен тиісті резервтің өзгеруіне талдау берілген:

| *Тұтынушылық кредит беру* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн** | **178,345** | **9,446** | **61,525** | **249,316** |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | 187,494 | – | – | 187,494 |
| Өтелген активтер | (72,087) | (2,838) | (9,829) | (84,754) |
| 1-кезеңге аударымдар | 7,429 | (3,760) | (3,669) | – |
| 2-кезеңге аударымдар | (8,594) | 9,666 | (1,072) | – |
| 3-кезеңге аударымдар | (19,324) | (3,434) | 22,758 | – |
| Есептелген пайыздардағы өзгерістер | 122 | 22 | (549) | (405) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | 5,829 | 5,829 |
| Шығындарды өтеу | – | – | 807 | 807 |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | (8,636) | (8,636) |
| Бағамдағы айырмашылықтар | – | – | – | 1 |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **273,385** | **9,102** | **67,164** | **349,651** |





## 7. Клиенттерге кредиттер мен авансттар (жалғасы)

| *Тұтынушылық кредит беру* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 1 қаңтардағы ККШ-ға арналған бағалау резерві** | **(5,560)** | **(1,819)** | **(45,164)** | **(52,543)** |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | (8,880) | – | – | (8,880) |
| Өтелген активтер | 2,027 | 615 | 4,128 | 6,770 |
| 1-кезеңге аударымдар | (3,038) | 586 | 2,452 | – |
| 2-кезеңге аударымдар | 394 | (1,098) | 704 | – |
| 3-кезеңге аударымдар | 1,105 | 944 | (2,049) | – |
| Бір Кезеңнен екіншісіне аудару және модельдер мен шығыс деректерінің өзгеруі нәтижесінде ККШ-нің кезең соңына әсері | 517 | (1,601) | (15,006) | (16,090) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | (5,829) | (5,829) |
| Шығындарды өтеу | – | – | (807) | (807) |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | 8,636 | 8,636 |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **(13,435)** | **(2,373)** | **(52,935)** | **(68,743)** |

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы автокредит беру бойынша ККШ бойынша жалпы баланстық құн мен тиісті резервтің өзгеруіне талдау берілген:

| *Автокредит беру* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн** | **119,258** | **2,287** | **7,069** | **128,614** |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | 166,610 | – | – | 166,610 |
| Өтелген активтер | (42,242) | (611) | (1,285) | (44,138) |
| 1-кезеңге аударымдар | 1,789 | (727) | (1,062) | – |
| 2-кезеңге аударымдар | (7,066) | 7,118 | (52) | – |
| 3-кезеңге аударымдар | (10,362) | (948) | 11,310 | – |
| Есептелген пайыздардағы өзгерістер | 15 | 1 | (383) | (367) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | 1,259 | 1,259 |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | 8 | 8 |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **228,002** | **7,120** | **16,864** | **251,986** |

| *Автокредит беру* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 1 қаңтардағы ККШ-ға арналған бағалау резерві** | **(2,949)** | **(304)** | **(3,556)** | **(6,809)** |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | (4,937) | – | – | (4,937) |
| Өтелген активтер | 775 | 133 | 924 | 1,832 |
| 1-кезеңге аударымдар | (858) | 102 | 756 | – |
| 2-кезеңге аударымдар | 200 | (235) | 35 | – |
| 3-кезеңге аударымдар | 288 | 188 | (476) | – |
| Бір Кезеңнен екіншісіне аудару және модельдер мен шығыс деректерінің өзгеруі нәтижесінде ККШ-нің кезең соңына әсері | (720) | (2,037) | (8,440) | (11,197) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | (1,259) | (1,259) |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | (8) | (8) |
| Бағамдағы айырмашылықтар | (1) | – | – | (1) |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **(8,202)** | **(2,153)** | **(12,024)** | **(22,379)** |

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



## 7. Клиенттерге кредиттер мен аванстар (жалғасы)

Төменде 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы коммерциялық кредиттеу бойынша ККШ бойынша жалпы баланстық құн мен тиісті резервтің өзгеруіне талдау берілген:

| *Коммерциялық кредиттеу* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *СҚКК* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн** | 899,647 | 42,831 | 147,561 | 7,257 | 1,097,296 |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | 763,861 | – | – | – | 763,861 |
| Өтелген активтер | (935,853) | (43,147) | (33,120) | (1,500) | (1,013,620) |
| Күтілетін ақша ағымдарын қайта қарау (кредиттік шығындар бойынша шығыстарда танылған) | – | – | – | 1,500 | 1,500 |
| Цессия шарттары бойынша сатылған активтер* | (306,961) | – | – | – | (306,961) |
| 1-кезеңге аударымдар | 11,574 | (8,034) | (3,540) | – | – |
| 2-кезеңге аударымдар | (32,137) | 32,193 | (56) | – | – |
| 3-кезеңге аударымдар | (18,468) | (5,993) | 24,461 | – | – |
| Есептелген пайыздардағы өзгерістер | (1,902) | (342) | (1,333) | 102 | (3,475) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | 3,328 | – | 3,328 |
| Шығындарды өтеу | – | – | 73 | – | 73 |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | (31,533) | (412) | (31,945) |
| Бағамдағы айырмашылықтар | 30,711 | 3,775 | 3,863 | – | 38,349 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | 410,472 | 21,283 | 109,704 | 6,947 | 548,406 |

| *Коммерциялық кредиттеу* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *СҚКК* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы ККШ-ға арналған бағалау резерві** | (21,238) | (10,044) | (103,011) | (718) | (135,011) |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | (5,199) | – | – | – | (5,199) |
| Өтелген активтер | 5,332 | 5,352 | 4,813 | – | 15,497 |
| Цессия шарттары бойынша сатылған активтер* | 6,066 | – | – | – | 6,066 |
| 1-кезеңге аударымдар | (5,426) | 2,674 | 2,752 | – | – |
| 2-кезеңге аударымдар | 1,527 | (1,552) | 25 | – | – |
| 3-кезеңге аударымдар | 931 | 1,591 | (2,522) | – | – |
| Бір Кезеңнен екіншісіне аудару және модельдер мен шығыс деректерінің өзгеруі нәтижесінде ККШ-нің кезең соңына әсері | (5,569) | (1,491) | (4,880) | (1,591) | (13,531) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | (3,328) | – | (3,328) |
| Шығындарды өтеу | – | – | (73) | | (73) |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | 31,533 | 412 | 31,945 |
| Бағамдағы айырмашылықтар | (1,703) | (410) | (686) | – | (2,799) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | (25,279) | (3,880) | (75,377) | (1,897) | (106,433) |

25



## 7. Клиенттерге кредиттер мен аванстар (жалғасы)

Төменде 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы тұрғын үй кредиттерін беру бойынша ККШ бойынша жалпы баланстық құн мен тиісті резервтің өзгеруіне талдау берілген:

| *Тұрғын үй кредиттері* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн** | 539,427 | 1,787 | 2,469 | 543,683 |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | 109,194 | – | – | 109,194 |
| Өтелген активтер | (102,325) | (628) | (635) | (103,588) |
| Цессия шарттары бойынша сатылған активтер* | (128,843) | (18) | | (128,861) |
| 1-кезеңге аударымдар | 1,057 | (752) | (305) | – |
| 2-кезеңге аударымдар | (2,496) | 2,531 | (35) | – |
| 3-кезеңге аударымдар | (2,687) | (381) | 3,068 | – |
| Есептелген пайыздардағы өзгерістер | (871) | 7 | (81) | (945) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | 132 | 132 |
| Шығындарды өтеу | – | – | 1 | 1 |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | (351) | (351) |
| Бағамдағы айырмашылықтар | 51 | – | – | 51 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | 412,507 | 2,546 | 4,263 | 419,316 |

| *Тұрғын үй кредиттері* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы ККШ-ға арналған бағалау резерві** | (2,496) | (125) | (1,365) | (3,986) |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | (428) | – | – | (428) |
| Өтелген активтер | 442 | 30 | 438 | 910 |
| Цессия шарттары бойынша сатылған активтер* | 140 | 1 | – | 141 |
| 1-кезеңге аударымдар | (176) | 52 | 124 | – |
| 2-кезеңге аударымдар | 48 | (63) | 15 | – |
| 3-кезеңге аударымдар | 146 | 29 | (175) | – |
| Бір Кезеңнен екіншісіне аудару және модельдер мен шығыс деректерінің өзгеруі нәтижесінде ККШ-нің кезең соңына әсері | 501 | (211) | (1,542) | (1,252) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | (132) | (132) |
| Шығындарды өтеу | – | – | (1) | (1) |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | 351 | 351 |
| Бағамдағы айырмашылықтар | – | – | – | – |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | (1,823) | (287) | (2,287) | (4,397) |

Төменде 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы тұтынушылық кредит беру бойынша ККШ бойынша жалпы баланстық құн мен тиісті резервтің өзгеруіне талдау берілген:

| *Тұтынушылық кредит беру* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн** | 443,169 | 11,287 | 32,922 | 487,378 |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | 124,124 | – | – | 124,124 |
| Өтелген активтер | (174,889) | (5,349) | (8,258) | (188,496) |
| Цессия шарттары бойынша сатылған активтер* | (172,977) | – | – | (172,977) |
| 1-кезеңге аударымдар | 4,425 | (2,801) | (1,624) | – |
| 2-кезеңге аударымдар | (10,540) | 10,881 | (341) | – |
| 3-кезеңге аударымдар | (34,989) | (4,639) | 39,628 | – |
| Есептелген пайыздардағы өзгерістер | 21 | 67 | (725) | (637) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | 5,443 | 5,443 |
| Шығындарды өтеу | – | – | 184 | 184 |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | (5,706) | (5,706) |
| Бағамдағы айырмашылықтар | 1 | – | 2 | 3 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | 178,345 | 9,446 | 61,525 | 249,316 |

26



## 7. Клиенттерге кредиттер мен аванстар (жалғасы)

| *Тұтынушылық кредит беру* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы ККШ-ға арналған бағалау резерві** | (12,211) | (1,765) | (23,000) | (36,976) |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | (3,068) | – | – | (3,068) |
| Өтелген активтер | 1,478 | 311 | 4,880 | 6,669 |
| Цессия шарттары бойынша сатылған активтер* | 4,841 | – | – | 4,841 |
| 1-кезеңге аударымдар | (1,247) | 299 | 948 | – |
| 2-кезеңге аударымдар | 553 | (738) | 185 | – |
| 3-кезеңге аударымдар | 3,923 | 1,039 | (4,962) | – |
| Бір Кезеңнен екіншісіне аудару және модельдер мен шығыс деректерінің өзгеруі нәтижесінде ККШ-нің кезең соңына әсері | 171 | (965) | (23,292) | (24,086) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | (5,443) | (5,443) |
| Шығындарды өтеу | – | – | (184) | (184) |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | 5,706 | 5,706 |
| Бағамдағы айырмашылықтар | – | – | (2) | (2) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | (5,560) | (1,819) | (45,164) | (52,543) |

Төменде 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы автокредит беру бойынша ККШ бойынша жалпы баланстық құн мен тиісті резервтің өзгеруіне талдау берілген:

| *Автокредит беру* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн** | 170,754 | 1,233 | 5,015 | 177,002 |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | 46,883 | – | – | 46,883 |
| Өтелген активтер | (66,926) | (654) | (1,631) | (69,211) |
| Цессия шарттары бойынша сатылған активтер* | (26,445) | (56) | (489) | (26,990) |
| 1-кезеңге аударымдар | 2,612 | (457) | (2,155) | – |
| 2-кезеңге аударымдар | (2,270) | 2,524 | (254) | – |
| 3-кезеңге аударымдар | (5,619) | (366) | 5,985 | – |
| Есептелген пайыздардағы өзгерістер | 269 | 63 | – | 332 |
| Дисконт амортизациясы | – | – | 618 | 618 |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | (20) | (20) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | 119,258 | 2,287 | 7,069 | 128,614 |

| *Автокредит беру* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы ККШ-ға арналған бағалау резерві** | (1,261) | (78) | (2,152) | (3,491) |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер | (1,946) | – | – | (1,946) |
| Өтелген активтер | 230 | 10 | 452 | 692 |
| Цессия шарттары бойынша сатылған активтер* | 189 | 8 | 236 | 433 |
| 1-кезеңге аударымдар | (898) | 20 | 878 | – |
| 2-кезеңге аударымдар | 22 | (119) | 97 | – |
| 3-кезеңге аударымдар | 55 | 35 | (90) | – |
| Бір Кезеңнен екіншісіне аудару және модельдер мен шығыс деректерінің өзгеруі нәтижесінде ККШ-нің кезең соңына әсері | 660 | (180) | (2,379) | (1,899) |
| Дисконт амортизациясы | – | – | (618) | (618) |
| Есептен шығарылған сомалар | – | – | 20 | 20 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | (2,949) | (304) | (3,556) | (6,809) |

* 2022 жылғы сәуірден маусымға дейін Банктің өтімділігін қолдау мақсатында, сондай-ақ SDN OFAC List санкциялық тізіміне енгізілуіне және кредиттік рейтингті қайтарып алуға байланысты Мемлекеттік кредиттік бағдарламаларға одан әрі қатысудың мүмкінсіздігі үшін Банк Қазақстан Республикасының коммерциялық банктері мен қаржы ұйымдарына берілген кредиттер бойынша талап ету құқықтарын берді (2, 6 және 13- Ескертпелер). Цессия шарттары бойынша сатылған кредиттердің жалпы баланстық құны 635,789 миллион теңгені құрады, сатылған кредиттер бойынша ККШ бағалау резерві сату күніне 11,481 миллион теңгені құрады. Банк пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы есепте өзге кірістердің құрамында сату бағасы мен сату күніндегі кредиттердің амортизацияланған құны

27

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



арасындағы айырманы білдіретін 3,138 миллион теңге мөлшеріндегі кредиттерді сатудың нәтижесінде таза табысты мойындады.





## 7. Клиенттерге кредиттер мен аванстар (жалғасы)

**Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезіндегі негізгі болжамдар мен пайымдаулар**

***Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер***

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік шығындар үшін резервтің мөлшерін айқындау кезінде басшылық келесідей жорамалдар жасады:

- Сату жағдайында кепілмен қамтамасыз етудің бастапқы бағаланған құнына 40.0%-дан 70.0%-ға дейін төмендету коэффициентін қолдану.
- Қамтамасыз етуді іске асырудан түскен түсімдерді алған кезде 36 айдан артық кідіріс.
- Кредиттік сапаны есепке алу бойынша 1-кезеңге жатқызылған кредиттер бойынша PD деңгейі 0.01%-дан 20.83%-ға дейін (2022 жылғы 31 желтоқсан: 0.03% - дан 30.04%-ға дейін), кредиттік сапаның 2-кезеңіне жатқызылған кредиттер бойынша, карыз алушының ішкі рейтингінің деңгейіне байланысты 0.05%-дан 60.90%-дейін құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 0.10% - дан 71.14% - ға дейін).
- Дефолт қарыздарды кепілмен жабу статистикасын ескере отырып, эконометрикалық модель негізінде есептелген, 1 және 2 кезеңге жатқызылған кредиттер бойынша LGD деңгейі 1.52%-дан 100%-ға дейін құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 18.26%-дан 75.50%-ға дейін).

Жоғарыда келтірілген бағалаулардың өзгеруі күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің мөлшеріне әсер етуі мүмкін. Мысалы, болжамды ақша ағындарының ағымдағы сәтке келтірілген таза құнының шамасы плюс / минус бір пайызға өзгерген кезде, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік шығындар үшін резервтің мөлшері тиісінше 3,409 миллион теңгеге төмен/жоғары болады (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 4,420 миллион теңгеге төмен/жоғары).

***Бөлшек клиенттерге берілген кредиттер***

Банк бөлшек клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік шығындар үшін резервтің мөлшерін кредиттердің осы түрлері бойынша келтірілген нақты залалдардың өткен тәжірибесі негізінде бағалайды. Бөлшек клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің мөлшерін айқындау кезінде басшылық пайдаланатын елеулі жорамалдарға мыналар жатады:

- Шығындардың көшу деңгейі тұрақты болып табылады және макроэкономикалық ақпараттың әсерін ескере отырып, Марков тізбектері арқылы құрылған көші-қон моделі негізінде айқындалуы мүмкін; кредиттік сапаны есепке алу бойынша 1-кезеңге жататын өнім топтары бойынша 12 айдағы PD деңгейі 0.01% - дан 40.92% - ға дейін құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 0.01% - дан 40.38% - ға дейін); несиелік сапаның 2-кезеңіне жататын Lifetime PD деңгейі бөлшек біртекті портфель өнімдерінің тобына байланысты бөлшек біртекті портфелінің өнімдер тобына қарай 0.05% - дан 71.3% - ға дейін құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 0.11% - дан 80.04% - ға дейін).
- Қамтамасыз етілмеген кредиттерді қайтару коэффициенттері 5 жылдан аспайтын дефолттағы шарттарды іріктеудің негізінде есептеледі; 1 және 2 сатыдағы бөлшек портфель өнімдері бойынша өтеу деңгейі 41.98% құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 58.67%).
- Кепілмен қамтамасыз етуді іске асыру мерзімі орта есеппен 36 айды құрайды.

Жоғарыда келтірілген бағалаулардың өзгеруі күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің мөлшеріне әсер етуі мүмкін. Мысалы, болжамды ақша ағындарының ағымдағы сәтке келтірілген таза құнының шамасы плюс / минус бір пайызға өзгерген кезде, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік шығындар үшін резервтің мөлшері тиісінше 26,252 миллион теңгеге төмен/жоғары болады (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 7,335 миллион теңге төмен/жоғары).

**Кредиттерді өтеу мерзімдері**

Клиенттерге берілген кредиттерді өтеу мерзімдері есепті күндегі жағдай бойынша 31-ескертпеде ұсынылған және кредиттік шарттар бойынша

өтеудің келісімшарттық мерзімдерін білдіреді.

**Кредиттік сапаны қамтамасыз ету және арттырудың өзге де тетіктері**

Банк талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі контрагенттің несиелік тәуекелін бағалауға байланысты болдаыц. Қамтамасыз ету түрлері мен бағалау параметрлерінің рұқсат етілуіне қатысты қағидаттар белгіленді.

Төменде алынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері көрсетілген:





- коммерциялық кредиттеу кезінде – жылжымайтын және жылжымалы мүлік, тауар-материалдық құндылықтар және ақша қаражатының кепілі;
- жеке тұлғаларды кредиттеу кезінде – үй, автокөлік құралдарының кепілі..

Сондай-ақ Банк еншілес ұйымдарына берілген кредиттерге қатысты бас ұйымдардан кепілдіктер алады.

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК


*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

Пайдалану құқығы түріндегі активтер жайларды пайдалану құқығымен ұсынылған.




*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 10. Бейматериалдық активтер

2023 және 2022 жылдардағы бейматериалдық активтердің қозғалысы келесідей көрсетілген:

| | *Бейматериалдық активтер* |
|---|---|
| **Бастапқы құны** | |
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша** | 37,466 |
| Түсімдер | 3,168 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | 40,634 |
| Түсімдер | **11,119** |
| Істен шығуы | **(1,043)** |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **50,710** |
| **Жиналған амортизация** | |
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша** | (15,080) |
| Есептеу | (5,802) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | (20,882) |
| Есептеу | **(6,970)** |
| Істен шығуы | **1,036** |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **(26,816)** |
| **Таза қалдық құны** | |
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша** | 22,386 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | 19,752 |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **23,894** |

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсанда Банктің бейматериалдық активтерібағдарламалық жасақтамалардан және лицензиялардан тұрады.

## 11. Басқа активтер

Басқа активтер келесілерден тұрады:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| **Басқа қаржы активтері** | | |
| Банк қызметі бойынша дебиторлар | **1,585** | 4,483 |
| Маржиналдық қамтамасыз ету | **1,482** | – |
| Алынатын кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша комиссиялар | **86** | 191 |
| Алдын ала төлемдер | **5,688** | 3,133 |
| Басқа | **1,453** | 201 |
| | **10,294** | 8,008 |
| Минус: ККШ-ға арналған резервтер | **(2,471)** | (19) |
| **Басқа қаржы активтері** | **7,823** | 7,989 |
| **Басқа қаржылық емес активтер** | | |
| Кепілдік қамтамасыз ету алынды *(8-Ескертпе)* | **4,260** | 4,260 |
| Өтем жасалатын мемлекеттік баж | **494** | 1,551 |
| Басқа алдын ала төлемдер | **4,450** | 1,497 |
| Қорлар | **874** | 1,241 |
| Негізгі құралдар және бейматериалдық активтер бойынша алғытөлемдер | **1** | 486 |
| Басқа | **4,297** | 3,603 |
| | **14,376** | 12,638 |
| Минус: құнсыздану | **(1,266)** | (2,450) |
| **Басқа қаржылық емес активтер** | **13,110** | 10,188 |
| **Басқа активтер** | **20,933** | 18,177 |




*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 11. Басқа активтер (жалғасы)

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына алынған кепілді қамтамасыз ету клиенттерге кредиттер мен аванстар бойынша кепілді қамтамасыз ету шарттары бойынша алынған ғимараттармен ұсынылған.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге де қаржы активтерінің құрамына санкцияларға байланысты АҚШ долларымен ақша аударымдары бойынша бұғатталған қаражат сомасы және CitibankUnitedStates-те 2,922 миллион теңге мөлшерінде еуро кіреді, сондай-ақ банк қызметі бойынша дебиторлар санкцияларға байланысты кастодиандардан AstanaInternationalExchange-ға 4,483 миллион теңге мөлшерінде бұғатталған дебиторлық берешекті қамтиды.

2023 және 2022 жылдардағы өзге де қаржылық емес активтердің құнсыздануына арналған резервтердің қозғалысы төменде келтірілген:

| | *Басқа қаржылық емес активтер* |
|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша** | (1,307) |
| Жыл ішіндегі аударымдар | (1,943) |
| Есептен шығару | 800 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | (2,450) |
| Жыл ішіндегі аударымдар | (**154**) |
| Есептен шығару | **1,338** |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **(1,266)** |

2023 және 2022 жылдардағы басқа қаржылық активтердің ККШ-ға арналған резервтердің қозғалысы төменде көрсетілген:

| | *Басқа қаржы активтері* |
|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша** | (1,140) |
| Жыл ішіндегі аударымдар | 1,121 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | (19) |
| Жыл ішіндегі аударымдар | **(2,452)** |
| Есептен шығару | – |
| **2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша** | **(2,471)** |

## 12. Кредиттік ұйымдардың қаражаттары

Кредиттік ұйымдардың қаражаты келесілерден тұрады:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| Қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар | **112,453** | 88,538 |
| Банктің корреспонденттік шоттары | **1,947** | 1,492 |
| **Кредиттік ұйымдардың қаражаты** | **114,400** | 90,030 |

2023 жылғы 16 қарашада Банк «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-дан (бұдан әрі - "Даму") өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырудың мемлекетік бағдарламасына сәйкес жылдық 2% сыйақы мөлшерлеесімен 14 миллиард теңге мөлшерінде қарыздар алды. Банк басшылығы белгілі салаларда қызметін жүзеге асыратын субъектілерді қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар аясында "Даму" АҚ-дан алынған қарыздар бойынша бөлек нарық сегментінің болуын назарға ала отырып, бұл мөлшерлемелерді бастапқы таныған кезде нарықтық деп санайды.

2022 жылғы 25 тамызда Банк қаржы ұйымынан 2024 жылғы ақпанда өтеу мерзімімен жалпы сомасы 100,000 миллион теңгеге қарыз қаражатын алды. Бастапқы мойындау кезінде осы қарыз қаражаттарының әділ құнын банк нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, шарттық болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы анықтады. Әділ құн мен алынған қарыз қаражатының 11,585 миллион теңге мөлшеріндегі сомасы (тиісті табыс салығының 2,896 миллион теңге мөлшеріндегі әсерін шегергенде) арасындағы айырма жалпы бақылаудағы байланысты тараппен мәміленің нәтижесі ретінде бөлінбеген пайданың құрамында танылды. 2024 жылғы ақпанда бұл қарыз шарттық

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



міндеттемелерге сәйкес толық өтелді. Өтімділік тәуекелін басқару мақсатында Банк қаржы ұйымдарынан 2027 жылғы өтеу мерзімімен 70,000 миллион теңге мөлшерінде жаңа салымдар тартты.





## 12. Кредиттік ұйымдардың қаражаты (жалғасы)

2022 жылғы сәуірде Банктің SDN OFAC List санкциялық тізіміне енгізілуіне және кредиттік рейтингтің кері қайтарылуына байланысты «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қоса алғанда, кредиттік қаржы ұйымдары мемлекеттік бағдарламалар бойынша 61,913 миллион теңге, 5,422 миллион теңге, 139 миллион теңге сомаға ақша қаражатымен өтеу, сондай-ақ 10,273 миллион теңге, 38,223 миллион теңге және сәйкесінше 6,909 миллион теңге сомасына мемлекеттік бағдарламалар бойынша берілген кредиттер бойынша талап ету құқығын беру арқылы қарыз қаражатын мерзімінен бұрын кері қайтарып алды.

2022 жылдың наурызында Банктің өтімділігін қолдау мақсатында бұрынғы бас банкі, «Сбербанк России» ЖАҚ Банкке 2023 жылғы сәуірде өтеу мерзімімен жылдық 0.75% номиналды мөлшерлememен жалпы сомасы 146,400 миллион рубль (немесе 612,669 миллион теңге) мөлшерінде қарыз берді. Бұл қарыздар жылдық 21.2% - дан 22.6% - ға дейінгі нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді пайдалана отырып, шарттық болашақ ақша ағындарын дисконттау жолымен Банк айқындаған бастапқы мойындау кезінде әділ құн бойынша танылған. Әділ құн мен алынған қарыз қаражатының 88,734 миллион теңге мөлшеріндегі сомасы (тиісті табыс салығының 22,183 миллион теңге мөлшеріндегі әсерін шегергенде) арасындағы айырма акционермен мәміленің нәтижесі ретінде тікелей капиталда бөлінбеген пайданың қоры құрамында танылды. 2022 жылғы 1 қыркүйекте «Сбербанк России» ЖАҚ-дан алынған қарыздардың қалған сомасы мерзімінен бұрын өтелді. Тиісінше, «Сбербанк России» ЖАҚ қарыздарын мерзімінен бұрын өтеу сәтінде Банк осы қарыздар бойынша бұрын мойындалған дисконттың амортизацияланбаған шамасын 90,270 миллион теңге сомасына тікелей капиталда бөлінбеген пайда қорының құрамында есептен шығарды (22,567 миллион теңге мөлшеріндегі тиісті табыс салығының әсерін шегергенде).

## 13. Клиенттердің қаражаттар

Клиенттердің қаражаты келесілерден тұрады:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| **Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар** | | |
| Ағымдағы шоттар | **3,426** | 11,373 |
| Мерзімді салымдар | **247,137** | 727,468 |
| **Мемлекеттік емес заңды тұлғалар** | | |
| Ағымдағы шоттар | **87,987** | 36,743 |
| Мерзімді салымдар | **239,057** | 92,093 |
| **Корпоративтік клиенттердің қаражаттары** | **577,607** | 867,677 |
| **Жеке тұлғалар** | | |
| Ағымдағы шоттар және талап етілмелі шот | **36,891** | 39,817 |
| Мерзімді салымдар | **400,827** | 170,061 |
| **Жеке тұлғалардың қаражаттары** | **437,718** | 209,878 |
| Кредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталынатын | **20,746** | 13,286 |
| Кепілдіктер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталынатын *(26-Ескертпе)* | **2,627** | 2,923 |

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Банк салымшының бірінші талабы бойынша мерзімді депозиттерді қоса алғанда, салым сомасын беруге міндетті. Мерзімді салым салымшыға оның талабы бойынша мерзімі өткенге дейін қайтарылған жағдайларда, салым бойынша сыйақы төленбейді немесе келісімде көрсетілген шарттарға байланысты сыйақының едәуір аз мөлшерлемесі бойынша төленеді. Банк мерзімді және/немесе шартты салымдарды немесе олардың бір бөлігін салымшының талабы түскен сәттен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей, жинақ салымдары – салымшының талабы түскен сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей қайтаруға міндетті.

2024 жылғы ақпанда депозиттерді өтеудің шарттық мерзімдеріне сәйкес Банк 170,000 миллион теңге сомаға байланысқан тараптардың салымдарын өтеді, сондай-ақ 2024 жылғы ақпанда және наурызда заңды тұлғалардан 2027 жылда өтелетін 200,000 миллион теңге сомаға жинақ салымдарын тартты.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің ең ірі он клиентінің үлесіне ағымдағы шоттардағы және корпоративтік клиенттердің депозиттеріндегі қаражаттың жиынтық қалдығының 43,66% тиесілі болды (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: Банктің ең ірі он клиентінің үлесіне ағымдағы шоттар мен корпоративтік клиенттердің депозиттеріндегі қаражаттың жиынтық қалдығының 83.4% тиесілі). 2023 жылғы 31 желтоқсанда осындай клиенттердің шоттарындағы қаражаттың жиынтық қалдығы 252,193 миллион теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 724,236 миллион теңге).





## 14. Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар 2032 жылда өтеу мерзімімен, жылдық 0,1 % сыйақы мөлшерлемесімен баланстық құны 938 миллион теңге болатын бір эмиссиямен және 0,5% тіркелген маржа есебінсіз купондық кезеңде қолданыстағы ҚРҰБ базалық мөлшерлемелесінің орташа мәні ретінде есептелген теңгедегі сыйақы мөлшерлемесімен және 2024 жылда өтеу мерзімімен баланстық құны 420,247 миллион теңге болатын төрт эмиссиямен ұсынылған. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған облигациялардың баланстық құны 421,185 миллион теңгені құрады.

Міндеттемелердің өзгеруі мен қаржылық есептіліктен ақша ағымын салыстырып тексеру:

| | *Шығарылған борыштық бағалы қағаздар* |
|---|---|
| **2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша** | – |
| Борыштық бағалы қағаздарды шығару | **400,895** |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу | – |
| Пайыздық шығын | **20,290** |
| Төленген пайыздар | – |
| **2023 жылғы 31 желтоқсан күнгі баланстық құны** | **421,185** |

## 15. Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер

2018 жылы ҚРҰБ «7-20-25. Әр отбасы үшін тұрғын үй сатып алудың жаңа мүмкіндіктері» ипотекалық тұрғын бағдарламасын (бұдан әрі – «7-20-25 бағдарламасы») бекітті.

7-20-25 бағдарламасының негізгі мақсаты халыққа бастапқы тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік беру және банктердің осы бағдарламаны қаржыландыруға қызығушылығын арттыру. 7-20-25 бағдарламасының шарттарына сәйкес кредиттер жылдық 7% номиналды мөлшерлеме бойынша 25 жылға дейінгі мерзімге және 20% мөлшеріндегі ең төменгі бастапқы жарнамен теңгемен беріледі. Несиені беру және қызмет көрсету үшін комиссия алынбайды.

7-20-25 бағдарламасының шеңберінде Банк клиенттерге ипотекалық кредиттер берді және оларды кредиттердің номиналды құны мөлшерінде ақшалай қаражатқа айырбастау үшін «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ–на (бұдан әрі мәтін бойынша – «Оператор») берді. Банк осы бағдарлама бойынша заңды түрде агент болып әрекет етеді және алынған пайыздық төлемдерден жылдық 4% мөлшерінде сыйақы алады. Активтерді Операторға берудің шарттарына сәйкес, берілген кредиттер бойынша дефолт туындаған жағдайда Банк Оператордан берілген кредиттерді кері сатып алуды жүзеге асыруға міндетті. Осыған байланысты Банк берілген кредиттерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшырайды.

Банк өзін берілген кредиттермен байланысты барлық елеулі тәуекелдерге ұшырайды деп есептейді, осыған байланысты Банк өзінің қаржылық есебінде осы кредиттерді мойындауды тоқтатпайды және Оператордан 7-20-25 Бағдарламасы аясында алынған қаражатты міндеттеме ретінде таниды.

Банк басшылығы осы мемлекеттік бағдарлама үшін нарықтың жекелеген сегментінің болуына жол беруді қабылдай отырып, Оператордан алынған қаражат және берілген ипотекалық кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді бастапқы мойындау сәтінде нарықтық деп санайды.

Тапсырылған кредиттердің баланстық құны 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 315,486 миллион теңгені құрайды (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 356,194 миллион теңге) және міндеттемелердің баланстық құны 314,936 миллион теңге (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 356,086 миллион теңге).

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



## 16. Басқа міндеттемелер

Басқа міндеттемелер келесілерден тұрады:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| **Басқа қаржылық міндеттемелер** | | |
| *Кепілдіктер мен аккредитиветр бойынша резервтер (26-Ескертпе)* | **7,069** | 10,964 |
| Жалға алу шарттары бойынша міндеттемелер | **2,579** | 2,954 |
| Әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша есептелгентшығындар | **1,795** | 2,757 |
| Басқа | **565** | 2,583 |
| | **12,008** | 19,258 |
| **Басқа қаржылық емес міндеттемелер** | | |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа төленуі тиіс салықтар | **1,847** | 4,868 |
| Қызметкерлердің сыйақылары бойынша есептелген шығындар | **8,609** | 4,643 |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша аударымдар | **3,233** | 3,412 |
| Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорына жарналар бойынша міндеттемелер | **627** | 310 |
| Басқа | **1,864** | 1,054 |
| | **16,180** | 14,287 |
| **Басқа міндеттемелер** | **28,188** | 33,545 |

Төменде жалға алу бойынша міндеттемелердің баланстық құны және кезең ішіндегі қозғалысы көрсетілген:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| **1 қаңтарда** | **2,954** | 4,104 |
| Түсімдер *(9-Ескертпе)* | **1,758** | 171 |
| Шарт модификациясы *(9-Ескертпе)* | **19** | 467 |
| Пайыздық шығыстар *(18-Ескертпе)* | **280** | 294 |
| Төлемдер | **(2,432)** | (2,082) |
| **31 желтоқсанда** | **2,579** | 2,954 |

## 17. Капитал

Төменде шығарылған, айналымдағы және толық төленген жай акциялар туралы ақпарат берілген:

| | *Қарапайым акциялар саны* | *Эмиссиялық кіріс* | *Номиналды құны* | *Жарғылық капитал* |
|---|---|---|---|---|
| 2022 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша | 12,839,114 | 38,661 | 12,839 | 51,500 |

Бір акцияның номиналды құны 1.000 теңгені құрайды. Әр жай акция дивидендтер алуға тең құқық және бір дауыс береді. Барлық акциялар теңгеде көрсетілген

2022 жылғы 30 мамырда Банк 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған есептік жыл бойынша жай акциялар бойынша 130,000 миллион теңге мөлшеріндегі дивидендтерді жариялады (бір акция үшін 10,125.31 теңге). Дивидендтер 2022 жылғы желтоқсанда «Сбербанк России» ЖАҚ-ға төленді, дивидендтер төленген күні Банк капитал жеткіліктілігінің реттеушілік нормативтерін сақтады.

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің күтпеген шығыстарды және алдағы шығындарды жабуға арналған 23,893 миллион теңге сомасындағы резервтік қоры бар. Резервтік қордың қаражаттары Банк акционерлерінің ресми рұқсатымен ғана үлестіріле алады.





## 18. Пайыздық кірістер мен шығыстар

Пайыздық кірістер мен шығыстар келесілерден тұрады:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| **Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер** | | |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар | **194,909** | 207,817 |
| Ақша қаражаты мен олардың баламалары | **24,449** | 10,250 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | **26,116** | 7,257 |
| Бағалы қағаздармен кері «репо» шарттары | **17,341** | 2,220 |
| Амортизацияланған құны арқылы бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | – | 46 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | **73** | 16 |
| | **262,888** | 227,606 |
| **Өзге пайыздық кірістер** | | |
| Сауда бағалы қағаздары | – | 2,019 |
| **Пайыздық кірістер** | **262,888** | 229,625 |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | **(20,074)** | (92,349) |
| Корпоративтік клиенттердің мерзімді салымдары | **(75,856)** | (40,280) |
| Жеке тұлғалардың мерзімді салымдары | **(35,122)** | (20,201) |
| Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер | **(18,281)** | (20,051) |
| Бағалы қағаздармен «репо» шарттар | **(13)** | (6,870) |
| Туынды қаржы құралдары | – | (5,471) |
| Жалға алу бойынша міндеттемелер | **(280)** | (294) |
| Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар | **(20,290)** | – |
| **Пайыздық шығындар** | **(169,916)** | (185,516) |
| **Таза пайыздық кіріс** | **92,972** | 44,109 |

2023 жыл бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме тәсілін пайдалана отырып есептелген пайыздық шығыстарға клиенттерге берілген кредиттік-құнсызданған кредиттер бойынша 3,678 миллион теңге мөлшеріндегі пайыздық сыйақы кіреді (2022 жылы: 10,542 миллион теңге).

## 19. Комиссиялық кірістер мен шығыстар

Комисиялық кірістер мен шығыстар келесілерден тұрады:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| Төлем карталарымен операциялар | **3,107** | 7,824 |
| Есеп айырысу операциялары | **2,007** | 5,828 |
| Кассалық операциялар | **1,452** | 2,251 |
| Берілген кепілдіктер | **1,149** | 2,208 |
| Пакеттік ұсыныстар | **983** | 1,923 |
| Шетел валютасымен операциялар | **253** | 794 |
| Құжаттамалық есеп-айырысулар | **252** | 660 |
| Агенттік қызметтер | **112** | 6,621 |
| Басқа | **496** | 947 |
| **Комиссиялық кірістер** | **9,811** | 29,056 |
| Есеп айырысу операциялары | **(4,056)** | (1,549) |
| Төлем карталарына қызмет көрсету | **(1,747)** | (7,164) |
| Құжаттамалық есеп-айырысулар | **(16)** | (147) |
| Қабылданған кепілдіктер | **(3)** | (4) |
| Басқа | **(582)** | (789) |
| **Комиссиялық шығындар** | **(6,404)** | (9,653) |

*Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім*

Клиенттермен жасалған шарттар бойынша Банк түсімі ең алдымен комиссиялық кіріс ретінде көрсетілген. 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша пайда және шығын туралы есепте танылған клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім тиісінше 9,811 миллион теңгені және 29,056 миллион теңгені құрады.





## 19. Комиссиялық кірістер мен шығындар (жалғасы)

Қаржылық жағдайы туралы есепте Банк шарт бойынша келесі активтерді және сатып алушылармен/клиенттермен шарттармен байланысты шарттар бойынша міндеттемелерді таныды:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| Есептелген болашақ кіріс (басқа активтер құрамында көрсетілген) | **121** | 270 |
| Шегерілген кіріс (басқа міндеттемелер құрамында көрсетілген) | **1,684** | 146 |

Банк, әдетте, олар алынатын операциялар аяқталғанға дейін немесе ол аяқталғаннан кейін бірден комиссия алады (орындау міндеті белгілі бір уақытта орындалатын шарттар жағдайында, мысалы, есеп айырысу операциялары). Мерзім ішінде орындалатын қызметтер (мысалы, несие карталарына қызмет көрсетуге байланысты қызметтер) ұсынылған жағдайда, Банк әдетте ай сайын, тоқсан сайын немесе жыл сайын шарттың жалпы қолданылу мерзімінің тиісті бөлігіне қатысты сомаларды алдын ала алады.

Банк 15 ХҚЕС (IFRS) 121 тармағында көзделген практикалық сипаттағы оңайлатуды қолданады және бастапқы күтілетін қолданылу мерзімі бір жылдан аспайтын шарттар бойынша орындалуға қалған міндеттер туралы ақпаратты ашпайды.

## 20. Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза (шығыстар)/кірістер

Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза (шығыстар)/кірістер келесілерден тұрады:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза (шығыстар)/кірістер | | |
| - сауда операциялары | **17,976** | 5,758 |
| - валюталық баптарды қайта бағалау | **(367)** | (365,999) |

2022 жыл бойынша валюталық баптарды қайта бағалаудан келген шығындар сомасына Банктің өтімділігін сақтау мақсатында 2022 жылы «Сбербанк России» ЖАҚ-дан алынған рубльдегі қарыздарды валюталық қайта бағалау бойынша өткізілген шығыс кіреді. 2022 жыл бойынша байланысты тараптардан алынған қарыздарды валюталық қайта бағалау бойынша өткізілген таза шығыстың жалпы сомасы 395,204 миллион теңгені құрады. Бұл қарыздар 2022 жылғы 1 қыркүйекте мерзімінен бұрын өтелді *(13,29-Ескертпелер)*. Сондай-ақ 2022 жылы валюталық баптарды қайта бағалау бойынша таза шығыстар сомасына Бас компаниядан рубльде берілген мерзімді депозит әсер етті. Мерзімді депозитті қайта бағалаудан түскен кіріс сомасы 27,240 миллион теңгені құрады *(29-Ескертпе)*.

## 21. Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза кірістер

Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза кіріс келесідей көрсетілген:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза кірістер | | |
| - валюталық своптар, форвардтық келісімшарттар бойынша өткізілген кірістер | **1,606** | 262,576 |
| | **1,606** | 262,576 |

2022 жылғы туынды қаржы құралдарымен жасалатын операциялар бойынша кірістер сомасы орындалу күні 2022 жыл ішінде басталған валюталық-пайыздық своптармен және форвардтық келісімшарттармен жүргізілетін операциялар бойынша іске асырылған табысты қамтиды.

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 27. Тәуекелдерді басқару

**Кіріспе**

Банктің қызметіне тәуекелдер тән. Банк тәуекелдерді басқаруды анықтау, бағалау және байқаудың тұрақты процесінің барысында, сондай-ақ тәуекел лимиттерін және ішкі бақылаудың басқа да шараларын белгілеу арқылы жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару процесі Банктің тұрақты кірістілігін сақтау үшін өте маңызды және Банктің әрбір жеке қызметкері оның міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауап береді. Банк несиелік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге ұшырайды, ол өз кезегінде сауда операцияларымен байланысты тәуекелге және саудалық емес қызметпен байланысты тәуекелге бөлінеді. Банк сонымен қатар операциялық тәуекелдерге ұшырайды.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау процесі, мысалы, қоршаған ортаның өзгеруі, технологияның немесе саланың өзгеруі сияқты іс-әрекеттерді жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Мұндай тәуекелдерді Банк стратегиялық жоспарлау процесінде бақылайды.

*Тәуекелдерді басқару құрылымы*

Тәуекелдерді анықтау және оларды бақылау үшін жалпы жауапкершілік Директорлар кеңесіне жүктеледі. Сонымен қатар, тәуекелдерді басқаруға және бақылауға жауапты жеке тәуелсіз органдар бар.

*Директорлар кеңесі*

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың жалпы тәсіліне, тәуекелдерді басқару стратегиясы мен принциптерін бекітуге жауапты.

*Басқарма*

Басқарманың міндеті Банктегі тәуекелдерді басқару процесін бақылау болып табылады.

Банкте банктегі тәуекелдерді басқару процедурасы «3 қорғаныс желісі» қағидатын қамтиды және оны бір-бірінен ұйымдық тәуелсіз үш түрлі бөлімше орындайды.

*Тәуекелдерді бақылау*

Тәуекелдердің бөлімделуі Банктің тәуекелдерді басқару қағидаттарының, саясатының және тәуекел лимиттерінің сақталуын бақылауға жауапты. Әрбір бизнес-бөлімшенің құрамында белгіленген лимиттермен салыстырғанда тәуекелге ұшыраған позициялардың мөлшерін бақылауды, сондай-ақ жаңа өнімдер мен құрылымдық мәмілелердің тәуекелін бағалауды қоса алғанда, тәуекелдерді бақылау ұйымдастырылған.

*ALM Басқармасы*

ALM басқармасы өтімділік тәуекелі, пайыздық тәуекел және капитал жеткіліктілігі тәуекелі бойынша бірінші қорғаныс желісі болып табылады. ALM басқармасы мен Қазынашылық басқармасы да Банктің валюталық тәуекеліне жауап береді.

*Ішкі аудит*

Ішкі аудит қызметі үшінші қорғаныс желісі болып табылады. Банкте өтетін тәуекелдерді басқару процестерін жыл сайын Ішкі аудит қызметі тексереді, ол рәсімдердің жеткіліктілігін де, банктің осы рәсімдерді орындауын да тексереді. Ішкі аудит басқармасы басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және өз қорытындылары мен ұсынымдарын Банктің Директорлар кеңесіне ұсынады.

*Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпаратты беру жүйелері*

Банктің тәуекелдері әдеттегі қызмет барысында күтілетін шығынды да, статистикалық модельдер негізінде ең үлкен нақты шығынды бағалауды білдіретін күтпеген шығынды да көрсететін әдісті қолдана отырып бағаланады. Модельдер өткен тәжірибелерден алынған және экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген ықтималдық мәндерін пайдаланады. Банк сонымен қатар екіталай деп саналатын оқиғалар болған жағдайда орын алатын «ең нашар сценарийлерді» модельдейді.

Тәуекелдерді мониторингілеу және бақылау негізінен Банк белгілеген лимиттерге негізделеді. Мұндай лимиттер Банк жұмыс істейтін қызметті жүргізу стратегиясын және нарықтық жағдайларды, сондай-ақ Банктің қабылдауға дайын тәуекел деңгейін көрсетеді, бұл ретте жекелеген салаларға ерекше назар аударылады. Бұдан басқа, Банк тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық позицияға қатысты тәуекелдерді көтерудің өзінің жалпы қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді талдау, бақылау және ерте анықтау мақсатында зерттеледі және өңделеді. Көрсетілген ақпарат бөлімшелердің әрқайсысының Басқармасы мен басшыларына түсіндірмелермен беріледі. Есепте кредиттік тәуекелдің жиынтық мөлшері туралы ақпарат, болжамды кредиттік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел лимиттерінен ерекшеліктер, тәуекелді ескере отырып құны, өтімділік көрсеткіштері





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

және тәуекел деңгейіндегі өзгерістер қамтылады. Ай сайын салалар, клиенттер және географиялық аймақтар бойынша тәуекелдер туралы ақпарат беріледі. Тоқсан сайын Директорлар кеңесі Банктің тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдер қабылдау үшін барлық қажетті ақпаратты қамтитын тәуекелдер туралы толық есеп алады.





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 27. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Кіріспе (жалғасы)**

*Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпаратты беру жүйелері (жалғасы)*

Банктің барлық деңгейлері үшін тәуекелдер туралы әртүрлі есептер жасалады, олар Банктің барлық бөлімшелеріне ауқымды, қажетті және өзекті ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін таратылады.

*Тәуекелді төмендету*

Тәуекелдерді басқару шеңберінде Банк пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбас бағамдарындағы өзгерістер, акциялар бағасының өзгеру тәуекелі, кредиттік тәуекел, сондай-ақ болжанатын мәмілелер бойынша позициялар салдарынан туындайтын позицияларды басқару үшін туынды және басқа құралдарды пайдаланады.

Банк өзінің несиелік тәуекелін төмендету үшін қамтамасыз етуді белсенді қолданады (қосымша ақпарат төменде көрсетілген).

*Тәуекелдің шамадан тыс концентрациясы*

Тәуекел концентрациясы бірқатар контрагенттер ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асырған немесе олардың қызметі бір географиялық аймақта жүргізілген немесе контрагенттер ұқсас экономикалық сипаттамаларға ие болған және экономикалық, саяси және басқа жағдайлардағы өзгерістер нәтижесінде осы контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне ұқсас әсер еткен жағдайда пайда болады. Тәуекел концентрациясы белгілі бір салаға немесе географиялық аймаққа әсер ететін жағдайлардағы өзгерістерге Банк қызметінің нәтижелерінің салыстырмалы сезімталдығын көрсетеді.

Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануын болдырмау үшін Банктің саясаты мен рәсімдері әртараптандырылған портфельді сақтауға бағытталған арнайы принциптерді қамтиды. Белгіленген тәуекел концентрациясын басқару жүзеге асырылады.

**Кредиттік тәуекел**

Несиелік тәуекел - Банктің клиенттерінің немесе контрагенттерінің келісімшарттық міндеттемелерді орындамауы салдарынан оның шығынға ұшырау қаупі. Банк кредиттік тәуекелді Банктің жекелеген контрагенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерінің сақталуын мониторингтеу арқылы басқарады.

Банк контрагенттердің несиелік қабілеттілігіндегі ықтимал өзгерістерді, соның ішінде кепілдік мөлшерін мерзімді қайта карауды ерте анықтауды қамтамасыз ету үшін несиелік сапаны тексеру процедурасын әзірледі. Несиелік сапаны тексеру процедурасы Банкке тәуекелдер бойынша ықтимал шығындардың мөлшерін бағалауға және қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

*Туынды қаржы құралдары*

Туынды қаржылық құралдармен байланысты несиелік тәуекел кез-келген уақытта қаржылық жағдай туралы есепте мойындалған оң әділ құнды туынды құралдармен шектеледі.

*Кредиттік сипаттағы міндеттемелерге байланысты тәуекелдер*

Банк өз клиенттеріне Банктің клиенттерінің атынан төлемдер жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін кепілдіктерді алу мүмкіндігін береді. Клиенттер мұндай төлемдерді Банкке аккредитив беру шарттарына сәйкес өтейді. Көрсетілген шарттар бойынша Банк кредиттер бойынша тәуекелдерге ұқсас және тәуекелдерді бақылау рәсімдері мен саясатының көмегімен төмендетілетін тәуекелдерді көтереді.

Өзара есеп айырысу туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдалану салдарынан тәуекелді төмендетудің әсерін ескермей, қаржылық жағдай туралы есеп баптарының баланстық құны осы баптар бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін неғұрлым дәл көрсетеді.

Әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы құралдары бойынша олардың баланстық құны кредиттік тәуекелдің ағымдағы мөлшерін білдіреді, бірақ болашақта құнның өзгеруі нәтижесінде туындауы мүмкін тәуекелдің ең жоғары мөлшерін білдірмейді.

Қаржы құралдарының әрбір санаты бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері туралы толығырақ ақпарат жеке ескертпелерде берілген. Қамтамасыз етудің және тәуекелді төмендетудің өзге де әдістерінің әсері *8-ескертпеде* келтірілген.

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



## 27. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

*Құнсыздануды бағалау*

Банк тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның болжамды мәнін пайдалана отырып дисконтталатын ақшалай қаражаттың күтілетін жетіспеушілігін бағалау үшін ықтималдықты ескере отырып өлшенген бірнеше сценарийлер негізінде ККШ есептейді. Ақша қаражатын түгел алмау - бұл келісімшартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағындары мен ұйым алуды күткен ақша ағындарының арасындағы айырмашылық. ККШ есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтер келесідей болып табылады:

| | |
|---|---|
| Дефолт ықтималдығы (PD) | *Дефолт ықтималдығы* - берілген уақыт аралығында дефолттың пайда болу ықтималдығының болжамды бағасы болып табылады. Егер активті мойындау тоқтатылмаған болса және ол әлі де портфельдің бөлігі болып табылса, дефолт қарастырылып отырған кезең ішінде белгілі бір уақытта ғана орын алуы мүмкін. |
| Дефолт тәуекеліне бейімді мөлшер (EAD) | Дефолт тәуекеліне бейімді мөлшер шартта көзделген борыштың негізгі сомасын және пайыздарды төлеуді немесе өзге де тәсілмен берілген қарыздарды өтеуді күтуді және төлемдерді кешіктіру нәтижесінде есептелген пайыздарды қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, болашақта қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраған шаманың есептік бағасын білдіреді. |
| Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі (LGD) | *Дефолт кезіндегі шығын деңгейі* белгілі бір уақытта дефолт орын алған жағдайда туындайтын шығынның есептік бағасын білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асырудың нәтижесінде алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма негізінде есептеледі. Әдетте EAD-ге қатысты пайызбен көрсетіледі. |

Егер бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі байқалса ККШ бойынша бағалау резерві активтің қолданылу мерзімінің ішінде туындауы күтілетін кредиттік шығындардың негізінде есептеледі (барлық мерзімдегі ККШ немесе барлық мерзімде күтілетін кредиттік шығындар), әйтпесе, бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік шығынға тең сомада есептеледі (12-айлық ККШ). 12-айлық ККШ – бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын ККШ болып табылатын бүкіл мерзімдегі ККШ бөлігі. Барлық мерзім ішіндегі ККШ және 12 айлық ККШ қаржы құралдарының базалық портфелінің сипатына байланысты жеке негізде немесе топтық негізде есептеледі.

Банк қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде дефолттың орын алу тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен бастапқы мойындау сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болған-болмағанына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңында бағалауды жүзеге асыру үшін саясат әзірледі. Жоғарыда сипатталған процестің негізінде Банк оларға берілген несиелерді келесі топтарға біріктіреді:

| | |
|---|---|
| 1-Кезең: | Кредитті бастапқы мойындаған кезде Банк бағалау резервін 12 айлық- ККШ-ға тең сомада мойындайды. 1-кезеңге несиелер мен басқа несиелік желілер де кіреді, олар бойынша несиелік тәуекел 2-кезеңнен ауыстырылғанға дейін төмендеген. |
| 2-Кезең: | Егер кредит бойынша кредиттік тәуекел бастапқы мойындалған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайған болса, Банк бағалау резервін бүкіл мерзімдегі ККШ-ға тең сомада мойындайды. 2-кезеңге несиелер мен басқа несиелік желілер де кіреді, олар бойынша несиелік тәуекел 3-кезеңнен ауыстырылғанға дейін төмендеген. |
| 3-Кезең: | Несиелік құнсызданған болып табылатын несиелер. Банк бағалау резервін барлық мерзім ішіндегі ККШ-ға тең сомада мойындайды. |
| СҚКҚ: | СҚКҚ активтер – бұл бастапқы мойындау кезінде несиелік құнсыздану болған қаржылық активтер. СҚКҚ бастапқы мойындау кезінде активтер әділ құн бойынша бағаланады және кейіннен несиелік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс мойындалады. ККШ астындағы бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар сомасының кейіннен өзгеруі орын алған көлемде ғана мойындалады немесе мойындауды тоқтатады. |





## 27. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

*Дефолт пен емделуді анықтау*

Банк қаржы құралы бойынша дефолт орын алды деп есептейді, демек, қарыз алушы шартта көзделген төлемдерді 90 күнге кешіктірген кез келген жағдайда ККШ есептеу мақсаттары үшін оны 3-кезеңге (кредиттік-құнсызданған активтер) жатқызады. Банк қаражатқа қатысты банктерде дефолт орын алды деп есептейді және егер операциялық күн жабылған кезде жекелеген келісімдерде көрсетілген қажетті күндізгі төлемдер жүргізілмеген болса, оны жою жөнінде жедел шаралар қолданады.

Клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалаудың аясында Банк төлемнің екіталай екенін көрсететін бірқатар оқиғаларды сондай-ақ қарастырады. Мұндай оқиғалар орын алған жағдайда Банк мұндай оқиғаның дефолтқа әкелетінін және активтерді ККШ есептеу мақсаттары үшін 3-кезеңге жатқызу керектігін немесе 2-кезең қолайлы болатынын мұқият талдайды. Мұндай оқиғаларға келесілер жатады:

- қарыз алушының дефолтты немесе дефолтқа жақындығын (26-рейтинг) көрсететін ішкі рейтингі
- қарыз алушының елеулі қаржылық қиындықтары туралы ақпараттың болуы;
- қарыз алушыда форс-мажор жағдайлардың болуы;
- жаңартылған, қол қойылған қаржылық есептіліктің болмауы;
- шарт талаптарын бұзу;
- қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты қарыз бойынша сыйақы есептеуді тоқтату;
- қарыз алушының қайтыс болуы;
- қарыз берілген сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі артуына байланысты қарыз алушының берешегі сомасын ішінара және (немесе) толық есептен шығару;
- қарызды елеулі дисконтпен сату;
- қарызды мәжбүрлі қайта құрылымдау;
- борышкер (борышкер тобының құрамындағы заңды тұлға) банкроттық туралы өтініш берді немесе өзін банкрот деп жариялады;
- ҚХЕС стандарттарында қарастырылған басқа жағдайлар.

Банктің саясатына сәйкес қаржы құралдары «емделген» деп саналады және осылайша 3-кезеңнен аударылады, бұл кезде дефолт критерийлерінің ешқайсысы кем дегенде алты ай қатарынан байқалмаған. Активті «емделген» жағдайда 2-кезеңге немесе 1-кезеңге жатқызу керек пе деген шешім қалпына келтіру кезіндегі несиелік рейтингтің қайта қаралған деңгейіне және бастапқы мойындалған сәттен бастап несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі болғанын бағалауға байланысты.

*Ішкі рейтингті тағайындау және дефолт ықтималдығын бағалау процесі*

Ішкі рейтинг деңгейлерін тағайындау модельдерін Банктің тәуелсіз несиелік тәуекелдер департаменті әзірлейді және қолданады. Клиенттері 1-ден 26-ға дейінгі диапазондағы ішкі рейтинг деңгейіне ие негізгі портфельдер үшін Банк жеке модельдерді қолданады. Модельдер сандық және сапалық ақпаратты пайдаланады және қарыз алушыға тән ақпараттан басқа, қарыз алушының мінез-құлқына әсер етуі мүмкін сыртқы көздерден алынған қосымша ақпаратты да ескереді. Іс жүзінде мүмкін болатын жерде ұлттық және халықаралық рейтингтік агенттіктердің ақпараты да қолданылады. Рейтингтің әрбір деңгейі үшін дефолт ықтималдығының көрсеткіштері тағайындалады, олар болжамды ақпаратты және активтердің ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес кезеңдерге жіктелуін ескереді. Қажет болған жағдайда бұл деректер әрбір экономикалық сценарий үшін анықталады.

*Қазынашылық және банкаралық қарым-қатынастар*

Банктің қазынашылық және банкаралық қатынастарына банктер, брокер-дилерлер, биржалар және клирингтік ұйымдарды қоса алғанда, қаржылық қызмет көрсету ұйымдары сияқты контрагенттермен қатынастар кіреді. Мұндай қатынастарды бағалау үшін Банктің несиелік тәуекел департаменті қаржылық есептілік сияқты жалпыға қол жетімді ақпаратты және сыртқы рейтингтер сияқты басқа сыртқы көздерден алынған деректерді талдайды және төмендегі кестеде көрсетілгендей ішкі рейтинг деңгейін тағайындайды.





## 27. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

*Шағын бизнес кәсіпкерлігін коммерциялық несиелеу және несиелеу*

Несиелік тәуекелді бағалау әртүрлі тарихи, ағымдағы және болжамды ақпаратты ескеретін несиелік скоринг үлгісіне негізделген, мысалы:

- Тарихи қаржылық ақпарат клиенттер тұрғысынан дайындалған болжамдармен және жоспарлармен бірге. Мұндай қаржылық ақпарат алынған және күтілетін нәтижелер туралы деректерді, төлем қабілеттілігі коэффициенттерін, өтімділік коэффициенттерін және клиенттің қаржылық нәтижелерін бағалауға сәйкес келетін кез келген басқа коэффициенттерді қамтиды. Мұндай көрсеткіштердің бір бөлігі клиенттермен жасалатын шарттарда бекітіледі, сондықтан оларды бағалауға көбірек көңіл бөлінеді.
- Сыртқы ақпарат көздерінен алынған клиенттер туралы жалпыға қол жетімді ақпарат. Мұндай ақпаратқа рейтингтік агенттіктер тағайындаған сыртқы рейтингтер, тәуелсіз талдаушылардың есептері, облигациялар нарығындағы айналымдағы бағалар немесе пресс-релиздер мен мақалалар кіреді.
- Макроэкономикалық ақпарат.
- Ұйымның қызмет нәтижелерін анықтауға сәйкес келетін басқару сапасы мен клиенттің мүмкіндіктері туралы тағы бір негізделген және расталған ақпарат.

Несиелік сапаны бағалау әдістерінің күрделілігі мен егжей-тегжейінің деңгейі Банктің тәуекелге ұшырауына және клиенттің күрделілігіне және мөлшеріне байланысты ерекшеленеді.

Банк ішкі кредиттік рейтингтің келесі деңгейлерін пайдаланады:

| *Ішкі рейтинг деңгейі* | *Сыртқы халықаралық рейтинг агенттігінің (Fitch) рейтингі* | *Ішкі рейтинг деңгейінің сипаты* |
|---|---|---|
| 1 | AAA/AA+/AA/AA-/A+ | Минималды кредиттік тәуекел |
| 2 | A | |
| 3 | A- | |
| 4 | A- | |
| 5 | BBB+ | |
| 6 | BBB | |
| 7 | BBB | |
| 8 | BBB- | |
| 9 | BB+ | |
| 10 | BB+ | |
| 11 | BB | Төмен кредиттік тәуекел |
| 12 | BB | |
| 13 | BB- | |
| 14 | B+ | |
| 15 | B+ | |
| 16 | B | |
| 17 | B- | |
| 18 | B- | Орта кредиттік тәуекел |
| 19 | CCC+ | |
| 20 | CCC | |
| 21 | CCC | |
| 22 | CCC- | |
| 23 | CC | |
| 24 | C | Жоғары кредиттік тәуекел |
| 25 | C | |
| 26 | RD/D | Дефолт |

*Тұтынушылық кредит беру және ипотекалық кредит беру*

Тұтынушылық кредит беруге коммерциялық және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес, соның ішінде кепілмен қамтамасыз етілмеген мақсаттарға кредит беру кіреді. Берілген өнімдерді бағалау кредиттік өтінімдерді өңдеудің автоматтандырылған жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады, оған клиент туралы әлеуметтік-демографиялық деректердің, кредиттік тарих бюросынан және клиенттің кредиттік қабілетін және қарыз бойынша төлем жасау қабілетін бағалауға мүмкіндік беретін басқа да клиент туралы ақпарат көздерінен деректер скорингі кіреді.

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 27. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

*Дефолт қаупіне бейімді мөлшер*

Дефолт қаупіне бейімді мөлшер (EAD) құнсыздануы бағаланатын қаржылық құралдардің жалпы баланстық құны болып табылады және клиенттің дефолтқа жақындаған кезде өз берешегін арттыру қабілетін және мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көрсетеді. 1-Кезеңдегі кредиттер үшін EAD есептеу үшін Банк 12 айлық ККШ бағалау үшін 12 ай ішінде дефолт басталу ықтималдығын бағалайды. 2-Кезең активтері, қаржылық активтер үшін EAD құралдың барлық қолданыс мерзімі ішінде орын алуы мүмкін жағдайлар үшін қарастырылады.

Банк өзінің корпоративтік және бөлшек клиенттеріне Банктің қайтарып алуға құқығы бар және/немесе олар бойынша тек бір күн ішінде хабардар етіп, лимитті азайта алатын түрлі овердрафттар мен кредиттік карталарды ұсынады. Банк хабарлама беру үшін кредиттік шығындар тәуекеліне бейімділікті шектемейді және оның орнына Банктің клиент іс-әрекетіне, дефолт ықтималдығына және Банк кредиттік тәуекелді азайту бойынша болашақта қабылдайтын шараларға қатысты болжалын көрсететін кезең бойындағы ККШ есептейді, олкредиттік желілердің азаюын немесе жабылуын көздеуі мүмін. Кредиттік карталар бойынша ККШ дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлеме күтілетін тәуекелге бейімді кезең бойына қолданылатын орташа тиімді пайыздық мөлшерлемеге негізделген. Мұндай баға көптеген кредиттер ай сайын толық көлемде төленетінін ескереді және сондықтан олар бойынша пайыздар есептемейді.

*Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі*

Кредит берген жағдайда LGD мәміле қарастырылған сәтте бағаланады, сондай-ақ үш айда бір рет клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджерлер оны бағалайды және Банктің тәуекелдер департаменті қайта қарап, бекітеді.

Кредиттік тәуекелді бағалау нәтижесінде белгілі LGD деңгейлері белгіленетін стандартты LGD бағалау үлгісіне негізделеді.

Банк өзінің бөлшек кредиттік өнімдерін болашақ ақша ағымдарын бағалауға келетін негізгі сипаттамалары негізінде біртектес топтарға біріктіреді. Ол үшін алдыңғы кезеңдердегі шығындар туралы ақпарат қолданылады және мәмілелерге тән сипаттамалар спектрі (мысалы, өнім түрі, қамтамасыз ету түрі), сондай-ақ қарыз алушының сипаттамалары қарастырылады.

Қажет жерінде қаржылық құралдардың әр тобы үшін ҚХЕС (IFRS) 9 бойынша LGD деңгейін анықтау үшін жаңа деректер мен болжамды экономикалық сценарийлер қолданылады. Болжамды ақпаратты бағалау кезінде күтілетін нәтижелер көптеген сценарийлерге негізделеді. Негізгі шығыс деректерінің мысалдарына ипотекалық кредиттеу жағдайында баспана бағасын қоса алғанда қамтамасыз ету сомасының өзгеруі, тауарлар бағалары немесе құралдар тобы бойынша шығындарды растайтын басқа факторлар кіреді.

LGD деңгейлері 1,2 және 3-Кезеңдердің және СҚКҚ активтерінің барлық кластары үшін бағаланады.

*Кредиттік тәуекелдің елеулі артуы*

Банк үнемі оларға қатысты ККШ есептелетін активтерді тексеріп отырады. Құрал немесе құралдар портфелі бойынша құнсыздануға арналған бағалау резервін қандай сомада құру қажет екенін анықтау үшін (яғни, 12 айлық ККШ немесе барлық кезең үшін ККШ сомасында) үшін Банк берілген құрал немесе құралдар портфелі бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап елеулі түрде артуына талдау жүргізеді. Егер ҚХЕС (IFRS) 9 бойынша бүкіл мерзім шінде ішкі кредиттік рейтинг көрсеткіші бастапқы таныған сәттен бастап ККШ бағалау күні 5 тармақтан артық ұлғайса, Банк қаржылық құрал бойынша кредиттік тәуекел бастапқы таныған сәттен бастап елеулі артты деп санайды.

Кредиттік рейтинг деңгейінің өзгеруіне қарамастан шартта қарастырылған төлемдердің мерзімі 30 күннен астам кешіктірілсе, бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі артуы орын алды. ККШ ұқсас активтер тобы бойынша топтық негізде бағаланған жағдайда Банк сол бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі артуының орын алғанын бағалау қағидаларын қолданады.

*Жеке негізде ККШ-ға арналған резервті бағалау*

Төменде көрсетілген факторларға қарай Банк жеке негізде немесе топтық негізде ККШ есептейді.

Банк ККШ жеке негізде есептейтін активтер класы келесілерден тұрады:

- қаржы активтерінің класына қарамастан жеке елеулі болып табылатын 3-Кезеңнің барлық активтері;
- шағын бизнес кәсіпорындарын кредиттеу қоржынындағы ірі және бірегей құралдар;
- қазынашылық және банкаралық қарым-қатынастар (мысалы, банктердегі қаражат, ақша қаражатының баламалары және амортизацияланған құны және ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар);





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 27. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

*Жеке негізде ККШ-ға арналған резервті бағалау (жалғасы)*

- бастапқы қарызды тану және борышты қайта құрылымдау нәтижесінде жаңа қарызды тану тоқтатылған кезде СҚКҚ ретінде жіктелген қаржылық активтер.

Кредиттік сапасы нашарлаған (құнсызданумен қоса) қарыз алушылардың берешектері бойынша жеке резерв көлемін реттеу үшін әртүрлі сценарийлер үшін кредиттік шығындардың ықтималдығы бойынша өлшенген бағасы негізінде қарыз алушының барлық шарттары бойынша берешекті өтеудің/реттеудің түрлі сценарийлері үшін күтілетін кредиттік шығындар бағаланады.

Жеке негізде резервтеу аясында келесі кезеңдер ерекше белгіленеді:

1) қарыз алушымен жұмыс істеудің ағымдағы стратегиясын белгілеу (кредиттік немесе дефолттық);
2) берешекті өтеу сценарийлерін және олардың орын алу ықтималдығын белігдеу;
3) сценарийлер бөлінісінде ақша ағымдарын үлгілеу.

Бастапқы кезеңде есептеу сәтінде бар ақпаратқа негіздеде отырып, кредитті өтеудің барынша ықтимал сценарийлерін сараптамалық бағалау жүргізіледі. Қабылданған қарыз алушымен жұмыс істеу стратегиясына қарай (кредиттік немесе дефолттық) түрлі сценарийлер іске асырылуы мүмкін.

Кредиттік стратегиясы бар қарыз алушылар үшін келесі базалық сценарийлер қолданылады:

1) "кредиттік стратегия" сценарийі: бұл сценарийде өтеу кестесі/ жоспарланған қайта құрылымдау есебімен болжамды өтеу кестесі бойынша кредитті толық өтеу қарастырылған;
2) "дефолттық стратегия" сценарийі - кепіл мүлкін сатудан немесе Банк бағасына сәйке берешекті қайтарудың/реттеудің басқа тәсілінен күтілетін ақша ағымдары,
3) "кредит бойынша 100% шығын сценарийі";
4) "қосымша" сценарийі - Банк бағасына сәйкес сараптамалық уәжді пайымдау негізіндегі сценарий.

Дефолттық стратегиясы бар қарыз алушылар үшін келесі базалық сценарийлер қолданылады:

1) "дефолттық стратегия" сценарийі - кепіл мүлкін сатудан немесе Банк бағасына сәйке берешекті қайтарудың/реттеудің басқа тәсілінен күтілетін ақша ағымдары,
2) "кредит бойынша 100% шығын сценарийі";
3) "қосымша" сценарийі - Банк бағасына сәйкес сараптамалық уәжді пайымдау негізіндегі сценарий.

*Ұжымдық негізде ККШ-ға арналған резервті бағалау*

Банк ККШ топтық негізде есептейтін активтер класы келесілерден тұрады:

- 1 және 2-Кезең кредиттері;
- 3-Кезеңнің елеулі емес жеке кредиттері.

Қаржылық активтердің құнсыздануына және кредиттік сипаттағы міндеттемелерге резервтерді ұжымдық бағалау кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамаларына сәйкес портфель бөлінетін біртекті топтардың негізінде жүзеге асырылады.

PD шамадан тыс шығындар мен күш-жігерсіз бағалау күніне қол жетімді тарихи статистикалық мәліметтер негізінде көші-қон матрицасын қолдану арқылы есептеледі. Дефолт ықтималдығын бағалау үшін Марков тізбегіне негізделген тәсіл қолданылады.

LGD негізінде кумулятивті қалпына келтіру коэффициенті жатыр – талданатын кезең ішінде қарыз алушылардың 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген қалпына келтірілетін сомасының күтілетін пайызы. Талданатын кезең кем дегенде 60 айды құрайды.

Қалпына келтірудің кумулятивтік коэффициенті 90 күннен астам мерзімге кешіктіруге көшкен қарыз алушылар бойынша тарихи деректерге және белгілі бір айда дамудың келесі айларында қалпына келтірілген сомалар бойынша деректерге сүйене отырып есептеледі. Шығын санатына қарыз алушының бір пулының барлық қарыздары айқындалады, олар бойынша талданатын кезең ішінде 90 күннен артық кешіктіру тіркелген. LGD төлемдер мен кепілді қамтамасыз ету құнына байланысты уақыт өте келе өзгереді. LGD коэффициентінің негізгі элементтері болып, уақыт аспектісі (EAD параметрін қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген бөліктерге бөлу) және уақыт өте келе





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

қамтамасыз ету құнының өзгеруі (жылжымайтын мүлік сияқты кепілдіктер болған жағдайда, құн өзгеріссіз қалуы мүмкін) табылады.

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 27. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

*Жеке негізде ККШ-ға арналған резервті бағалау (жалғасы)*

Қаржы құралы бойынша кепілмен қамтамасыз ету және дефолт бойынша жеткілікті тарихи деректер болмаған жағдайда Банк сараптамалық бағалауды қолданады.

*Кредиттік сипаттағы міндеттемелер үшін ККШ арналған резервтерді бағалау*

Қарыз алушының кредиттер бойынша ағымдағы балансттық борышы болған жағдайда кредиттік сипаттағы міндеттемелер үшін резервтерді бағалау қабылданған қарыз алушымен жұмыс істеу стартегиясына қарай аталған қарыз алушының баланстық берешегін резервтеу үшін қолданылатын тәсілдерге сәйкес жүзеге асырылады. Кредиттік тәуекелдің елеулі артуын бағалау үшін резервтеуге қойылатын талаптарды қолдану мақсаттары үшін бастапқы тану күні ретінде Банк өзіне қайтарылып алынбайтын міндеттемені қабылдаған күн қолданылады.

Кредиттік тәуекелдің елеулі артуын растайтын факторлар қарыз алушының сегментіне қарай қолданылады. Кредиттік сипаттағы міндеттемелер үшін күтілетін кредиттік шығынды кредиттік сипаттағы міндеттемелер мөлшеріне қарай жеке немесе ұжымдық негізде есептеледі.

Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтерді жеке бағалау қабылданған қарыз алушымен жұмыс істеу стартегиясына (кредиттік немесе дефолттық) қарай Банктің бенефициар алдындағы шарттық міндеттемені орындау мүмкіндігі есебімен жүзеге асырылады.

Қарыз алушының елеулі немесе құнсызданған болып табылатын берешегімен кредиттік сипаттағы барлық міндеттемелері бойынша Банк келесілерді жүзеге асырады:

- күтілетін ақша түсімдері мен күтілетін ақша қаражатының кету уақыты мен сомаларын бағалау;
- әр сценарий аясында күтілетін шығыс ақша ағымдарының қазіргі келтірілген құны мен күтілетін ақша түсімдерінің құны арасындағы айырмашылықты бағалау.

Егер ақша ағымын құру мүмкін болмаса, кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтерді уәжделген пайымдау негізінде қарыз алушының Банктің ақша қаражатын пайдалнуы ықтималдығының есебімен жеке бағалау мүмкін болады:

- егер қарыз алушы бойынша шешім қабылданса - шартты міндеттемелер мен құжаттамалық операциялар бойынша дебиторлық берешек бойынша бағалау ұжымдық негізде жүзеге асырылады, кредиттік желілер бойынша баға - күтілетін шығыс ағынының ағымдағы келтірілген құны мен күтілетін ақша түсімінің келтірілген құны арасындағы айырмашылық болып атбылады.
- егер қарыз алушы бойынша дефолттық стратегия қабылданса, құжаттамалық операциялар бойынша шартты міндеттемелер және дебиторлық берешек бойынша бағалау баланстық берешек бойынша резервтерді бағалау сияқты жүргізіледі.

Ұжымдық негізде кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтерді есептеу тәсілдемесі біртектес клиенттер үшін пайдаланылатын тәсілдеме сияқты резервтеудің үш кезеңіне негізделеді.

*Болжалды ақпарат*

Өзінің ККШ есептеу үлгілерінде Банк Brent мұнайының бағасын белгілеу, тұтынушылық бағалардың индексін, жұмыссыздық деңгейін және АҚШ долларының теңгеге бағамын болжамдауды қоса алғанда болжамды ақпаратты бастапқы экономикалық деректер ретінде пайдаланады.

Болжалды ақпаратты алу үшін Банк сыртқы ақпарат көздерінен (сыртқы рейтингтік агенттіктер, мемлекеттік органдар, мысалы, орталық банктер және халықаралық қаржылық институттар) алынған деректерді пайдаланады.





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 27. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

*Қаржылық активтер класы бойынша кредиттік сапа*

Банк жоғарыда сипатталғандай рейтинг берудің ішкі жүйесінің көмегімен қаржылық активтердің кредиттік сапасын басқарады. Төмендегі кестеде Банктің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік рейтингтері жүйелерінің негізінде қаржылық жағдай туралы есептің кредиттермен байланысты баптары бойынша активтер класының бөліндісінде кредитттік сапа талдауы берілген (күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв).

| | *Ескертпе* | | *Минимальды кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Төмен кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Орта кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Жоғары кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Дефолт* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қолма-қол қаражатты есепке алмағанда ақша қаражаты мен олардың баламалары | 5 | 1-кезең | **666,877** | **–** | **28,632** | **–** | **–** | **695,509** |
| Клиенттерге берілетін, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттер: | 7 | | | | | | | |
| - Коммерциялық кредиттеу | | 1-кезең | **–** | **178,410** | **122,024** | **–** | **–** | **300,434** |
| | | 2-кезең | **–** | **1,651** | **16,869** | **1,003** | **–** | **19,523** |
| | | 3-кезең | **–** | **–** | **–** | **–** | **19,475** | **19,475** |
| | | СҚКҚ | **–** | **–** | **–** | | **1,490** | **1,490** |
| Борыштық инвестициялық бағалы қағаздар: | 8 | | | | | | | |
| - ССПСД бойынша бағаланатындар | | 1-кезең | **47,017** | **–** | **–** | **–** | **–** | **47,017** |
| **Жиыны** | | | **713,894** | **180,061** | **167,525** | **1,003** | **20,965** | **1,083,448** |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік тәуекелі орташа ақша қаражаттары мен олардың баламалары ресейлік банктер «Газпромбанк» АҚ, РНКО «Платежный Центр» ЖШҚ, АКБ «ЦентроКредит» АҚ-дағы 3,312 миллион теңге жалпы сомасындағы корреспонденттік шоттар, сондай-ақ өтеу мерзімі 30 күнге дейінгі 25,320 миллион теңге мөлшеріндегі «Газпромбанк» АҚ, РНКО «Платежный Центр» ЖШҚ-дағы мерзімді салым түрінде берілген.

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша заңды тұлғаларға берілген, амортизацияланған құны бойынша есептелінетін кредиттер сапасы туралы ақпарат берілген:

| *2023 жылғы 31 желтоқсанда* | *Минимальды кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Төмен кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Орташа кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Жоғары кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Дефолт* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-кезең | - | **202,451** | **142,132** | - | - | **344,583** |
| 2-кезең | - | **830** | **12,123** | **745** | - | **13,698** |
| 3-кезең | - | - | - | - | **29,349** | **29,349** |
| СҚКҚ | - | - | - | - | **1,491** | **1,491** |
| Жалпы баланстық құны | - | **203,281** | **154,255** | **745** | **30,840** | **389,121** |
| ККШ-ға арналған бағалау резервін шегергенде | - | **(9,050)** | **(20,575)** | **(414)** | **(18,811)** | **(48,850)** |
| **Заңды тұлғаларға берілген барлық кредиттер** | - | **194,231** | **133,680** | **331** | **12,029** | **340,271** |





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 27. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есептелінетін бөлшек кредиттер сапасы туралы ақпарат берілген:

| | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| Мерзімі кешіктірілмеген | **836,366** | **3,340** | **13,582** | **853,289** |
| 30 күннен аз мерзімге кешіктірілген | **25,608** | **1,022** | **2,491** | **29,122** |
| Мерзімі 30-89 күнге кешіктірілген | **1** | **15,080** | **2,291** | **17,372** |
| Мерзімі 90-179 күнге кешіктірілген | **–** | **1** | **12,198** | **12,198** |
| Мерзімі 180-360 күнге кешіктірілген | **–** | **–** | **13,503** | **13,504** |
| 360 күннен артық мерзімге кешіктірілген | **–** | **110** | **47,443** | **47,551** |
| **Бөлшек клиенттерге берілген барлық кредиттер** | **861,975** | **19,553** | **91,508** | **973,036** |
| ККШ-ға арналған бағалау резерві | **(22,959)** | **(5,087)** | **(69,271)** | **(97,317)** |
| **Бөлшек клиенттерге берілген барлық кредиттер, құнсызданудан келген шығынға арналған резерв есебінсіз** | **839,016** | **14,466** | **22,237** | **875,719** |

Төмендегі кестеде Банктің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік рейтингтері жүйелерінің негізінде қаржылық жағдай туралы есептің кредиттермен байланысты баптары бойынша активтер класының бөліндісінде кредитттік сапа талдауы берілген (күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв).

| | *Ескертпе* | | *Минимальды кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Төмен кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Орташа кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Жоғары кредиттік тәуекелмен рейтинг* | *Дефолт* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қолма-қол қаражатты есепке алмағанда ақша қаражаты мен олардың баламалары | 5 | 1-кезең | 347,772 | – | 23,421 | – | – | 371,193 |
| Клиенттерге берілетін, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттер: | 8 | | | | | | | |
| - Коммерциялық кредиттеу | | 1-кезең | 13,611 | 260,246 | 111,336 | – | – | 385,193 |
| | | 2-кезең | – | 7,356 | 8,076 | 1,971 | – | 17,403 |
| | | 3-кезең | – | – | – | – | 34,327 | 34,327 |
| | | СҚКҚ | – | – | – | – | 5,050 | 5,050 |
| Борыштық инвестициялық бағалы қағаздар: | 9 | | | | | | | |
| - ССПСД бойынша бағаланатындар | | 1-кезең | 3,149 | – | – | – | – | 3,149 |
| Жиыны | | | 364,532 | 267,602 | 142,833 | 1,971 | 39,377 | 816,315 |

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік тәуекелі орташа ақша қаражаттары мен олардың баламалары «Сбербанк России» ЖАҚ-дағы және «Газпромбанк» (Акционерлік қоғамындағы) ресейлік банктердегі 20,205 миллион теңге жалпы сомасындағы корреспонденттік шоттар, сондай-ақ өтеу мерзімі 90 күнге дейінгі 3,216 миллион теңге мөлшеріндегі "Сбербанк России" ЖАҚ-дағы мерзімді салым түрінде берілген.

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

басқаруды және болашақ ақша ағымдары мен өтімділікті күн сайын мониторингілеуді жүзеге асрыады. Бұл үдеріске күтілетін ақша ағымдарын бағалау және қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыру алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуы кіреді. Өтімділік тәуекелін басқару саясатын Басқарма қарастырады және Директорлар кеңесі бекітеді.





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 27. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару (жалғасы)**

Банк өтімділік тәуекелін басқару барысында келесі қағидаларды басшылыққа алады:

- өтімділікті басқару күнделікті және үздіксіз жүзеге асырылады;
- активтер мен міндеттемелерді тиімді басқару;
- ҚРҰБ нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмейтін өтімділік тәуекелін бағалау тәсілдері мен құралдарын қолдану;
- Банк органдары, лауазымды тұлғалары мен бөлімшелері арасында өтімділікті басқару бойынша өкілеттіліктер мен жауапкершіліктің нақты ажырату;
- өтімділіктің барабар деңгейін қамтамасыз ететін және бизнестің түп негізінге және Банктің қаржылық жағдайына сәйкес келетін лимиттерді белгілеу;
- өтімділік пен кірістілік арасында қайшылық болған жағдайда өтімділік пайдасына шешім қабылдау;
- өтімді қаражат қажеттілігін жоспралау;
- өтімділікті қамтамасыз ету үшін бұрын қабылданған шешімдерге тұрақты негізде мониторинг жүргізу.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк ҚНРДА белгілеген k4, k4-1, k4-2, k4-3 өтімділік коэффициенттері бойынша нормативтерді сақтап келеді.

| | *Бекітілген минималды талаптар* | ***2023 жылғы 31 желтоқсан*** | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|---|
| Өтімділік коэффициенті - (k4) | 0.3 | **3.46** | 1.63 |
| Өтімділік коэффициенті - (k4 -1) | 1.0 | **9.23** | 3.02 |
| Өтімділік коэффициенті - (k4 -2) | 0.9 | **5.41** | 3.18 |
| Өтімділік коэффициенті - (k4 -3) | 0.8 | **1.33** | 1.88 |

*Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелерді талдау*

Төменде келтірілген кестелер шарт талаптарына сәйкес мүмкін болатын, өтеу мерзімінің ерте басталатын күніне жататын туынды емес қаржылық міндеттемелер бойынша дисконтталмаған ақша қаражатының ағымдары (соның ішінде берілген қаржылық кепілдіктер және танылмаған кредиттік міндеттемелер) туралы ақпараттан тұрады. Берілген кестелерде көрсетілген ақша қаражатының ағымдарының кетуінің жиынтық шамасы қаржылық активтер, міндеттемелер немесе кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер бойынша ақша қаражатының шартты дисконтталмаған ағымдары болып табылады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу мерзімдері бойынша қаржылық міндеттемелердің талдауы келесідей ұсынылуы мүмкін:

| | ***Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем*** | ***1 айдан 6 айға дейін*** | ***6 айдан 1 жылға дейін*** | ***1 жылдан 3 жылға дейін*** | ***3 жылдан 5 жылға дейін*** | ***астам 5 жыл*** | ***Жиыны*** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | **2,147** | **99,837** | **–** | **–** | **–** | **15,950** | **117,934** |
| Корпоративтік клиенттердің қаражаттары | **133,375** | **402,521** | **41,340** | **5,372** | **962** | **11,216** | **594,786** |
| Жеке тұлғалардың қаражаттары | **95,284** | **277,792** | **54,526** | **28,082** | **390** | **98** | **456,172** |
| Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар | **–** | **239,950** | **219,747** | **1** | **1** | **939** | **460,638** |
| Ипотекалық ұйым | **1** | **24** | **89** | **2,728** | **8,612** | **678,854** | **690,308** |





*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| алдындағы міндеттемелер | | | | | | | |
| Жалға алу бойынша міндеттемелер | **323** | **610** | **829** | **788** | **29** | **–** | **2,579** |
| Басқа қаржылық міндеттемелер | **4,964** | **667** | **1,076** | **4,440** | **606** | **255** | **12,008** |
| **Дисконтталмаған барлық қаржылық міндеттемелер** | **236,094** | **1,021,401** | **317,607** | **41,411** | **10,600** | **707,312** | **2,334,425** |
| **Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер** | **233,539** | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **233,539** |

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



## 27. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Нарықтық тәуекел (жалғасы)**

*Валюталық тәуекел (жалғасы)*

| | *2023 жыл* | | *2022 жыл* | |
|---|---|---|---|---|
| *Валютасы* | *Валюталық бағамның кемуі, %-бен* | *Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері* | *Валюталық бағамның өзгеруі, %-бен* | *Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері* |
| АҚШ доллары | **-15%** | **(4,230)** | -15% | (1,894) |
| Еуро | **-15%** | **(145)** | -15% | (489) |
| Ресей рублі | **-15%** | **(19)** | -15% | 2,502 |
| Ағылшын фунт стерлингі | **-15%** | **123** | -15% | 208 |

**Операциялық тәуекел**

Операциялық тәуекел - жүйелік ақау, қызметкерлердің қателігі, алаяқтық және сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмыс істеуді тоқтатқан кезде операциялық тәуекелдер Банк беделіне әсер етуі, құқықтық салдары болуы немесе қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін. Банк барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және қадағалау мен ықтимал тәуекелдерге қарсы тиісті әрекет ету арқылы Банк мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттемелерді, кіру рұқсатын беру құқығын, бекіту және салыстыру рәсімін, қызметкерлерді оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда бағалау рәсімін тиімді үлестіруді көздейді.

## 28. Қаржылық құралдардың әділ құны

Банк саясат пен рәсімдерді ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын, бағасы белгіленбейтін сауда және бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары жағдайындағыдай әділ құнын кезеңдік бағалау үшін де, сатуға арналған активтер жағдайындағыдай біржолғы бағалау үшін де белгілейді.

Әр есептік күні Банк Банктің есептік саясатына сәйкес активтер мен міндеттемелер құнының өзгеруін талдайды. Осы талдау мақсаттарында Банк бағалау есептеріндегі ақпаратты шарттармен және басқа маңызды құжаттармен салыстыра отырып, алдыңғы бағалау кезінде пайдаланылған негізгі бастапқы деректерді тексереді. Сондай-ақ Банк әр активтің және міндеттеменің әділ құнының әр өзгерісін бұл өзгерістің негізділігін анықтау үшін тиісті сыртқы көздермен салыстырып тексереді. Банк бағалау нәтижелерін Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитетке және Банктің тәуелсіз аудиторына ұсынып отырады. Бұл ретте бағалау кезінде қолданылған негізгі болжамдар талқыланады.





## 28. Қаржылық құралдардың әділ құны (жалғасы)

Келесі кестеде 2023 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны көздерінің иерархиясының деңгейі бөліндісінде қаржылық есептілікте әділ құны бойынша көрсетілген қаржылық құралдардың талдауы көрсетілген.

| | | *Келесілерді пайдалану арқылы әділ құнын бағалау* | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша* | *Бағалау күні* | *Белсенді нарықтарда белгіленген бағалар (1-Кезең)* | *Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2-Кезең)* | *Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (3-Кезең)* | *Жиыны* |
| **Әділ құны бойынша бағаланатын активтер** | | | | | |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **46,988** | **2** | **46,990** |
| **Әділ құны ашылатын активтер** | | | | | |
| Ақша қаражаты мен олардың баламалары | 2023 жылғы 31 желтоқсан | **35,020** | **660,489** | – | **695,509** |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **11,157** | – | **11,157** |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **1,153,365** | **33,715** | **1,187,080** |
| Басқа қаржы активтері | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **7,823** | **7,823** |
| **Әділ құны ашылатын міндеттемелер** | | | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **115,581** | – | **115,581** |
| Клиенттердің қаражаттар | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **1,015,325** | – | **1,015,325** |
| Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар | | – | **418,658** | – | **418,658** |
| Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **314,936** | – | **314,936** |
| Басқа қаржылық міндеттемелер | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **12,008** | **12,008** |





## 28. Қаржылық құралдардың әділ құны (жалғасы)

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны көздерінің иерархиясының деңгейі бөліндісінде қаржылық есептілікте әділ құны бойынша көрсетілген қаржылық құралдардың талдауы:

| | | *Келесілерді пайдалану арқылы әділ құнын бағалау* | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша* | *Бағалау күні* | *Белсенді нарықтарда белгіленген бағалар (1-Кезең)* | *Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2-Кезең)* | *Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (3-Кезең)* | *Жиыны* |
| **Әділ құны бойынша бағаланатын активтер** | | | | | |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | 3,071 | – | 3,071 |
| **Әділ құны ашылатын активтер** | | | | | |
| Ақша қаражаты мен олардың баламалары | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 50,626 | 371,193 | – | 421,819 |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | 1,057,320 | 61,227 | 1,118,547 |
| Басқа қаржы активтері | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 7,989 | 7,989 |
| **Әділ құны ашылатын міндеттемелер** | | | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | 88,034 | – | 88,034 |
| Клиенттердің қаражаттар | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | 1,077,555 | – | 1,077,555 |
| Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | 356,086 | – | 356,086 |
| Басқа қаржылық міндеттемелер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 19,258 | 19,258 |

# АУДИТТЕЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«Bereke Bank» Акционерлік қоғамы — 2023 жыл бойынша қаржылық есептілікке ескертпелер

*(басқасы көрсетілмесе, миллион теңгемен)*

## 31. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау

Төмендегі кестеде активтер мен міндеттемелер өтеуге дейін қалған күтілетін мерзімдер бөліндісінде берілген:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | | | *2022 жылғы 31 желтоқсан* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Бір жыл ішінде* | *Бір жылдан көп* | *Жиыны* | *Бір жыл ішінде* | *Бір жылдан көп* | *Жиыны* |
| Ақша қаражаттары мен олардың баламалары | **695,509** | **–** | **695,509** | 421,819 | – | 421,819 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | **11,157** | **–** | **11,157** | – | – | – |
| Сауда бағалы қағаздары | **–** | **–** | **–** | – | – | – |
| Туынды қаржы құралдары | **–** | **–** | **–** | – | – | – |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар | **163,024** | **1,052,966** | **1,215,990** | 220,855 | 954,615 | 1,175,470 |
| БЖКӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | **18,790** | **28,227** | **47,017** | 3,149 | 2 | 3,151 |
| Ағымдағы корпоративтік кіріс салығы бойынша активтер | **–** | **–** | **–** | 6,758 | – | 6,758 |
| Мерзімі шегерілген корпоративтік кіріс салығы бойынша активтер | **–** | **404** | **404** | – | – | – |
| Негізгі құралдар | **–** | **42,115** | **42,115** | – | 46,520 | 46,520 |
| Бейматериалдық активтер | **–** | **23,894** | **23,894** | – | 19,752 | 19,752 |
| Басқа активтер | **16,673** | **4,260** | **20,933** | 13,182 | 4,995 | 18,177 |
| **Жиыны** | **905,153** | **1,151,866** | **2,057,019** | 665,763 | 1,025,884 | 1,691,647 |
| | | | | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | **100,367** | **14,033** | **114,400** | 1,659 | 88,371 | 90,030 |
| Корпоративтік клиенттердің қаражаттары | **563,754** | **13,827** | **577,607** | 487,696 | 379,981 | 867,677 |
| Жеке тұлғалардың қаражаттары | **416,088** | **21,655** | **437,718** | 186,761 | 23,117 | 209,878 |
| Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар | **420,247** | **938** | **421,185** | – | – | – |
| Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер | **106** | **314,830** | **314,936** | 18,221 | 337,865 | 356,086 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік кіріс салығы бойынша міндеттемелер | **–** | **–** | **–** | – | 726 | 726 |
| Ағымдағы корпоративтік кіріс салығы бойынша міндеттемелер | **292** | **–** | **292** | | | |
| Басқа міндеттемелер | **22,886** | **5,302** | **28,188** | 24,955 | 8,590 | 33,545 |
| **Жиыны** | **1,523,740** | **370,585** | **1,894,325** | 719,292 | 838,650 | 1,557,942 |
| **Таза позиция** | **(618,587)** | **781,281** | **162,694** | (53,529) | 187,234 | 133,705 |

## 32. Есептік күннен кейінгі оқиғалар

2024 жылғы ақпанда қаржы ұйымынан алынған 100,000 миллион теңге мөлшеріндегі қарыз қаражаты өтелді (12-Ескертпе).

2024 жылдың ақпан және наурыз айларында Банк қаржы ұйымдары мен заңды тұлғалардан өтеу мерзімі 2027 жылғы ақпанда болатын 270,000 миллион теңге мөлшерінде жинақ салымдарын тартты (12 және 13-Ескертпе).

85

# 10

# ҚОСЫМША АҚПАРАТ

2023 жыл бойынша жылдық есеп

# ESG САЛАСЫНДА БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Банк серіктестіксіз тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу мүмкін емес екеніне сенімді. Банктің ESG және тұрақты даму саласындағы қызметі барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеру мен ұзақ мерзімді құндылықты қалыптастыруға бағытталған. Бұл үшін Банк барлық мүдделі тараптармен ашық диалог жүргізеді, мүдделі тараптардың үкілдері үшін барынша ыңғайлы өзара әрекет ету тәсілдері мен коммуникация арналарын анықтайды. Банктің мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл картасы 2023 жыл бойынша Тұрақты даму туралы есепте көрсетілген.

## Банктің мүдделі тараптарының негізгі топтары

**АКЦИОНЕРЛЕР**

Банк акционерлерімен өзара әрекет ету жүйесі үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес ақпарат айқындылығын сақтауға, қолжетімді коммуникация арналарын кеңейтуге және инвестициялық тартымдылыққа болысуға бағытталған.

**КЛИЕНТТЕР**

Корпоративтік және бөлшек клиенттер Банктің қаржылық және қаржылық емес өнімдері мен қызметтерін тұтынушылары болып табылады. Банктің тұрақтылығы Клиенттердің қажеттіліктеріне байланысты, ал Банк клиенттермен өзара әрекет ете отырып, олардың дамуына және ESG-трансформацияға болыса алады.

**ҚОҒАМ**

Банк бөлімшелерінің ауқымды желісі және өнімдері мен қызметтерінің таралуы Қазақстанның бүкіл аумақтарын қамтиды. Банк жергілікті тұрғындармен белсенді түрде өзара әрекеттеседі.

**БАҚ**

БАҚ медиа кеңістікте Банк қызметін көрсетуге көмектеседі, мүдделі тараптармен тиімді коммуникация құруға және ESG және тұрақты даму саласында бағдарламалар мен жобаларды сәтті іске асыру үшін қажет ақпаратты таратуға көмектеседі

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР**

Қызметкерлерге қамқорлық көрсету банктің негізгі міндеті болып табылады, себебі қызметкерлер банктің негізгі активын құрайды, клиенттермен тікелей әрекеттеседі, банктің беделін қалыптастырады, стратегиялық мақсаттар мен тапсырмалардың іске асуын қамтамасыз етеді.

**СЕРІКТЕСТЕР**

Қаржы нарығының басқа қатысушыларымен ынтымақтастық жауапты қаржыландыру тәжірибесін дамытуға және тұрақты дамуға ықпалдасу үшін қаржы ұйымдарының әлеуетінтиімді түрде ашуға мүмкіндік береді.

**МЕМЛЕКЕТ**

Банк - ірі салық төлеуші, сондай-ақ елеулі мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларда мемлекеттің серіктесі болып табылады. Банк мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысады, Қазақстан Республикасындағы банк рөлі елеулі.

**ҰЙЫМДАР**

Банк - ірі салық төлеуші, сондай-ақ елеулі мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларда мемлекеттің серіктесі болып табылады. Банк мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысады, Қазақстан Республикасындағы банк рөлі елеулі.

**КОНТРАГЕНТТЕР**

Контрагенттер банктің ұйым ретінде жанама ықпалы іске асырылатын банк жеткізілімдерінің тізбегі болып табылады.

**КӘСІБИ ҚАУЫМДАСТЫҚ**

Сарапшылар пікірі ескеріліп, салада және мемлекетте ESG және тұрақты даму саласындағы жалпы күн тәртібін қалыптастырады.

**РЕТТЕУШІ**

Банктің реттеушілік талаптарды орындауын қоса алғанда,қаржылық және қаржылық емес өнімдер мен қызметтер нарығында қызметтібақылайтын реттеуші органдар Банк бұлжытпай орындайтын қызмет шегін белгілейді.

# ESG САЛАСЫНДА БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

## «Bereke Bank» АҚ тұрақты дамуды басқару және ESG факторлар жүйесін басқару, сондай-ақ климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдерді басқару жүйесін құрған кезде келесілерге негізделеді:

- Банк бизнестің ұзақ мерзімді тұрақты дамуы әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салалардағы бүкіл әлемдік тапсырмаларға және жаңа, тұрақтырақ экономика үлгісіне өтумен байланысты екенін, ол ESG-трансформация негізінде мүмкін екенін түсінеді.
- Банк акционерлерге ағымдағы құнды қалыптастырудан акционерлерді, қызметкерлерді, клиенттерді, контрагенттерді, жергілікті қауымдастықтарды, үкіметті қоса алғанда мүдделі тараптардың кеңейтілген тобы үшін маңызды ұзақ мерзімді құндылықты қалыптастыру қажеттігін түсіну қажеттігімен келіседі.
- Банк Қазақстан Республикасы экономикасындағы өзінің маңыздылығын түсінеді және онымен байланысты мүмкіндіктер мен жауапкершілікті ескеріп, өз әлеуетін іске асыруға және бизнес пен ел үшін ESG-трансформация мүмкіндіктерін қолдануға тырысты.
- Банк қаржы-технологиялық сектор компанияларының барлық қызмет бағыттарына, процестерге жаңа технологияларды, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді енгізу, тиімді корпоративтік басқару, ESG-тәуекелдерді басқару және жауапты қаржыландыру тәжірибесін дамыту негізінде тұрақты даму үлгілеріне өтудегі рөлін түсінеді.

## Банкте тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі құрылды. Оған келесі элементтер кіреді, бірақ, олармен ғана шектелмейді:

1. Директорлар кеңесі, Басқарма мен жұмыскерлер деңгейіндегі тұрақты даму қағидаларын ұстану;
2. Үш құрамдас бөлігі (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша ішкі және сыртқы жағдайды талдау;
3. Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы ; тұрақты дамуда тәуекелдерді анықтау
4. Мүдделі тараптардың картасын құрастыру
5. Тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және т.б. қоса алғанда, тұрақты дамудың негізгі үдерістерге және даму стратегиясы мен шешімдерді қабылдау барысына біріктірілуі;
6. Тұрақты даму саласында мақсаттар мен ҚНК анықтау, іс-шаралар жоспарын дайындау және жауапты тұлғаларды белгілеу;
7. Тұрақты даму саласындағы лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің біліктілігін арттыру;
8. Тұрақты даму саласындағы іс-шараларға тұрақты мониторинг жасау және бағалау, мақсаттар мен ҚНК-ге қол жеткізуді бағалау, түзету шараларын енгізу, тұрақты жақсарту мәдениетін енгізу.

**2023 ж. Bereke Bank Жылдық есептен бөлек 2023 ж. бойынша «Bereke Bank» АҚ Тұрақты даму саласындағы есебін жариялау туралы шешім қабылдады. Экологиялық, климаттық және ESG тақырыптар бойынша алдыңғы ақпарат 2020, 2021 және 2022 жылдар бойынша Жылдық есеп құрамында ашылған және жыл сайын Банктің интеграцияланған жылдық есебінің құрамында жариялатын. «Bereke Bank» АҚ 2023 жыл бойынша тұрақты даму туралы есебінде халықаралық тұрақты даму стандарттарына, GRI, SASB стандарттарына сәйкес Банктің БҰҰ Тұрақты Даму Мақсаттары (ТДМ) іске асырудағы үлесі, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік, климаттық құрамдастың маңызды оқиғалары және өткен 2023 ж. бойынша корпоративтік басқарудағы жұмыс нәтижелері ашып көрсетіледі.**

# ESG ДАМЫТУ НЕГІЗГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

**E** ENVIRONMENT **S** SOCIAL **G** GOVERNANCE

## E Экологиялық құрамдастары

- “Жасыл кеңсе” тұжырымдамасын ендіру: энергия үнемдеуші технологияларды қолдану, қалдықтарды тиімді басқару
- Scope 1,2,3 бойынша әсерді азайтуға арналған климат саясатын қабылдау

## G Корпоративтік басқару

- Қаржылық емес есептілікте GRI стандарттары бойынша ақпарат ашу
- Банк сайтында Тұрақты даму бойынша парақша ашу
- ESG бойынша қажет саясаттарды бекіту
- Киберқауіпсіздік деңгейін арттыру
- ESG-деректерді шоғырландыру жүйесін құру
- Корпоративтік басқаруда әйелдер көшбасшылығын дамыту




## S E Экономикалық құрамдасы

- ESG тәуекелдерді басқару
- ESG кредиттеу
- ESG жобаларды құрылымдау кезіндегі консалтинг

## S Әлеуметтік құрамдасы

- Мәдениет нысандарына демеушілік ету және халықтың әлеуметтік осал топтарына қайырымдылық көмек көрсету
- Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру (ҚНРДА-мен бірлескен жоба)
- Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

*Банктің 2023 жыл бойынша экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) саласындағы есебі
Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігінің (бұдан әрі - ҚНРДА) 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 291 Бұйрығына сәйкес бөлек жарияланады.

# НЕГІЗГІ БИЗНЕС-БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Инвесторлармен ынтымақтастық

## Қапбасова Күнсұлу Сағдатқызы

**Басқарушы директор**

Kunsulu.Kapbasova@berekebank.kz

## Құсбекова Балнұр Ғабитқызы

**Баспасөз хатшысы**

Balnur.Kusbekova@berekebank.kz

## «Bereke Bank» деректемелері

| | |
|---|---|
| **БСН** | 930740000137 |
| **БИК** | BRKEKZKA |
| **Коршот (ЖСК)** | 914 |
| **КҰЖЖ коды** | KZ82125KZT1001300306 |
| **ҚР ҰБ Монетарлы операцияларын есепке алу басқармасы** | 28109833 |
| **Упр. учета монетарных операций НБ РК** | NBRKKZKX |
| **Reuters** | SBKZ |
| **БЕК** | 14 |
| **ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік** | 60001 №0037440 от 20.08.2012г |
| **Ағылшын тіліндегі атауы** | Bereke Bank Joint Stock Company |
| **Қысқартылған атауы** | Bereke Bank JSC |

# ГЛОССАРИЙ

**ХҚЕС** - халықаралық қаржылық есеп стандарттары
**NPL90+** - мерзімі 90 және одан да көп күнге кешіктірілген кредиттер (Non-performing loan)
**CIR** - кәсіпорын тиімділігінің қаржылық көрсеткіші, шығындар мен кірістер қатынасы
**ROE** - меншікті капиталдың рентабельділігі өз капиталына қатысты Бизнестің табыстылық шарасы болып табылады (Return On Equity)
**ҚР** - Қазақстан Республикасы
**ҚРҰБ** - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
**ДК** - Директорлар кеңесі
**ЗТ** - Заңды тұлғалар
**ЖТ** - Жеке тұлғалар
**ҚҚБ** - Қазақстан қор биржасы
**"ҚДБ" АҚ** - «Қазақстан Даму Банкі» АҚ
**КБ** - Корпоративтік блок
**ББ** - Бөлшек блок
**ҚҚА** - Қашықтан қызмет көрсету арнасы
**ЕДБ** - Екінші деңгейдегі банктер
**E-Gov** - электронды үкімет
**LCR** - өтімділікті жабу коэффициенті (Liquidity coverage ratio)
**NSFR** - таза тұрақты қаржыландыру коэффициенті (Net stable funding ratio)